ISSN (печать) 2079-6161
ISSN (онлайн) 2789-6323

КАЗГИДРОМЕТ

ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯ И ЭКОЛОГИЯ

Ежеквартальный
научно-технический журнал

АСТАНА

ISSN 2079-6161
eISSN 2789-6323

ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯ

«Қазгидромет» РМК

ГИДРОМЕТЕОРОЛОГИЯ И ЭКОЛОГИЯ

РГП «Казгидромет»

HYDROMETEOROLOGY AND ECOLOGY

RSE «Kazhydromet»

2026

№3 (123) шығарылым

Выпуск №3 (123)

Issue №3 (123)

1995 жылдан бастап шығады
Издается с 1995 года
Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады
Выходит 4 раза в год
Published 4 times a year

Астана – Астана – Astana

БАС РЕДАКТОР

Алимбаева Д.К., Бас директор

БАС РЕДАКТОР ОРЫНБАСАРЫ

Қалиев Ә.С., Бас директордың бірінші орынбасары

РЕДАКЦИЯ

Дюсенова Ж.А., т.ғ.к., жетекші ғылыми қызметкер

Жаксыбаева А.Е., жетекші ғылыми қызметкер

Нүрхан М.Қ., жетекші ғылыми қызметкер

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

Абдрахимов Р.Г. (Алматы, Қазақстан)

Волчек А.А. (Брест, Беларусь)

Гафуров А. (Потсдам, Германия)

Елтай А.Ғ. (Астана, Қазақстан)

Муртазин Е.Ж. (Алматы, Қазақстан)

Мустафаев Ж.С. (Алматы, Қазақстан)

Опп К. (Марбург, Германия)

Островская Е.В. (Астрахань, Ресей)

Полякова С.Е. (Алматы, Қазақстан)

Саиров С.Б. (Тараз, Қазақстан)

Сальников В.Г. (Алматы, Қазақстан)

Степанов Б.С. (Алматы, Қазақстан)

Терехов А.Г. (Алматы, Қазақстан)

Тілләкәрім Т.А. (Астана, Қазақстан)

Чередниченко А.В. (Алматы, Қазақстан)

Яфязова Р.К. (Алматы, Қазақстан)

Редакция мекенжайы: Қазақстан, Астана қ., Мәңгілік Ел даңғылы, 11/1

E-mail: hydromet.journal@gmail.com

Сайт: https://journal.kazhydromet.kz

Меншік иесі: «Қазгидромет» РМК

Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген 15.05.2023 ж.

№ KZ13VPY00070023 қайта есепке қою туралы куәлігі.

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Алимбаева Д.К., Генеральный директор

ЗАМ. ГЛАВНОГО РЕДАКТОРА

Калиев А.С., Первый заместитель генерального директора

РЕДАКЦИЯ

Дюсенова Ж.А., к.т.н., ведущий научный сотрудник

Жаксыбаева А.Е., ведущий научный сотрудник

Нүрхан М.Қ., ведущий научный сотрудник

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Абдрахимов Р.Г. (Алматы, Казахстан)

Волчек А.А. (Брест, Беларусь)

Гафуров А. (Потсдам, Германия)

Елтай А.Г. (Астана, Казахстан)

Муртазин Е.Ж. (Алматы, Казахстан)

Мустафаев Ж.С. (Алматы, Казахстан)

Опп К. (Марбург, ФРГ)

Островская Е.В. (Астрахань, Россия)

Полякова С.Е. (Алматы, Казахстан)

Саиров С.Б. (Тараз, Казахстан)

Сальников В.Г. (Алматы, Казахстан)

Степанов Б.С. (Алматы, Казахстан)

Терехов А.Г. (Алматы, Казахстан)

Тілләкәрім Т.А. (Астана, Казахстан)

Чередниченко А.В. (Алматы, Казахстан)

Яфязова Р.К. (Алматы, Казахстан)

Адрес редакции: Казахстан, г. Астана, проспект Мәңгілік Ел, 11/1

E-mail: hydromet.journal@gmail.com

Сайт: https://journal.kazhydromet.kz

Собственник: РГП «Казгидромет»

Зарегистрировано Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан. Свидетельство о постановке на переучет **№ KZ13VPY00070023** от 15.05.2023 г.

CHIEF EDITOR

Alimbayeva D., General Director

DEPUTY CHIEF EDITOR

Kaliev A., First Deputy General Director

EDITORIAL STAFF

Dyussenova Zh., Candidate of Technical Sciences, Leading Researcher

Zhaksybayeva A., Leading Researcher

Nurkhan M., Leading Researcher

EDITORIAL BOARD

Abdrakhimov R. (Almaty, Kazakhstan)

Volchek A. (Brest, Belarus)

Gafurov A. (Potsdam, Germany)

Yeltay A. (Astana, Kazakhstan)

Murtazin E. (Almaty, Kazakhstan)

Mustafayev Zh. (Almaty, Kazakhstan)

Opp C. (Marburg, Germany)

Ostrovskaya E. (Astrakhan, Russia)

Polyakova S. (Almaty, Kazakhstan)

Sairov S. (Taraz, Kazakhstan)

Salnikov V. (Almaty, Kazakhstan)

Stepanov B. (Almaty, Kazakhstan)

Terekhov A. (Almaty, Kazakhstan)

Tillakarim T. (Astana, Kazakhstan)

Cherednichenko A. (Almaty, Kazakhstan)

Yafyazova R. (Almaty, Kazakhstan)

Editorial address: 11/1, Mangilik El Avenue, Astana, Kazakhstan

E-mail: hydromet.journal@gmail.com

Website: https://journal.kazhydromet.kz

Proprietary: RSE «Kazhydromet»

Registered by the Ministry of Information and Social Development of the Republic of Kazakhstan. Rediscount certificate **№ KZ13VPY00070023** dated 15.05.2023.

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛА

Нурлиза К. Ержанова, Жанар О. Озгелдинова
ШУ ӨЗЕНІНІҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫНЫҢ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМІНІҢ ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ ЖӘНЕ ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ СЕНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ЫҚТИМАЛДЫҚ-СТАТИСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ РӨЛІ 11

Айсулу А. Турсунова, Жанат Т. Салаватова , Нурила Ж. Турсын
ЕРТІС ӨЗЕНІ АЛАБЫНДАҒЫ СУ ТАСҚЫНДАРЫНЫҢ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ 25

Бақыт Т. Жездибаева, Аружан Ә. Әбілқади, Ақмарал Б. Смагулова, Айзат Е. Жақсыбаева, Айдарбек М. Султанкулов
2024-2025 жж. ҚЫСҚЫ МАУСЫМДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ҚАР ЖАМЫЛҒЫСЫ ЖАЙ-КҮЙІ МЕН ӨЗГЕРІСТЕРІ МОНИТОРИНГІ 45

Талшын Р. Оразбаева, Азамат С. Мадибеков, Лаура Т. Исмуханова, Айша А. Мадибекова, Ботакоз М. Султанбекова
ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АТМОСФЕРАЛЫҚ ЖАУЫН-ШАШЫННЫҢ ХИМИЯЛЫҚ ҚҰРАМЫНЫҢ МАУСЫМДЫҚ ДИНАМИКАСЫ 55

Виталий К. Хлюстов, Юрий П. Демаков, Юрий Г. Безбородов
КҮНТІЗБЕЛІК ЖЫЛДАРДЫҢ ТИПОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ЖАһАНДЫҚ ЖЫЛЫНУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЖЫЛУ РЕЖИМІНІҢ ДИНАМИКАСЫ: АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ ҮШІН ҚАТЕРЛЕРДІ БАҒАЛАУ 67

Гульсезим К. Жусупова, Даникер В. Чепашев, Диас Б. Мерекеев, Эльмира С. Жилкибаева, Дастан Аманкешұлы
ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУПІН FWI ЖӘНЕ FFDI ИНДЕКСТЕРІ НЕГІЗІНДЕ БАҒАЛАУ 79

Айқын А. Нұрахмет, Аманбек Зандыбай, Гульнур С. Нурахметова
КОНСЕРВАЦИЯЛАНҒАН «ШАҢТӨБЕ»УРАН КЕН ОРНЫНЫҢ КУТУНГУЗ ӨЗЕНІНЕ РАДИОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ 97

Нариман А. Әмірғалиев, Азамат С. Мадибеков, Лаура Т. Исмуханова, Айнұр Мұсақұлқызы, Ботакоз М. Султанбекова, Асхат Ө. Жәди, Арай Ә. Сұлтанаева
ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫНЫҢ ТОПЫРАҚ ЖАМЫЛҒЫСЫНЫҢ ПОЛИХЛОРЛАНҒАН БИФЕНИЛДЕРМЕН ЛАСТАНУЫН БАҒАЛАУ 112

Наталья В. Серая, Гульжан К. Даумова, Ольга А. Петрова, Жанат К. Идришева, Арина А. Полякова, Игорь А. Денисов
ӨНЕРКӘСІПТІК ӘСЕР ЕТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҮЛБІ ӨЗЕНІНІҢ ЖЕР ҮСТІ СУЛАРЫНЫҢ ГИДРОХИМИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ЛАЙЛЫЛЫҒЫ 125

Берикжан К. Оксикбаев, Еркин А. Токпанов, Мырзабай А. Джетимов, Ерлан С. Андасбаев, Данагуль М. Мукашева
ШЫЖЫ ЖӘНЕ ҚОРА ӨЗЕНДЕРІ АЛАПТАРЫНДАҒЫ МҰЗДЫҚТАРДЫҢ АЗАЮЫ КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАРАТАЛ ӨЗЕНІНІҢ СУ ЛАСТАНУЫНЫҢ ӨЗГЕРІСТЕРІ 142

Равиль И. Мұхамедиев, Адилхан Сымағұлов, Ян И. Кучин, Алексей Г. Терехов, Людмила А. Городецкая
ТАУ ЕТЕГІНДЕ ОРНАЛАСҚАН МЕГАПОЛИСТЕГІ ҰСАҚ ДИСПЕРСТІ БӨЛШЕКТЕРМЕН АУАНЫҢ ЛАСТАНУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КӨЗДЕРІ: АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА 153

Арман Б. Маханбетов, Тулкинжон Э. Гаипов, Давлат Х. Юлдашбек, Арнур М. Кенжегалиев, Жулдыз А. Дюсенова, Гульмира Д. Исенова, Гульнисам О. Рвайдарова
КҮКІРТ ҚҰРАМДЫ ҚАЛДЫҚТАРДЫ ҚАЙТА ӨҢДЕУ ӨНІМДЕРІНІҢ АЛМА ЗИЯНКЕСТЕРІНЕ ҚАРСЫ БИОЛОГИЯЛЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ЗЕРТТЕУ 167

Наталья Серая, Гульжан Даумова, Ольга Петрова, Макпал Кайсина, Арина Полякова, Ольга Васильева, Игорь Денисов
БРАЖИНСКИЙ БҰЛАҒЫНЫҢ (ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН) БЕТКІ СУЛАРЫНЫҢ ЛАСТАНУЫ МЕН ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА КӨПКОМПОНЕНТТІ БАҒА БЕРУ 177

Гаухар К. Бишимбаева, Сауле М. Нурмакова, Рустем В. Шарипов, Карлыгаш Ж. Буленова, Закен А. Искаков, Айдана А. Мырзабекова, Амантай Далбанбай, Ербол М. Карманов, Магзум Ж. Садыков
УРАН КЕН ОРЫНДАРЫНЫҢ ТЕХНОГЕНДІК ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ СИРЕК ЖЕР ЭЛЕМЕНТТЕРІ ӘЛЕУЕТІН МИНЕРАЛОГИЯЛЫҚ-ГЕОХИМИЯЛЫҚ ТАЛДАУ 193

Нурия Е. Айкенова, Г. Мурат, Гузель У. Абилова, Умбеталы К.Сарсембин, Ерик С. Меркибаев, Сауле М.Нурмакова
МЕТАЛЛУРГИЯ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ МОДИФИКАЦИЯЛАНҒАН ҚАЛДЫҒЫМЕН ӨНДІРІСТІК КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ САРҚЫНДЫ СУЛАРЫН ФЕНОЛДАРДАН ТАЗАРТУ 204

Ержан Н. Сагатбаев, Тангал Т. Турсынова, Айман Б. Карабалаева
ЕРТІС ӨЗЕНІ АЛАБЫНЫҢ ШЕКАРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ АУМАҚТЫҚ ЖОСПАРЛАУ 218

Айнұр Д. Каранеева, Жанат З. Төлеубекова, Забида Н. Құрманғалиева, Толқын К. Қуанышбек
ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ БЕТКЕЙЛІ АУМАҚТАРЫНДАҒЫ КОНТУРЛЫҚ ВАЛ-АРЫҚТАРДЫ ГЕОДЕЗИЯЛЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУ ЖӘНЕ СПЕКТРАЛДЫ МОНИТОРИНГТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ 230

Қуат Т. Сапаров, Акерке М. Нурпеисова, Айгуль Е. Егинбаева, Айгуль М. Сергеева
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕ ҚОРҒАУҒА АЛЫНҒАН ТАБИҒИ ЖӘНЕ КИЕЛІ НЫСАН АТАУЛАРЫ 240

Алтын А. Жангужина
ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ ОРМАНДАРЫНЫҢ ЖЕРҮСТІ ЖАМЫЛҒЫСЫНА ОРМАН ӨРТТЕРІНІҢ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ 254

Баян С. Керімбай, Нұржан Н. Керімбай, Қуат М. Баймырзаев, Лаура С. Байбатырова
ШӨЛЕЙТТІ АУМАҚ ЛАНДШАФТТАРЫНЫҢ КЕҢІСТІКТІК - УАҚЫТТЫҚ ДИНАМИКАСЫНЫҢ ГЕОЭКОЛОГИЯЛЫҚ МОНИТОРИНГІ 273

Ғалымжан С. Әбдіманап, Татьяна В.Дедова, Лариса А. Балакай, Данияр Б. Нурсеитов, Серик М. Нуракынов
НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІЛІК МОДЕЛЬДЕРДІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, PLANETSCOPE КЕСКІНДЕРІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЖЕРЛЕРДІҢ МҰНАЙМЕН ЛАСТАНУЫН СЕМАНТИКАЛЫҚ СЕГМЕНТТЕУ 289

ШОЛУ

Leman Max, Айнура Е. Алдиярова, Ерболат Т. Кайпбаев, Айнур Н. Калмашова
СУ РЕСУРСТАРЫН СЦЕНАРИЙЛІК МОДЕЛЬДЕУ ТӘСІЛДЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ 304

ХРОНИКА

Игорь Васильевич Северскийдің 90 жылдық мерейтойына орай 319

Игорь Михайлович Мальковскийді еске алу 322

СОДЕРЖАНИЕ

НАУЧНАЯ СТАТЬЯ

Нурлиза К. Ержанова, Жанар О. Озгелдинова
НЕУСТОЙЧИВОСТЬ ГИДРОЛОГИЧЕСКОГО РЕЖИМА НИЖНЕГО ТЕЧЕНИЯ РЕКИ ШУ И РОЛЬ ВЕРОЯТНОСТНО-СТАТИСТИЧЕСКИХ МЕТОДОВ В ПОВЫШЕНИИ НАДЕЖНОСТИ ГИДРОТЕХНИЧЕСКИХ СООРУЖЕНИЙ 11

Айсулу А. Турсунова, Жанат Т. Салаватова , Нурила Ж. Турсын
ГИДРОЛОГИЧЕСКИЕ ХАРАКТЕРИСТИКИ НАВОДНЕНИЙ В БАССЕЙНЕ РЕКИ ЕРТИС 25

Бакыт Т. Жездибаева, Аружан Ә. Әбілқади, Акмарал Б. Смагулова, Айзат Е. Жаксыбаева, Айдарбек М. Султанкулов
МОНИТОРИНГ СОСТОЯНИЯ СНЕЖНОГО ПОКРОВА В КАЗАХСТАНЕ В ЗИМНИЙ СЕЗОН 2024-2025 гг. И ЕГО МНОГОЛЕТНИЕ ИЗМЕНЕНИЙ 45

Талшын Р. Оразбаева, Азамат С. Мадибеков, Лаура Т. Исмуханова, Айша А. Мадибекова, Ботакоз М. Султанбекова
СЕЗОННАЯ ДИНАМИКА ХИМИЧЕСКОГО СОСТАВА ОСАДКОВ ЮГО-ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА 55

Виталий К. Хлюстов, Юрий П. Демаков, Юрий Г. Безбородов
ТИПОЛОГИЯ КАЛЕНДАРНЫХ ЛЕТ И ДИНАМИКА ТЕРМИЧЕСКОГО РЕЖИМА В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛЬНОГО ПОТЕПЛЕНИЯ: ОЦЕНКА РИСКОВ ДЛЯ АЛМАТЫ 67

Гульсезим К. Жусупова, Даникер В. Чепашев, Диас Б. Мерекеев , Эльмира С. Жилкибаева, Дастан Аманкешулы
ОЦЕНКА ПОЖАРНОЙ ОПАСНОСТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА НА ОСНОВЕ ИНДЕКСОВ FWI И FFDI 79

Айқын А. Нұрахмет, Аманбек Зандыбай, Гульнур С. Нурахметова
ОЦЕНКА РАДИОЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ КОНСЕРВИРОВАННОГО УРАНОВОГО РУДНИКА «ШАНТОБЕ» НА РЕКУ КУТУНГУЗ 97

Нариман А. Амиргалиев, Азамат С. Мадибеков, Лаура Т. Исмуханова, Айнұр Мұсақұлқызы, Ботакоз М. Султанбекова, Асхат Ө. Жәди, Арай Ә. Сұлтанаева
ОЦЕНКА ЗАГРЯЗНЕНИЯ ПОЧВЕННОГО ПОКРОВА ОБЛАСТИ ЖЕТЫСУ ПОЛИХЛОРИРОВАННЫМИ БИФЕНИЛАМИ 112

Наталья В. Серая, Гульжан К. Даумова, Ольга А. Петрова, Жанат К. Идришева, Арина А. Полякова, Игорь А. Денисов
ГИДРОХИМИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА И МУТНОСТЬ ПОВЕРХНОСТНЫХ ВОД РЕКИ УЛЬБА В УСЛОВИЯХ ПРОМЫШЛЕННОГО ВОЗДЕЙСТВИЯ 125

Берикжан К. Оксикбаев, Еркин А. Токпанов, Мырзабай А. Джетимов, Ерлан С. Андасбаев, Данагуль М. Мукашева
ИЗМЕНЕНИЯ ЗАГРЯЗНЕНИЯ ВОДЫ В РЕКЕ КАРАТАЛ В ПЕРИОД СОКРАЩЕНИЯ ЛЕДНИКОВ В БАССЕЙНАХ РЕК ШЫЖЫ И КОРА 142

Равиль И. Мухамедиев, Адилхан Сымагулов, Ян И. Кучин, Алексей Г. Терехов, Людмила А. Городецкая
ОСНОВНЫЕ ИСТОЧНИКИ ЗАГРЯЗНЕНИЯ ВОЗДУХА МЕЛКОДИСПЕРСНЫМИ ПЫЛЕВЫМИ ЧАСТИЦАМИ В ПРЕДГОРНОМ МЕГАПОЛИСЕ НА ПРИМЕРЕ АЛМАТЫ 153

167

Арман Б. Маханбетов, Тулкинжон Э. Гаипов, Давлат Х. Юлдашбек, Арнур М. Кенжегалиев, Жулдыз А. Дюсенова, Гульмира Д. Исенова, Гульнисам О. Рвайдарова
ИЗУЧЕНИЕ БИОЛОГИЧЕСКОЙ АКТИВНОСТИ ПРОДУКТОВ УТИЛИЗАЦИИ СЕРОСОДЕРЖАЩИХ ОТХОДОВ ПРОТИВ ВРЕДИТЕЛЕЙ ЯБЛОНИ

Наталья Серая, Гульжан Даумова, Ольга Петрова, Макпал Кайсина, Арина Полякова, Ольга Васильева, Игорь Денисов
МНОГОКОМПОНЕНТНАЯ ОЦЕНКА ЗАГРЯЗНЕНИЯ И ЭКОЛОГИЧЕСКОГО СОСТОЯНИЯ ПОВЕРХНОСТНЫХ ВОД БРАЖИНСКОГО РУЧЬЯ (ВОСТОЧНЫЙ КАЗАХСТАН) 177

Гаухар К. Бишимбаева, Сауле М. Нурмакова, Рустем В. Шарипов, Карлыгаш Ж. Буленова, Закен А. Искаков, Айдана А. Мырзабекова, Амантай Далбанбай, Ербол М. Карманов, Магзум Ж. Садыков
МИНЕРАЛОГО-ГЕОХИМИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ РЕДКОЗЕМЕЛЬНОГО ПОТЕНЦИАЛА ТЕХНОГЕННЫХ ОТХОДОВ УРАНОВЫХ МЕСТОРОЖДЕНИЙ 193

Нурия Е. Айкенова, Г. Мурат, Гузель У. Абилова, Умбеталы К.Сарсембин, Ерик С. Меркибаев, Сауле М.Нурмакова
ОЧИСТКА СТОЧНЫХ ВОД ПРОМЫШЛЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ ОТ ФЕНОЛОВ МОДИФИЦИРОВАННЫМ ОТХОДОМ МЕТАЛЛУРГИЧЕСКОГО ПРОИЗВОДСТВА 204

Ержан Н. Сагатбаев, Тангал Т. Турсынова, Айман Б. Карабалаева
ТЕРРИТОРИАЛЬНОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ КАК ИНСТРУМЕНТ РЕШЕНИЯ ТРАНСГРАНИЧНЫХ ЭКОЛОГИЧЕСКИХ ПРОБЛЕМ БАССЕЙНА РЕКИ ИРТЫШ 218

Айнур Д. Каранеева, Жанат З. Толеубекова, Забида Н. Курмангалиева, Толкын К. Қуанышбек
ГЕОДЕЗИЧЕСКОЕ СОПРОВОЖДЕНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ СПЕКТРАЛЬНОГО МОНИТОРИНГА КОНТУРНЫХ ВАЛОКАНАВ НА СКЛОНОВЫХ ТЕРРИТОРИЯХ ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА 230

Куат Т. Сапаров, Акерке М. Нурпеисова, Айгуль Е. Егинбаева, Айгуль М. Сергеева
ТОПОНИМЫ ОСОБО ОХРАНЯЕМЫХ ПРИРОДНЫХ И САКРАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ 240

Алтын А. Жангужина
ОЦЕНКА ВЛИЯНИЯ ЛЕСНЫХ ПОЖАРОВ НА НАПОЧВЕННЫЙ ПОКРОВ ЛЕСОВ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ 254

Баян С. Керімбай, Нұржан Н. Керімбай, Қуат М. Баймырзаев, Лаура С. Байбатырова
ГЕОЭКОЛОГИЧЕСКИЙ МОНИТОРИНГ ПРОСТРАНСТВЕННО - ВРЕМЕННОЙ ДИНАМИКИ ЛАНДШАФТОВ ПОЛУПУСТЫННОЙ ТЕРРИТОРИИ 273

Ғалымжан С. Әбдіманап, Татьяна В.Дедова, Лариса А. Балакай, Данияр Б. Нурсеитов, Серик М. Нуракынов
СЕМАНТИЧЕСКАЯ СЕГМЕНТАЦИЯ НЕФТЯНОГО ЗАГРЯЗНЕНИЯ ЗЕМЕЛЬ ПО СНИМКАМ PLANETSCOPE С ПРИМЕНЕНИЕМ НЕЙРОСЕТЕВЫХ МОДЕЛЕЙ 289

ОБЗОРНАЯ СТАТЬЯ

Leman Max, Айнура Е. Алдиярова, Ерболат Т. Кайпбаев, Айнур Н. Калмашова
СРАВНИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ПОДХОДОВ К СЦЕНАРНОМУ МОДЕЛИРОВАНИЮ ВОДНЫХ РЕСУРСОВ 304

ХРОНИКА

К 90-летнему юбилею Игоря Васильевича Северского 319

Памяти Игоря Михайловича Мальковского 322

CONTENT

SCIENTIFIC ARTICLE

Nurliza K. Yerzhanova, Zhanar O. Ozgeldinova
ASSESSING HYDROLOGICAL REGIME INSTABILITY AND HYDRAULIC STRUCTURE RELIABILITY IN THE LOWER SHU RIVER USING PROBABILISTIC–STATISTICAL METHODS 11

Aisulu A. Tursunova, Zhanat T. Salavatova, Nurila Zh. Tursyn
HYDROLOGICAL CHARACTERISTICS OF FLOODS IN THE ERTIS RIVER BASIN 25

Bakyt T. Zhezdibayeva. Aruzhan A. Abilkadi, Akmaral B. Smagulova, Aizat E. Zhaxybayeva, Aidarbek M. Sultankulov
MONITORING OF SNOW COVER CONDITIONS IN KAZAKHSTAN AND THEIR CHANGES DURING THE WINTER SEASON 2024-2025 45

Talshyn Orazbayeva, Azamat Madibekov, Laura Ismukhanova, Aisha Madibekova, Botakoz Sultanbekova
SEASONAL DYNAMICS OF THE CHEMICAL COMPOSITION OF ATMOSPHERIC PRECIPITATION IN SOUTH-EASTERN KAZAKHSTAN 55

Vitaly K. Khlyustov, Yuri P. Demakov, Yuri G. Bezborodov
TYPOLOGY OF CALENDAR YEARS AND THERMAL REGIME DYNAMICS UNDER GLOBAL WARMING: RISK ASSESSMENT FOR ALMATY 67

Gulsezim K. Zhussupova, Daniker V. Chepashev, Dias B. Merekeyev, Elmira S. Zhilkibayeva, Dastan Amankeshuly
ASSESSMENT OF WILDFIRE DANGER IN KAZAKHSTAN USING THE FWI AND FFDI INDICES 79

Aikyn A. Nurakhmet, Amanbek Zandybay, Gulnur S. Nurakhmetova
ASSESSMENT OF THE RADIOECOLOGICAL IMPACT OF THE CONSERVED SHANTOBE URANIUM MINE ON THE KUTUNGUZ RIVER 97

Nariman Amirgaliyev, Azamat Madibekov, Laura Ismukhanova, Ainur Mussakulkyzy, Botakoz Sultanbekova, Askhat Zhadi, Aray Sultanayeva
ASSESSMENT OF SOIL COVER CONTAMINATION BY POLYCHLORINATED BIPHENYLS IN THE ZHETYSU REGION 112

Natalya V. Seraya, Gulzhan K. Daumova, Olga A. Petrova, Zhanat K. Idrisheva, Arina Polyakova, Igor Denisov
HYDROCHEMICAL CHARACTERISTICS AND TURBIDITY OF THE SURFACE WATERS OF THE ULBA RIVER UNDER INDUSTRIAL IMPACT 125

Berikjan Oxikbayev, Yerkin Tokpanov, Myrzabay Jetimov, Yerlan Andasbayev, Danagul Mukasheva
CHANGES IN WATER POLLUTION IN THE KARATAL RIVER DURING GLACIER SHRINKAGE IN THE SHYZHY AND KORA RIVER BASINS 142

Ravil Mukhamediev, Adilkhan Symagulov, Yan Kuchin, Alexey Terekhov, Liudmila Gorodetskaia
MAJOR SOURCES OF FINE PARTICULATE AIR POLLUTION IN FOOTHILL MEGACITY: THE CASE OF ALMATY 153

Arman B. Makhanbetov, Tulkinzhon E. Gaipov, Davlat Kh. Yuldashbek, Arnur M. Kenzhegaliev, Zhuldyz A. Dyussenova, Gulmira D. Issenova, Gulnissam O. Rvaidarova
STUDY OF THE BIOLOGICAL ACTIVITY OF SULFUR-CONTAINING WASTE RECYCLING PRODUCTS AGAINST APPLE PESTS 167

Natalya Seraya, Gulzhan Daumova, Olga Petrova, Makpal Kaissina, Arina Polyakova, Olga Vasilyeva, Igor Denissov
MULTICOMPONENT ASSESSMENT OF POLLUTION AND ECOLOGICAL STATUS OF SURFACE WATERS OF THE BRAZHINSKY STREAM (EASTERN KAZAKHSTAN) 177

Gaukhar K. Bishimbayeva, Saule M. Nurmakova, Rustem V. Sharipov, Karlygash Zh. Bulenova, Zaken A. Iskakov, Aidana Myrzabekova, Amantay Dalbanbay, Yerbol M. Karmanov, Magzum Zh. Sadykov
MINERALOGICAL AND GEOCHEMICAL ANALYSIS OF THE RARE EARTH POTENTIAL OF TECHNOGENIC WASTES FROM URANIUM DEPOSITS 193

Nuriya E. Aikenova, G. Murat, Guzel U. Abilova, Umbetaly K. Sarsembin, Yerik S. Merkibayev, Saule M. Nurmakova
REMOVAL OF PHENOLS FROM INDUSTRIAL WASTEWATER USING MODIFIED METALLURGICAL WASTE 204

Erzhan N. Sagatbaev, Tangal T. Tursynova, Aiman B. Karabalaeva
TERRITORIAL PLANNING AS A TOOL FOR SOLVING TRANSBOUNDARY ENVIRONMENTAL PROBLEMS OF THE IRTYSH RIVER BASIN 218

Ainur D. Karaneeva, Zhanat Z. Toleubekova, Zabida N. Kurmangalieva, Tolkyn K. Quanyshbek
GEODETIC SUPPORT AND PROSPECTS FOR SPECTRAL MONITORING OF CONTOUR SWALES ON SLOPING TERRITORIES OF EASTERN KAZAKHSTAN 230

Kuat Saparov, Akerke M. Nurpeisova, Aigul Yeginbayeva, Aigul Sergeyeva
TOPONYMS OF SPECIALLY PROTECTED NATURAL AND SACRED SITES OF THE KOSTANAY REGION 240

Altyn Zhanguzhina
ASSESSMENT OF THE IMPACT OF FOREST FIRES ON THE FOREST FLOOR COVER OF THE FORESTS OF KOSTANAY REGION 254

Bayan S. Kerimbay, Nurzhan N. Kerimbay, Kuat M. Baimyrzayev, Laura S. Baibatyrova
GEOECOLOGICAL MONITORING OF THE SPATIO-TEMPORAL DYNAMICS OF SEMI-ARID TERRITORY LANDSCAPES 273

Galymzhan S. Abdimanap, Tatyana V. Dedova, Larissa A. Balakay, Daniyar B. Nurseitov, Serik M. Nurakynov
SEMANTIC SEGMENTATION OF OIL-CONTAMINATED LAND FROM PLANETSCOPE IMAGERY USING NEURAL NETWORK MODELS 289

REVIEW ARTICLE

Leman Max, Ainura E. Aldiyarova, Yerbolat T. Kaipbayev, Ainur N. Kalmashova
COMPARATIVE ANALYSIS OF APPROACHES TO SCENARIO MODELLING OF WATER RESOURCES 304

CHRONICLE

On the 90th Anniversary of Igor Vasilievich Seversky 319

In Memory of Igor Mikhailovich Malkovsky 322

Гидрометеорология и экология

Ғылыми мақала

ШУ ӨЗЕНІНІҢ ТӨМЕНГІ АҒЫСЫНЫҢ ГИДРОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМІНІҢ ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫ ЖӘНЕ ГИДРОТЕХНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРДЫҢ СЕНІМДІЛІГІН АРТТЫРУДАҒЫ ЫҚТИМАЛДЫҚ-СТАТИСТИКАЛЫҚ ӘДІСТЕРДІҢ РӨЛІ

Нурлиза К. Ержанова*, Жанар О. Озгелдинова PhD

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан; nur66gidro@mail.ru (НКЕ), ozgeldinova@mail.ru (ЖОО)
* Автор корреспондент: Нурлиза К. Ержанова, nur66gidro@mail.ru

ТҮЙІН СӨЗДЕР

Гидрологиялық режим, гидротехникалық құрылымдар, гидробекет, Шу өзені, цифрлық модель, ықтималдық-статистикалық әдістер, жылдық ағын, ағынның тұрақсыздығы.

АБСТРАКТ

Мақалада Шу өзенінің төменгі ағысындағы Кіші Арна – Уланбел ауылы гидробекет учаскесінде 1967...2022 жылдар аралығында бақыланған орташа жылдық ағынның көпжылдық өзгергіштігі жан-жақты зерттелген. Зерттеудің мақсаты – жылдық ағынның статистикалық сипаттамаларын анықтау және ықтималдық-статистикалық әдістер негізінде алынған есептік параметрлерді гидротехникалық құрылымдардың сенімділігі мен пайдалану қауіпсіздігін негіздеуде қолдану мүмкіндігін бағалау. Зерттеу барысында көпжылдық бақылау деректері қалпына келтіріліп, моменттер әдісі мен ең жоғары ықтималдық әдісі негізінде статистикалық өңдеу жүргізілді. Жылдық ағынның вариация коэффициенті жоғары ($\boldsymbol{C_v}$=1,1), ал асимметрия коэффициенті оң мәнге ие (C_s=1,7) екені анықталды, бұл өзен ағынының айқын өзгермелі әрі тұрақсыз сипатын көрсетеді. Айырымдық интегралдық қисықты талдау нәтижесінде суы аз кезеңдердің ұзаққа созылуы және суы мол кезеңдердің салыстырмалы түрде қысқа әрі қарқынды сипатта болуы анықталды. Қамтамасыздық ықтималдықтары бойынша есептелген су шығындары 50% қамтамасыздықта 4,10 м³/с және 4,20 м³/с, 10 % қамтамасыздықта 15,38 м³/с және 15,60 м³/с, ал 90% қамтамасыздықта 0,47 м³/с және 0,48 м³/с мәндерін құрады. Статистикалық критерийлер бойынша гидрологиялық қатардың біртектілігі расталып, алынған есептік параметрлерді одан әрі қолданудың негізділігі көрсетілді. Зерттеу нәтижелері Шу өзенінің төменгі ағысының қарастырылып отырған учаскесіндегі гидротехникалық құрылымдарды жобалау және пайдалану кезінде есептік су шығындары мен пайдалану режимдерін негіздеуге, сол арқылы олардың сенімділігі мен пайдалану қауіпсіздігін арттыруға бағытталған ғылыми негізделген есептік дерек ретінде пайдаланылуы мүмкін.

1. КІРІСПЕ

Су ресурстары аймақтардың орнықты әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын негізгі факторлардың бірі болып табылады, әсіресе олардың тапшылығы мен аумақ бойынша біркелкі таралмауы жағдайында [1, 2]. Орталық Азияның қуаң және шөлейт аймақтарында, соның ішінде Шу өзені алабында, өзен ағынын ұтымды пайдалану, реттеу және сенімді басқару мәселелері ерекше маңызға ие [3]. Сумен жабдықтаудың тұрақтылығы ауыл шаруашылығының, суару жүйелерінің, өнеркәсіптік және коммуналдық нысандардың тиімді жұмыс істеуін, сондай-ақ гидротехникалық құрылымдардың қауіпсіз пайдаланылуын айқындайды [4, 5].

Гидротехникалық құрылымдардың сенімділігін бағалау өзендердің гидрологиялық режимін талдаумен тығыз байланысты, өйткені көпжылдық жылдық ағын сипаттамалары есептік жүктемелерді, су өткізу жағдайларын және гидротехникалық нысандардың пайдалану режимдерін анықтайды [6]. Осыған байланысты өзендердің гидрологиялық сипаттамаларын, жылдық ағынның ұзақ мерзімді өзгергіштігін және ағын

Мақала жайында:
Жіберілді: 08.02.2026
Қайта қаралды: 27.02.2026
Қабылданды: 16.09.2026
Жарияланды: 30.09.2026

Дәйексөз үшін:
Ержанова Н., Озгелдинова Ж., Шу өзенінің төменгі ағысының гидрологиялық режимінің тұрақсыздығы және гидротехникалық құрылымдардың сенімділігін арттырудағы ықтималдылық-статистикалық әдістердің рөлі// Гидрометеорология және экология, 123 (3), 2026, 11-24.

қалыптасуының статистикалық ерекшеліктерін жан-жақты зерттеу маңызды болып табылады [6, 7].

Шу өзені өңірдің маңызды су артерияларының бірі болып табылады және Қазақстанның оңтүстігіндегі су шаруашылығы жүйесінде елеулі рөл атқарады. Алдыңғы зерттеулер өзен ағынының айқын көпжылдық ауытқуларын, сондай-ақ оның климаттық өзгерістер мен антропогендік әсерлерге жоғары сезімталдығын көрсетеді [8, 9]. Шу өзені алабы қуаң климаттық жағдайлармен және қар, жауын-шашын және мұздық сулары есебінен қалыптасатын қоректену түрлерінің үйлесуімен сипатталады, бұл жылдық ағынның күрделі әрі өзгермелі режимін қалыптастырады [9, 10]. Аталған ерекшеліктер Шу өзеніндегі гидротехникалық құрылымдарды жобалау және пайдалану барысында сенімді есептік әдістерді қолдану қажеттігін көрсетеді [8...10]. Шу өзені бассейнінің цифрлық моделі (сурет 1) аумақтың биіктік құрылымын, жер бедерінің әртектілігін және өзен аңғарының жалпы морфологиялық ерекшеліктерін көрсетеді. Бассейннің жоғарғы бөлігінде таулы және тауалды жер бедерінің басым болуы ағыс еңістерінің үлкен болуына және су ағынының жоғары энергиясына әкеледі, ал төменгі ағысында жазық және шөлейтті аумақтардың басым болуы ағын жылдамдығының төмендеуіне және шөгінді материалдардың аккумуляциясына жағдай жасайды. Цифрлық модель деректері өзен аңғарының кеңейген жайылмалық бөліктерін, арнаның бүйірлік даму аймақтарын және арналық деформациялар ықтималдығы жоғары учаскелерді анықтауға мүмкіндік береді. Бұл жағдайлар Шу өзеніндегі ағын қалыптасуының кеңістіктік заңдылықтарын түсіндіруге, сондай-ақ гидротехникалық құрылымдарды орналастыру және есептік қималарды таңдау кезінде бастапқы ғылыми негіз ретінде қызмет етеді.



Сурет 1. *Шу өзені бассейнінің цифрлық моделі (ЦМР)*

Өзен арнасының қазіргі морфологиялық жағдайын нақтылау үшін Google Earth сервисінің жоғары айырымдылықтағы ғарыштық суреттері қолданылды (сурет 2).

Уланбел ауылы маңындағы өзен учаскесінде арнаның айқын иректелуі, жекелеген тармақтардың қалыптасуы, жайылмалық пішіндердің дамуы және бұрынғы арна іздері байқалады. Аталған морфологиялық белгілер қарастырылып отырған учаскеде арналық үдерістердің белсенді жүретінін және өзен арнасының кеңістіктік өзгергіштігін көрсетеді. Бұл жағдайда ғарыштық сурет арналық өзгерістердің антропогендік себептерін тікелей дәлелдеу үшін емес, Шу өзенінің төменгі ағысындағы арнаның қазіргі морфологиялық

жағдайын бағалау үшін пайдаланылды. Арна процестерінің қалыптасуына табиғи арна түзуші факторлармен қатар жоғары орналасқан су шаруашылығы объектілерінің өзен ағынын реттеуіне байланысты гидрологиялық режим мен шөгінділердің өзгеруі әсер етуі мүмкін.

Сурет 2. *Шу өзенінің Уланбел ауылы маңындағы арнасының ғарыштық суреті (Google Earth)*

Уланбел ауылы маңындағы өзен учаскесінде арнаның айқын иректелуі, жекелеген тармақтардың қалыптасуы, жайылмалық пішіндердің дамуы және бұрынғы арна іздері байқалады. Аталған морфологиялық белгілер қарастырылып отырған учаскеде арналық үдерістердің белсенді жүретінін және өзен арнасының кеңістіктік өзгергіштігін көрсетеді. Бұл жағдайда ғарыштық сурет арналық өзгерістердің антропогендік себептерін тікелей дәлелдеу үшін емес, Шу өзенінің төменгі ағысындағы арнаның қазіргі морфологиялық жағдайын бағалау үшін пайдаланылды. Арна процестерінің қалыптасуына табиғи арна түзуші факторлармен қатар жоғары орналасқан су шаруашылығы объектілерінің өзен ағынын реттеуіне байланысты гидрологиялық режим мен шөгінділердің өзгеруі әсер етуі мүмкін.

Гидрологиялық зерттеулердің нәтижелері гидротехникалық құрылыс саласында ерекше маңызға ие. Бөгеттерді, су қоймаларын, гидротораптарды, каналдар мен суару жүйелерін жобалау және пайдалану кезінде есептік су шығындарын, олардың қамтамасыздық ықтималдықтарын және шекті мәндерін дәл анықтау талап етіледі [11, 12]. Жылдық ағын және оның көпжылдық өзгергіштігі құрылымдардың су өткізу қабілетін, су деңгейлерін, еңістердің тұрақтылығын және гидротехникалық нысандардың жалпы пайдалану қауіпсіздігін анықтаудың негізін құрайды [12, 13].

Соңғы онжылдықтарда өзен ағынын талдауда статистикалық әдістер гидротехникалық тәжірибеде кеңінен қолданылып келеді. Бұл әдістер су ресурстарының орташа мәндерін ғана емес, олардың өзгергіштігін, таралу асимметриясын және шектен тыс гидрологиялық режимдердің ықтималдығын бағалауға мүмкіндік береді [14, 15]. Ағынның қамтамасыздық қисықтарын талдау, вариация және асимметрия коэффициенттерін есептеу, сондай-ақ гидрологиялық қатарлардың біртектілігін тексеру инженерлік есептерде қолданылатын параметрлердің сенімділігін арттырады [15...17].

Осы зерттеу Шу өзенінің Кіші Арна гидробекеті бойынша 1967...2022 жылдар аралығындағы көпжылдық жылдық ағынды талдауға және ықтималдық-статистикалық әдістер негізінде алынған есептік сипаттамаларды гидротехникалық құрылымдардың сенімділігін арттыру мақсатында қолдану мүмкіндігін бағалауға арналған. Жұмыста орташа жылдық ағын анықталып, жылдық ағынның негізгі гидрологиялық сипаттамалары есептелді, оның ұзақ мерзімді өзгергіштігі талданды және есептік қамтамасыздық қисықтары тұрғызылды [8, 9]. Сонымен қатар статистикалық критерийлерді қолдану арқылы гидрологиялық қатардың біртектілігі тексеріліп, оны кейінгі ықтималдық-статистикалық есептеулерде қолданудың негізділігі бағаланды [16...18].

Қазақстан аумағында Шу өзенінің нақты айқындалған сағасы жоқ және оның ағынының едәуір бөлігі Мойынқұм құмдарының таралу аймағында жоғалады. Осыған байланысты зерттеу барысында Кіші Арна гидробекеті есептік учаске ретінде қабылданды. Бұл учаске төменгі ағыстың қарастырылып отырған бөлігіндегі ағын трансформациясының ерекшеліктерін сипаттауға мүмкіндік береді.

Кіші Арна гидробекеті учаскесін таңдау бақылаулардың ұзақ мерзімділігімен және сенімділігімен, сондай-ақ Шу өзенінің төменгі ағысының қарастырылып отырған учаскесіндегі ағынның көпжылдық өзгергіштігін сипаттау мүмкіндігімен негізделеді [8, 19]. Бұл аталған учаскедегі ағынның көпжылдық өзгергіштігін гидротехникалық құрылымдардың сенімділігі тұрғысынан бағалауға мүмкіндік береді [19].

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы Шу өзенінің Кіші Арна гидробекеті учаскесіндегі жылдық ағынның көпжылдық өзгеру заңдылықтарын анықтаумен және гидрологиялық режимнің тұрақсыздығы жағдайында ықтималдық-статистикалық әдістерді гидротехникалық құрылымдардың сенімділігін бағалау үшін қолдануды негіздеумен анықталады. Зерттеудің практикалық маңызы алынған есептік сипаттамаларды гидротехникалық нысандарды жобалау, пайдалану және олардың қауіпсіздігін бағалау барысында, сондай-ақ су ресурстарын жоспарлау және инженерлік шешімдерді негіздеу кезінде қолдану мүмкіндігімен сипатталады.

2. МӘЛІМЕТТЕР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеудің әдістемелік негізі Шу өзенінің Кіші Арна гидробекеті учаскесіндегі 1967...2022 жылдар аралығындағы орташа жылдық ағынның көпжылдық қатарларын кешенді статистикалық өңдеуге негізделген. Жүргізілген талдау жылдық ағынның таралуының негізгі статистикалық сипаттамаларын анықтауға, оның уақыт бойынша өзгергіштігін бағалауға, сондай-ақ гидротехникалық құрылымдарды жобалау және су ресурстарын жоспарлау үшін қажетті теориялық және эмпирикалық қамтамасыздық қисықтарын тұрғызуға бағытталған (кесте 1).

Шу өзенінің Кіші Арна – Уланбел ауылы гидробекеті учаскесі бойынша орташа жылдық су шығындарының көпжылдық қатары 1967...2022 жылдар аралығында талданды (сурет 3). Зерттелетін қатардың уақыт бойынша өзгергіштігін бағалау айдаланылды. Зерттеудің негізгі статистикалық талдауы Кіші Арна – Уланбел ауылы гидробекетінің 1967...2022 жылдардағы қалпына келтірілген орташа жылдық ағын қатары бойынша жүргізілді. Бұл учаскені таңдау екі қиманың бір алапта орналасуымен, гидрологиялық режимдерінің ұқсастығымен және бақылау қатарларының ұзақ әрі сенімді болуымен негізделді. Қысқа бақылау қатарын ұзақ мерзімді қатарға келтіру мақсатында зерттелетін өзеннің (Q_i) және өзен-аналогтың (Q_a) орташа жылдық су шығындары пайдаланылды.



Сурет 3. *Шу өзенінің орташа жылдық су шығындары (Кіші Арна – Уланбел ауылы, 1967...2022 жж.) және олардың өзен-аналогпен салыстырмалы хронологиялық өзгерісі*

Кесте 1

Негізгі қолданылған статистикалық әдістер [20]

1	**Моменттер әдісі**	
1)	Ағынның модульдік коэффициенті келесі өрнекпен анықталады:	$k_i = Q_i/Q_{\text{орташа}}$ (1) мұнда Q_i - жылдағы орташа жылдық су шығыны, $Q_{\text{орташа}}$ - көпжылдық орташа жылдық су шығыны
2)	Жылдық ағынның эмпирикалық қамтамасыздық ықтималдығы орташа жылдық су шығындарының кему ретімен орналасқан қатарын пайдалана отырып есептелді:	$P = m/n + 1 * 100\%$ (2) мұнда m – ағын мәнінің кему ретімен алынған реттік нөмірі, n – бақылау қатарының ұзындығы
3)	Есептеулердің дұрыстығы келесі шарттар арқылы тексерілді:	$\sum K_i \approx n; \sum(K_i - 1) \approx 0$ (3) мұндағы рұқсат етілген ең жоғарғы қателік 0,3…0,5%-дан аспауы тиіс
4)	Вариация (C_v) және асимметрия (C_s) коэффициенттері есептелген:	$\widetilde{C}_v = \sqrt{\frac{\sum_{i=1}^{n}(K_i-1)}{n-1}}$ (4) $\widetilde{C}_s = \frac{n\cdot\sum_{i=1}^{n}(K_i-1)^3}{(n-1)\cdot(n-2)\cdot\widetilde{C}_v^3}$ (5)
5)	Бақылау қатарының жеткіліктілігі салыстырмалы қателіктер арқылы бағаланды:	$\varepsilon_Q = \frac{C_v}{\sqrt{n}}\cdot 100\%$ (6) $\varepsilon_{C_v} = \sqrt{\frac{1+C_v^1}{2\cdot n}}\cdot 100\%$ (7)
6)	Қатардағы көршілес мәндер арасындағы автокорреляция келесі формуламен есептелді:	$r(1) = \frac{\sum_{i=1}^{n-1}(Q_i-\bar{Q}_1)\cdot(Q_{i+1}-\bar{Q}_2)}{\sqrt{\sum_{i=1}^{n}(Q_i-\bar{Q}_1)^2\cdot\sum_{i=1}^{n-1}(Q_{i+1}-\bar{Q}_2)^2}}$ (8)
2	**Максималды ықтималдық әдісі**	
1)	Статистика λ_2:	$\lambda_2 = \frac{\sum_{i=1}^{n} lglg\ K_i}{n-1}$ (9)
2)	Статистикаλ_3:	$\lambda_3 = \frac{\sum_{i=1}^{n} K_i\cdot lglg\ K_i}{n-1}$ (10)

3. НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Шу өзенінің Кіші Арна – Уланбел ауылы учаскесі бойынша 1967...2022 жылдар аралығындағы қалпына келтірілген орташа жылдық су шығындары негізінде өзен ағынының уақыт бойынша өзгеру ерекшеліктері мен көпжылдық заңдылықтарына талдау жүргізілді (сурет 4).



Сурет 4. *Шу өзенінің Кіші Арна – Уланбел учаскесі бойынша қалпына келтірілген орташа жылдық су шығындары (1967...2022 жж.)*

Талдау нәтижелері зерттелетін учаскеде өзен ағынының айқын тұрақсыз әрі жоғары өзгергіш сипатта екенін көрсетті. Хронологиялық графикті талдау орташа жылдық су шығындарының кең ауқымда ауытқитынын дәлелдейді. Қарастырылып

отырған кезеңде ең төменгі орташа жылдық су шығыны 0,018 м³/с-қа дейін төмендеген болса, ең жоғары мәні 26,8 м³/с-қа жеткен. Мұндай үлкен айырмашылық Шу өзенінің төменгі ағысына тән қуаң климаттық жағдайлармен, өзен ағынының қарқынды антропогендік реттелуімен және су шаруашылық жүйесіндегі қайта бөліну процестерімен түсіндіріледі. Хронологиялық қатардан 1974...1987-жылдар аралығында және сондай-ақ келесі 1990...1993, 1996...1998, 2001, 2008...2009, 2012...2015, 2019...2022 жылдар аралығында ұзаққа созылған төмен сулы кезеңдердің байқалатыны анықталды. Бұл кезеңдерде орташа жылдық су шығындарының көпжылдық орташа мәннен айтарлықтай төмен болуы өзен ағынының тапшылығын көрсетеді. Керісінше, 1969...1971, 1999, 2002...2005 жылдары және 2017 жылы салыстырмалы түрде суы мол жылдар байқалып, ағынның уақытша күшеюі тіркелген.

Шу өзенінің Кіші Арна – Уланбел ауылы учаскесі бойынша қалпына келтірілген орташа жылдық су шығындары негізінде жиынтық су шығыны $\boldsymbol{\Sigma Q_i}$ және айырымдық интегралдық қисық (АИҚ) $\boldsymbol{\Sigma(k_i-1)/C_v}$ тұрғызылды (сурет 5). Айырымдық интегралдық қисық өзен ағынының көпжылдық өзгеру құрылымын және суы мол мен суы аз кезеңдердің ұзақ мерзімді алмасу сипатын бағалау үшін пайдаланылды. АИҚ-тың бастапқы бөлігінде (1967...1973 жж.) қисықтың салыстырмалы түрде баяу өсуі байқалады, бұл кезеңде жылдық ағынның орташа көпжылдық мәндерге жуық болғанын көрсетеді. Алайда 1974 жылдан бастап АИҚ-тың айқын төмен бағытталуы байқалады, бұл 1974...1987 жылдар аралығында ұзаққа созылған суы аз кезеңнің қалыптасқанын көрсетеді. Аталған кезеңде модульдік коэффициенттердің ($\boldsymbol{k_i}$) көпшілігі 1-ден едәуір төмен болып, ағын тапшылығының жинақталуы байқалады. АИҚ-тың ең төмен мәндері 1983...1986 жылдарға сәйкес келеді, бұл жылдары орташа жылдық су шығындарының өте төмен деңгейде болғаны байқалады. Бұл кезең қарастырылып отырған учаскедегі суы аз кезеңдердің бірі ретінде сипатталады. 1988...1990 жылдары АИҚ-та қысқа мерзімді оң бағыттағы өзгеріс байқалғанымен, ол ұзақ мерзімді су тапшылығы кезеңінің жалпы сипатын өзгерткен жоқ. 1991...1993 жылдар аралығында қисықтың қайтадан төмен бағыттауы жалғасып, суы аз кезеңнің жалғасқанын көрсетеді. Бұл жағдай қарастырылып отырған кезеңдегі өзен ағынының айқын көпжылдық өзгергіштігін көрсетеді. Су ағынының айтарлықтай артуы 1999 жылдан бастап байқалады. Әсіресе 2002...2005 жылдары АИҚ-тың күрт жоғары бағытталуы байқалып, бұл кезең суы мол жылдар тізбегі ретінде сипатталады.



Сурет 5. *Шу өзенінің Кіші Арна – Уланбел ауылы учаскесі бойынша жиынтық су шығыны және айырымдық интегралдық қисық*

Аталған уақытта модульдік коэффициенттердің жоғары мәндері ($\boldsymbol{k_i}$ > 2,0) тіркеліп, жылдық ағын көлемінің көпжылдық орташа мәннен бірнеше есе жоғары болғанын көрсетеді. Бұл құбылыс гидрометеорологиялық жағдайлардың қолайлылығымен қатар, өзен ағынының реттелу ерекшеліктерімен де байланысты болуы мүмкін.

2006...2015 жылдар аралығында АИҚ-тың салыстырмалы түрде тұрақтануы байқалады, алайда бұл кезеңде де жекелеген жылдарда теріс ауытқулар тіркеледі. 2016...2018 жылдары АИҚ-тың қайтадан жоғары бағытталуы байқалса, 2019...2022 жылдары қисықтың төмендеу үрдісі орын алады. 2019...2022 жылдары АИҚ-тың төмендеу үрдісі байқалып, осы кезеңдегі ағынның салыстырмалы төмендеуін көрсетеді. АИҚ-тың соңғы нүктесіндегі жинақталған ауытқудың нөлге жақындамауы қарастырылған кезең соңында көпжылдық нормадан жинақталған ауытқудың сақталғанын көрсетеді. Анықталған көпжылдық өзгергіштік су ресурстарын жоспарлау және гидротехникалық құрылымдарды пайдалану кезінде ағынның ұзақ мерзімді ауытқуларын ескеру қажеттігін көрсетеді. Жалпы алғанда, АИҚ талдауы қарастырылған кезеңде өзен ағынының жоғары көпжылдық өзгергіштігін және суы мол мен суы аз кезеңдердің алмасуын көрсетеді. Суы аз кезеңдердің ұзақтығы мен суы мол кезеңдердің салыстырмалы түрде қысқа әрі қарқынды болуы есептік су шығындарын анықтауда ықтималдық-статистикалық әдістерді қолданудың қажеттілігін негіздейді. Алынған нәтижелер Шу өзеніндегі гидротехникалық құрылымдардың сенімділігін бағалау және су ресурстарын басқару кезінде ағынның көпжылдық өзгергіштігін ескеру үшін бастапқы ғылыми негіз болып табылады.

Шу өзенінің Кіші Арна – Уланбел ауылы учаскесі бойынша орташа жылдық су шығындарының көпжылдық бақылау қатарының біртектілігі Стьюдент және Фишер критерийлері негізінде бағаланды. Талдау барысында гидрологиялық қатар шартты түрде екі кезеңге (1967...1994 және 1995...2022 жж.) бөлініп, олардың орташа мәндері мен дисперсиялары салыстырылды. Есептеу нәтижелері бойынша Стьюдент критерийінің есептік мәні $\boldsymbol{t} = -0{,}4122$ болып, сенімділік деңгейі α = 0,05 кезінде кестелік мәннен ($\boldsymbol{t}_{\text{табл}} = 2{,}005$) аспайтыны анықталды, бұл орташа жылдық су шығындары арасындағы айырмашылықтың статистикалық тұрғыдан мәнсіз екенін көрсетеді. Сонымен қатар, Фишер критерийі бойынша алынған $\boldsymbol{F} = 0{,}66$ мәні кестелік $\boldsymbol{F}_{\text{табл}} = 1{,}93$-тен төмен болып, екі кезеңдегі дисперсиялардың өзара айырмашылығы да статистикалық тұрғыдан маңызды емес екені дәлелденді. Жүргізілген талдау нәтижелері 1967...1994 және 1995...2022 жылдар кезеңдері арасында орташа мән мен дисперсия бойынша статистикалық маңызды айырмашылық анықталмағанын көрсетеді. Осылайша, қалпына келтірілген деректерді қоса алғанда, алынған гидрологиялық қатар қолданылған Стьюдент және Фишер критерийлері бойынша біртекті деп қабылданды және оны ықтималдық-статистикалық әдістермен әрі қарай өңдеуге, есептік қамтамасыздық қисықтарын тұрғызуға, сондай-ақ гидротехникалық құрылымдардың сенімділігі мен пайдалану қауіпсіздігін бағалауда бастапқы дерек ретінде қолдануға болады.

1. Моменттер әдісі

Шу өзенінің Кіші Арна учаскесінде орташа жылдық ағындарды зерттеу үшін моменттер әдісі қолданылды, бұл әдіс ағынның өзгергіштігін (вариациясын) және қисықтық сипатын (асимметриясын) бағалауға мүмкіндік береді. Есептеулердің бастапқы кезеңінде ағын мәндері модульдік коэффициент $\boldsymbol{k_i} = \boldsymbol{Q_i}/\boldsymbol{Q}_{\text{орташа}}$ арқылы қалыпқа келтірілді. Эмпирикалық кесте бойынша орташа ағын $\boldsymbol{Q}_{\text{орташа}} = 6{,}41\ м^3/с$ құрады, ал модульдік коэффициенттердің квадраттық және кубтық шамалары сәйкесінше 56,877 және 81,182 болып есептелді. Вариацияның $\widetilde{\boldsymbol{C}}_{\boldsymbol{v}}$=1,0 және асимметрияның $\widetilde{\boldsymbol{C}}_{\boldsymbol{s}}$=1,5 ығысу коэффициенттерінің мәндері анықталды. Бұл көрсеткіштер ағынның айтарлықтай вариативті және оң асимметриялы екенін білдіреді: яғни жоғары ағындар жиі кездеседі, ал төмен ағындар сирек. Қатардың жеткіліктілігі $\boldsymbol{\varepsilon_Q}$ =9,38 %<5−10 % және $\boldsymbol{\varepsilon_{C_v}}$ =13,36 %<10−15 % көрсеткіштері арқылы расталды, демек деректер ұзақ мерзімді және сенімді болып табылады, оларды нормалар мен есептік ағындарды анықтауда

қолдануға болады. Коэффициенттерді түзету арқылы үшпараметрлі гамма- және биномиальды үлестірімдер үшін есептелген коэффициенттер: C_v =1,1, C_s =1,7, ал олардың қатынасы C_s/C_v =2, бұл ағынның орташа және максималды мәндерінің арасындағы өзара байланысын көрсетеді. Автокорреляция коэффициенті *r(1)=0,60* қатардың өзара тәуелділігін білдіреді, яғни бір жылдағы ағын келесі жылдағы ағынға айтарлықтай әсер етеді.

Эмпирикалық қамтамасыздық қисығы және теориялық қисық салыстырмалы түрде келесі мәндерді көрсетті: 50 % қамтамасыздықта орташа ағын Q_p =4,10 $м^3/с$, 10 % қамтамасыздықта жоғары ағын Q_p =15,38 $м^3/с$, ал 90 % қамтамасыздықта төмен ағын Q_p=0,47 $м^3/с$. Бұл талдау Шу өзені ағынының кең ауқымда өзгеретінін және суы мол әрі суы аз жағдайлар арасындағы айырмашылықтың елеулі екенін көрсетеді. Есептелген ағынның модульдік коэффициенттері k_i мен эмпирикалық қамтамасыздық ықтималдықтары Р негізінде ағынның эмпирикалық қамтамасыздық қисығы тұрғызылды (сурет 6). Теориялық қамтамасыздық қисығы үш параметрлі гамма-таралу және биномиалдық қамтамасыздық қисығының ординаталары бойынша, C_s/C_v=2 қатынасы ескеріле отырып тұрғызылды. Эмпирикалық және теориялық қисықтарды салыстыру есептік су шығындарын әртүрлі қамтамасыздық деңгейлерінде бағалауға және суы мол әрі суы аз жағдайларға сәйкес келетін ағын шамаларын анықтауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер су ресурстарын жоспарлау, ағынды реттеу және гидротехникалық құрылымдардың есептік параметрлерін негіздеу үшін бастапқы дерек ретінде пайдаланылуы мүмкін.



Сурет 6. *Шу өзенінің Кіші Арна – Уланбел ауылы учаскесіндегі орташа жылдық ағынның қамтамасыздық қисығы (1967...2022 жж., моменттер әдісі)*

Қамтамасыздық ықтималдық қисығының есептелген ординаталары және әртүрлі қамтамасыздық деңгейлеріне сәйкес келетін ағын шығындарының мәндері 2-кестеде келтірілген. Бұл деректер сирек кездесетін суы мол жылдардан бастап аса төмен сулы кезеңдерге дейінгі ықтималдықтардың кең ауқымында өзен ағынының шамасын сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер гидротехникалық құрылымдарды жобалау және су ресурстарын жоспарлау кезінде практикалық маңызға ие.

Кесте 2

1967...2022 жылдар аралығындағы Шу өзенінің Кіші Арна – Уланбел ауылы учаскесі бойынша ағынның теориялық қамтамасыздық қисығының мәндері

Теориялық қамтамасыздық қисығының мәндері									
Ағынның қамтамасыздығы, P,%	0,1	1	3	5	10	20	30	40	50
Модульдік коэффициент, K_p	7,750	5,050	3,800	3,220	2,400	1,620	1,180	0,870	0,640
Өзен ағынының шығыны, Q_p, м^3/с	49,7	32,4	24,3	20,6	15,4	10,4	7,6	5,6	4,1
Ағынның қамтамасыздығы, P, %	60	70	75	80	90	95	97	99	99,9
Модульдік коэффициент, K_p	0,450	0,300	0,241	0,175	0,074	0,030	0,016	0,005	0,000
Өзен ағынының шығыны, Q_p, м^3/с	2,88	1,92	1,54	1,12	0,47	0,19	0,10	0,03	0,00

Қорытындылай келе, моменттер әдісі ағынның вариативтілігі мен асимметриясын сандық бағалауға мүмкіндік беріп, гидрологиялық сипаттамаларды дәл анықтауға жол ашады. Ағынның C_v=*1,1* және C_s=*1,7* көрсеткіштері оның жоғары өзгергіштігін және оң асимметриясын айқындайды, бұл гидротехникалық жобалау мен су ресурстарын реттеуде шешуші мәнге ие.

2. Максималды ықтималдық әдісі бойынша талдау

Шу өзенінің Кіші Арна – Уланбел ауылы учаскесі бойынша жылдық ағынның берілген қамтамасыздығын анықтау үшін максималды ықтималдық әдісі қолданылды. Бұл әдіс көпжылдық бақылау деректерінің статистикалық заңдылықтарын неғұрлым дәл сипаттауға және ағынның ықтималдық сипаттамаларын сенімді бағалауға мүмкіндік береді. Есептеулер 1967...2022 жылдар аралығындағы орташа жылдық су шығындары негізінде жүргізілді, бақылау қатарының ұзындығы n = 56 жылды құрайды, бұл статистикалық тұрғыдан жеткілікті болып саналады.

Алдымен орташа жылдық су шығындары кему ретімен орналастырылып, әр жыл үшін ағынның модульдік коэффициенттері k_i есептелді. Осы мәндер негізінде максималды ықтималдық әдісіне сәйкес λ_2 және λ_3 статистикалық көрсеткіштері анықталды. Есептеу нәтижесінде λ_2 =−0,337, ал λ_3 =0,197 мәндерін қабылдады. Бұл көрсеткіштер жылдық ағын қатарында асимметрияның бар екенін және ағынның таралуы симметриялы емес екенін көрсетеді.

Алынған λ_2 және λ_3 статистикалары негізінде ағынның теориялық қамтамасыздық қисығын тұрғызуға қажетті параметрлер анықталды. Теориялық қисық үш параметрлі гамма-таралымға сәйкес есептеліп, эмпирикалық қамтамасыздық мәндерімен салыстырылды. Салыстыру нәтижелері теориялық және эмпирикалық қисықтардың жалпы түрде бір-біріне жақын екенін көрсетті, бұл таңдалған теориялық үлестірімнің қарастырылып отырған гидрологиялық қатарға сәйкес келетінін көрсетеді.

Есептелген теориялық мәндер бойынша қамтамасыздыққа сәйкес келетін жылдық су шығыны суы аз жылдарды сипаттайды және өзен ағынының төмен мәндерін бағалауға мүмкіндік береді. Мұндай қамтамасыздық деңгейіндегі ағын мәндері су ресурстарын жоспарлау, суармалы егіншілікті ұйымдастыру, сондай-ақ гидротехникалық құрылымдардың жұмыс режимін негіздеу үшін ерекше маңызға ие. Есептелген ағынның модульдік коэффициенттері k_i мен эмпирикалық қамтамасыздық ықтималдықтары P негізінде ағынның эмпирикалық қамтамасыздық қисығы тұрғызылды (сурет 7).



Сурет 7. *Шу өзенінің Кіші Арна – Уланбел ауылы учаскесіндегі орташа жылдық ағынның қамтамасыздық қисығы (1967...2022 жж.)*

Қамтамасыздық ықтималдық қисығының есептелген ординаталары және әртүрлі қамтамасыздық деңгейлеріне сәйкес келетін ағын шығындарының мәндері 3-кестеде келтірілген. Бұл деректер сирек кездесетін суы мол жылдардан бастап аса төмен сулы кезеңдерге дейінгі ықтималдықтарының кең ауқымында өзен ағынының шамасын сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Алынған нәтижелер гидротехникалық құрылымдарды жобалау және су ресурстарын жоспарлау үшін практикалық маңызға ие.

Кесте 3

1967...2022 жылдар аралығындағы Шу өзенінің Кіші Арна – Уланбел ауылы учаскесі бойынша ағынның теориялық қамтамасыздық қисығының мәндері

Теориялық қамтамасыздық қисығының мәндері									
Ағынның қамтамасыздығы, P,%	0,1	1	3	5	10	20	30	40	50
Модульдік коэффициент, K_p	7,750	5,050	3,800	3,220	2,400	1,620	1,180	0,870	0,640
Өзен ағынының шығыны, Q_p, м^3/с	50,3	32,8	24,7	20,9	15,6	10,5	7,7	5,6	4,2
Ағынның қамтамасыздығы, P,%	60	70	75	80	90	95	97	99	99,9
Модульдік коэффициент, K_p	0,450	0,300	0,241	0,175	0,074	0,030	0,016	0,005	0,000
Өзен ағынының шығыны, Q_p, м^3/с	2,92	1,95	1,56	1,14	0,48	0,19	0,10	0,03	0,00

Осылайша, ең үлкен ықтималдық әдісі Шу өзенінің Кіші Арна учаскесіндегі жылдық ағынның ықтималдық сипаттамаларын жан-жақты бағалауға мүмкіндік беріп, ағынның төмен және жоғары экстремалдық мәндерін сенімді түрде анықтауға жағдай жасайды. Алынған нәтижелер су ресурстарын тиімді басқару мен ағынды реттеу мәселелерін ғылыми тұрғыда негіздеуге пайдаланылуы мүмкін.

4. ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу Шу өзенінің Кіші Арна – Уланбел ауылы учаскесіндегі жылдық ағынның жоғары дәрежеде өзгермелі және тұрақсыз гидрологиялық режимімен сипатталатынын көрсетті. 1967...2022 жылдар аралығындағы көпжылдық деректерді талдау нәтижесінде ағынның ең төменгі орташа жылдық мәні 0,018 м³/с-қа дейін төмендеп, ал ең жоғары мәні 26,8 м³/с-қа дейін жететіні анықталды. Мұндай кең ауқымды

ауытқулар қарастырылып отырған учаскедегі ағынның жоғары көпжылдық өзгергіштігін сипаттайды және табиғи-климаттық жағдайлар мен өзен ағынын реттеу әсері жағдайында қалыптасады.

Айырымдық интегралдық қисықты талдау суы аз кезеңдердің (1974...1987 және 1991...1998 жж.) ұзаққа созылуын және суы мол жылдардың (2002...2005 жж.) салыстырмалы түрде қысқа әрі қарқынды сипатта болуын көрсетті. Бұл нәтижелер қарастырылған кезеңдегі өзен ағынының айқын көпжылдық өзгергіштігін және әртүрлі сулылық кезеңдерінің алмасуын көрсетеді. Стьюдент және Фишер критерийлері бойынша жүргізілген талдау жылдық ағын қатарының біртектілігін растады, бұл қалпына келтірілген деректерді қоса алғанда, алынған гидрологиялық қатарды есептік мақсатта қолдануға мүмкіндік береді.

Моменттер әдісі арқылы анықталған вариация коэффициентінің (C_v=1,1) және оң асимметрия коэффициентінің C_s =1,7) жоғары мәндері жылдық ағынның елеулі өзгергіштігін және оның таралуының айқын асимметриялы сипатын көрсетті. Қамтамасыздық ықтималдықтары бойынша есептелген су шығындары гидротехникалық құрылымдарды жобалау кезінде су өткізу қабілетін, қауіпсіздік деңгейін және пайдалану режимдерін негіздеу үшін маңызды. Максималды ықтималдық әдісі бойынша алынған нәтижелер төмен және жоғары ағынды жылдарға сәйкес келетін есептік су шығындарын бағалауға мүмкіндік берді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер Шу өзенінің төменгі ағысының қарастырылып отырған учаскесіндегі гидрологиялық режимнің тұрақсыздығы жағдайында су ресурстарын басқару және гидротехникалық құрылымдардың сенімділігін арттыру үшін ықтималдық-статистикалық әдістерді қолданудың маңыздылығын көрсетеді. Бұл әдістер әртүрлі қамтамасыздық деңгейлеріне сәйкес келетін есептік су шығындарын анықтауға және гидротехникалық құрылымдардың есептік параметрлері мен пайдалану режимдерін негіздеуге мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелері өңірлік су шаруашылығы жүйесін жоспарлау және су ресурстарының тапшылығы жағдайында тиімді басқару үшін ғылыми негіз ретінде пайдаланылуы мүмкін.

ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІ

Осы зерттеуде пайдаланылған деректерді авторлар «Казгидромет» РМК дереккөздерден алды.

АВТОРЛАРДЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Тұжырымдамалау – ЕНК; Деректерді басқару – ЕНК; Ресми талдау – ЕНК; Әдістеме – ЕНК; Бағдарламалық қамтамасыз ету – ЕНК; Қадағалау – ЕНК; Визуализация – ОЖО; Бастапқы жобаны жазу – ЕНК; Шолу жазу және редакциялау – ЕНК.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Bai B., Huang Q., Wang P., Liu S., Zhang Y., Wang T., Pozdniakov S.P., Frolova N.L., Yu, J. Long-Term Variability of the Hydrological Regime and Its Response to Climate Warming in the Zhizdra River Basin of the Eastern European Plain // Water, – 2023. – Vol. 15. – P.2678. https://doi.org/10.3390/w15152678
2. Yang Y., Yang L., Villarini G., Zhao F., Huang D., Vecchi G.A., Wang Q., Sun Y., Tian F. Synchronization of global peak river discharge since the 1980 // Nat. Clim. Chang. – 2025. – Vol. 15. – P.1084–1090. https://doi.org/10.1038/s41558-025-02427-6
3. Seyam M., Othman F. Long-term variation analysis of a tropical river's annual streamflow regime over a 50-year period // Theor. Appl. Climatol, – 2014. https://doi.org/10.1007/s00704-014-1225-9
4. Hansford M.R., Plink-Björklund P., Jones E.R. Global quantitative analyses of river discharge variability and hydrograph shape with respect to climate types // Earth-Sci. Rev., – 2020. – Vol. 15. – P.102977. https://doi.org/10.1016/j.earscirev.2019.102977
5. Aryal A., Shrestha M., Aryal Sh., Upadhyay S., Maharjan M. Spatio-temporal variability of streamflow in major and medium rivers of Nepal // J. Hydrol.: Reg. Stud., – 2023. – P.101590. https://doi.org/10.1016/j.ejrh.2023.101590
6. Pekárová P., Halmová D., Mitková V.B., Poórová J., Blaškovičová L., Pekár J., Leščešen I., Bajtek Z. Temporal variability of average and low flows in Slovak rivers: A 90-year perspective // J. Hydrol.: Reg. Stud., – 2025. – P.102560. https://doi.org/10.1016/j.ejrh.2025.102560
7. Morovati K, Zhang K., Shi L., Pokhrel Ya., Wu M., Someth P., Ly S., Tian F. On the cause of large daily river flow fluctuations in the Mekong River // Hydrol. Earth Syst. Sci., – 2024. – Vol. 28. – P.5133–5147. https://doi.org/10.5194/hess-28-5133-2024
8. Kaliyeva K., Punys P., Zhaparkulova Y. The impact of climate change on hydrological regime of the transboundary River Shu Basin (Kazakhstan–Kyrgyzstan): forecast for 2050 // Water, – 2021. – Vol. 13(20). – P.2800. https://doi.org/10.3390/w13202800
Нұрахмет А., Зандыбай А., Нурахметова Г., Консервацияланған «Шаңтөбе» уран кен орнының Кутунгуз өзеніне радиоэкологиялық әсерін бағалау// Гидрометеорология және экология, 123 (3), 2026, 97-111.

арттырады [7]. Өнеркәсіп нәтижесінде қалыптасатын бос тау жыныстарының үйінділері, радиоактивті қалдықтар, шахталық су төгінділері қоршаған ортаға елеулі әсерін тигізеді [8]. Ластанған өзендердегі ықтимал улы металл қалдықтары жауын-шашын, микроорганизмдер, су өсімдіктері мен жануарларда жиналуы мүмкін. Сонымен қатар, бұл металдар шөгінді ортаның өзгеруіне байланысты "қайталама ластануды" оңай тудыруы мүмкін және коректік тізбек немесе басқа көші-қон жолдары арқылы биологиялық және адам денсаулығына үлкен ықтимал зиян келтіруі мүмкін [9]. Тиісті басқару болмаса немесе қайта қалпына келтіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілмеген жағдайда қоршаған ортаға үлкен әсер етуі мүмкін.

Әлемде радионуклидтердің қоршаған ортаға әсерін бағалау бойынша көптеген зерттеулер жүргізілген [10...14]. Зерттеулердегі табиғи сулардағы ураннның және оның ыдырау элементтерінің концентрациясы (ДСҰ) нормативтерінен жоғары екенін көрсетті және кен игеру процестерінің қоршаған ортаға негативті әсері кен орындарын пайдалану аяқталғаннан кейін де жалғасатыны көрсетті.

Қазақстан Республикасында зерттеу тақырыбына сәйкес жүргізілген зерттеулер нәтижелері [15...19] жұмыс істеп тұрған уран кен орындарына жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындары арасында аурулардың жоғары таралуын көрсеткен, кен үйінділер учаскелерінде ауытқулардың болуын көрсетеді. Сонымен қатар кен орындарына жақын орналасқан өзен, көлдердердегі радионуклидтердің жиынтық альфа белсенділігі жоғары екендігін көрсетті.

Елімізде, басқа орталық Азия елдерімен салыстырғанда «уран мұраларын» консервациялау және рекультивациялау бағдарламасы ертерек қолға алынып, халықтың және қоршаған ортаның қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін 2001...2010 жылдары «Уран кеніштерін консервациялау және кен орындарын игергеннен кейін аумақтарды рекультивациялау» бағдарламасы іске асырылды және жұмыстарды жүзеге асыру үшін республикалық бюджеттен 4,2 млрд. теңге сомасында қаражат бөлінді [20]. Алайда, 2010 жылы кәсіпорын тоқтатылғаннан кейін радиациялық жағдайды бақылау және объектілерді техникалық бақылау тоқтатылды. Бүгінгі таңда Солтүстік Қазақстанның уран шахталарының көпшілігі ашық күйінде қалып, ескерту белгілерімен қоршалмаған. Аталған жайттар қоршаған ортаның ластану қаупін, оның ішінде жер асты және беткей сулардың ластану қаупін тудырады.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты консервацияланған «Шаңтөбе» уран кен орнының Кутунгуз өзеніне ықтимал радиоэкологиялық әсерін анықтау. Осы мақсатты орындауда келесі міндеттер қойылды:

Кутунгуз өзені сулары мен түптік шөгінділердегі табиғи радионуклидтердің белсенділігін сандық бағалау;

Олардың кеңістіктік таралуын бағалау;

Радионуклидтердің қозғалғыштығын анықтайтын геохимиялық факторларды (корреляция, Kd, U-қатар теңгерімсіздігі) талдау;

Алынған нәтижелерді фондық нүктемен салыстыру.

2. МӘЛІМЕТТЕР МЕН ӘДІСТЕР

Зерттеу ауданы

Зерттеу аймағы Ақмола облысы Сандықтау ауданында, Солтүстік Қазақстан уран провинциясы шегінде орналасқан. Әкімшілік бағыныштылығы жағынан Степногорск қаласының әкімшілігіне қарайды. Елді мекен Астана қаласынан 420 км, Көкшетау қаласынан 170 км және Степногорск қаласынан солтүстік-батысқа қарай 450 км жерде орналасқан. Кеніштің өнеркәсіп алаңына іргелес, шығысқа қарай 4 км жерде Шаңтөбе елді мекені және батысқа қарай 2 км жерде Новокронштадка елді мекені орналасқан.

Ауданның климаты күрт континенталды, қысы қарлы және жазы құрғақ, ыстық. Ауаның орташа жылдық температурасы +18 °С, қаңтардағы айлық орташа температура -16,8 °С, шілдедегі айлық орташа температура +20,4 °С. Желдің орташа жылдық жылдамдығы - 5,3 м/сек. Жауын-шашынның орташа мөлшері 326 мм [21].

Шаңтөбе кен орны 2014 жылы консервацияланған. Оған әртүрлі көлемдегі кен орындарының тобы кіреді (Восток, Звездное). Кен өндіру жер асты өндіру әдістерімен жүзеге асырылды, шахта аумағында сілтілеу учаскелері, тау жыныстарының қалдықтары үйінділері және бірнеше булану тоғандары бар. Кен орындарында уран өндірудің негізгі технологиясы күкірт қышқылымен үйінділі шаймалау болды.

Аудан аумағы Есіл өзені бассейнінің құрамына кіретін қалың гидрографиялық желімен қамтылған. Есіл өзеніне оның кең бөлігінде ағатын ең ірі су ағындары – Жыланды өзені, негізгі салалары – Ащылы, Жекебұяқ, Кутунгуз, Жабай өзендері. Жоғарыда аталған өзендерден бөлек атаусыз арналар жүйелерін құрайтын шағын су айдындарынан құралған. Ауданның солтүстік-батыс бөлігінде Жақсы-Жалғызтау көліне құятын Қарасу өзені және Есіл өзенінің саласы Аққанбұрлық өзені қысқа мерзімде ағып өтеді. Ауданның негізгі өзендері: Жабай, Жыланды, Аққанбұрлық, Қоңыр, Аршалы, Бақсық тұрақты су ағыны бар, қалғандары жаз кезінде кеуіп кетеді.

Зерттеу аумағында негізгі өзен саласы – Кутунгуз өзені, өзенге Кіші Кутунгуз, Балапан, Түнкөз өзендері құяды. Зерттеу нысаны – консервацияланған «Шаңтөбе» уран кен орны теңіз деңгейінен 365 метр биіктікте орналасқан, негізгі еңкіштігі – оңтүстік шығысқа қарай көбейеді. Кутунгуз өзені теңіз деңгейінен 340 метрде орналасқан. Сәйкесінше, консервацияланған уран кеніштерінің беткей су нысандарына әсер етуі – Кутунгуз өзені деңгейінде. Жақсы-Жалғызтау көлі – зерттеу аумағынан алшақтау орналасқандықтан, сонымен қатар Шаңтөбе кентінің ауыз су қоры ретінде саналатындықтан – фондық, таза аумақ ретінде алынды (Сурет 1).



Сурет 1. *Зерттелетін аумақта сынама алу нүктелерінің таралуы. Т – түптік шөгінділер үлгілерін, ал С – су сынамалары үлгілерін білдіреді*

Зерттеу аумағынан түптік шөгінділер мен су сынамаларының 8 үлгі-сынамасы алынды, оның ішінде 4 түптік шөгінді үлгісі, 4 беткей су нысандарының үлгісі. Түптік шөгінділер үлгілері 5...10 см сынама алу тереңдігінде Ван-Винн құрылғысы арқылы алынды және 1000 г диапазондағы сынамалар алынды. Барлық үлгілер герметикалық полиэтилен пакеттерге мұқият орналастырылды және одан әрі талдау үшін зертханаға жеткізілді. Су бөтелкелері су сынамаларын алмас бұрын үш рет жуылды. Бұл су сынамаларының ластануын болдырмау үшін жасалады. Түптік шөгінділердің үлгілері 1 кг қапшықта, ал су үлгілері сынама алу үшін пайдаланылатын 5000 мл бөтелкеде сақталды. Іріктеуден кейінгі барлық үлгілер зертханаға жеткізілді. Зертханаға дейінгі арақашықтықтың ұзақтығына байланысты су үлгілері HNO_3 (азот қышқылы) көмегімен су сынамаларын pH<1 консервациялау-100 мл-5 литрге мөлшерінде жүргізілді [22].

Аумақтағы гамма-сәулелену дозасының қуатын өлшеу су және түптік шөгінділер алынған аумақтарды қамтыды. Өлшеу жұмыстар «РКС-01-СОЛО» (ТОО «Соло-ЛТД», Алматы, Қазақстан) радиометр-дозиметрі көмегімен жүргізілді. Өлшеу жұмыстары мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті төрағасының 2011 жылғы 8 қыркүйектегі №194 «Радиациялық гигиена бойынша ұсыныстар» әдістемелік құралдарды бекіту туралы бұйрығына №4 қосымшаға сәйкес жүргізілді [23]. Ашық гамма-сәулелену дозасының қуаты қоршаған ауаның эквивалентті дозасының қуат бірліктерімен өлшенді. Өлшеу жерден 1 м биіктікте жүргізілді.

Су сынамаларын іріктеу «Радиациялық бақылау. Жер үсті және ағынды сулардың сынамаларын алу» ҚР СТ 1545-2006» сәйкес жүргізілді [24]. Түптік шөгінділердің сынамаларын алу «Гидросфера. Ластануға талдау жасау үшін су объектілерінің түптік шөгінділерін іріктеуге қойылатын жалпы талаптарға» МемСТ 17.1.5.01-80 сәйкес таңдалды [25].

Далалық зерттеулер 2025 жылы консервацияланған «Шаңтөбе» уран кен орны аумағында жүргізілді. Сынамаларды іріктеу бір маусымда (жазда) жүргізілді. Алынған сынамалардың шектеулігін және маусымдық бақылауды ескере отырып, алынған мәліметтер радионуклидтердің көші-қон механизмдерін нақтылауға бағытталған әрі қарайғы зерттеулердің қажеттілігін көрсетеді және кеңейтілген бақылаулар мен сандық салыстырмалы талдау негізінде қосымша растауды қажет етеді.

Зертханалық талдаулар

Зертханада үлгілер талдау алдында алдын ала өңдеуден өткізілді. Органикалық материалдар, тамырлар, өсімдіктер мен қиыршық тастар алынып тасталды. Үлгілер алдымен кептіріліп, оларды паллеттерге жайып, содан кейін муфельдік пеште 110 °C температурада 24 сағат бойы тұрақты құрғақ салмаққа жеткенше кептірілді. Топырақ сынамаларындағы 226Ra, 232Th және 40K радионуклидтердің концентрациясы NaI(Tl) - 6,3 см×6,3 см детектормен жабдықталған "МКС-АТ1315" бета-гамма-спектрометрінің көмегімен анықталды (УП «Атомтех», г.Минск, Беларусь). Рұқсат етілген негізгі салыстырмалы қателік шектері ±15 %-ды құрайды. Гамма-сәуле шығаратын радионуклидтердің деректерін жинау және талдау көп арналы анализатор (МКА) және РСА бағдарламалық жасақтамасы арқылы жүргізілді. Зерттеу әдісіне нормативтік құжаттар - №KZ.07.00.03310-2016 «МКС-АТ 1315» гамма-бета-спектрометрлерде радий-226, торий-232, калий-40 табиғи радионуклидтерінің меншікті үлестік белсенділігін өлшеуді орындау әдістемесі».

Түптік шөгінділердің сынамаларында уран изотоптарын - ^{234}U және ^{238}U өлшеу «Мультирад» МКС-01А құралын («Амплитуда» ЖШҚ, Зеленоград, Ресей) қолдана отырып жүргізілді. Зерттеу әдісіне нормативтік құжаттар - №KZ.07.00.03550-2017 «Уран изотоптарының (238U, 234U, 235U) топырақ, түптік шөгінділер, тау жыныстары мен құрылыс материалдарының сынамаларында олардың негізінде радиохимиялық дайындығы бар альфа-спектрометриялық әдіспен үлестік белсенділігін өлшеу әдістемесі».

Табиғи судағы альфа және бета сәуле шығаратын радионуклидтердің жиынтық белсенділігін және ^{226}Ra, ^{228}Ra, ^{210}Po, ^{210}Pb изотоптарының көлемдік белсенділігін өлшеу «УМФ-2000» («Доза» ғылыми-өндірістік кәсіпорны, Мәскеу, Ресей) альфа-бета радиометрінің көмегімен жүргізілді. Сынақты жүргізу «Радиациялық гигиена бойынша әдістемелік ұсыныстар» ҚР Бас санитарлық дәрігерінің 08.09.2011 жылғы №194 бұйрығына сай жүргізілді. Полоний (210Po)және қорғасынның (210Pb) көлемдік белсенділігін анықтау әдістемесі - №KZ.07.00.03146-2015 «Табиғи және сарқынды технологиялық сулардағы полоний-210 (210Po) және қорғасын-210 (210Pb) радионуклидтерінің көлемдік белсенділігін (КБ) сынамаларды алдын ала радиохимиялық дайындаумен альфа-бета радиологиялық әдіспен анықтау әдістемесі». Аталған зерттеу әдістемелері Қазақстан Республикасының өлшем бірлігін қамтамасыз етудің мемлекеттік жүйесіне енгізілген.

Үлгілердің зертханалық радиохимиялық және радиоспектрометриялық талдаулары Астана медициналық университеті Радиобиология және радиациялық қорғау институты сынақ зертханасы (аккредиттеу аттестаты 20.08.2024ж.KZ.T.01.1431) жүргізілді. Зертхана сынақ және калибрлеу зертханаларының құзыреттілігіне қойылатын жалпы талаптар "МЕМСТ ИСО/МЭК 17025-2009 [26] талаптары сәйкестігі Қазақстан Республикасының аккредиттеу жүйесінде аккредиттелген.

Нәтижелерді статистикалық өңдеу Microsoft Excel және Statistica 6.0, ArcGIS 10.8 бағдарламаларын қолдана отырып, жалпы қабылданған әдістермен жүргізілді.

Түптік шөгінділер мен мен судағы радионуклидтердің таралу коэффициенті

Түптік шөгінділер мен мен судағы радионуклидтердің таралуы келесі (1) теңдеу арқылы есептелді.

$$K_d\ (L/kg) = A_{sediment}\ (Bq/kg)/A_{water}\ (Bq/L) \quad (1)$$

бұл жерде, $A_{sediment}$ – түптік шөгінділердегі концентрация, Бк/кг, A_{water} – судағы концентрация, Бк/л [27].

Жоғары Kd мәндері түптік шөгінділер радионуклидтің күшті сорбциясын көрсетеді, ал төмен мәндер су фазасындағы көбірек қозғалғыштықты көрсетеді. Талдау радий (^{226}Ra) және уран изотоптары (^{234}U, ^{234}U) арасында есептелді.

3. НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Зерттелген аумақтағы топырақ профилінің беткі қабаттарындағы гамма сәулелену дозалары.

Жұмыстың бірінші кезеңінде бос тау жыныстары үйінділеріндегі және зерттеу нысандары - беткей су нысандары аумақтарында гамма-сәулелену дозасыны жер бетінен 1 метр жоғары деңгейі радиометр – дозиметр РКС-01-СОЛО («СОЛО ЛТД» ЖШС, Алматы, Қазақстан) қолдана отырып жүргізілді. Құрал метрологиялық тексеруден өткен. Өлшеудің бір нүктесінде төрт өлшеу жүргізілді, содан кейін орташа мән есептелді. Сәулелену дозасының қуатын өлшеу нәтижелері зерттелетін аумақтағы гамма сәулелену дозалары қалыпты екенін көрсетті. Дозаның амбиенттік эквивалентінің қуаты 1 м қашықтықта осы объектілер ауданындағы жер тиісінше жоғарғы мәні – 0,19...0,20 мк3в/сағатты құрады (Кесте 1). Зерттеу барысында барлығы 20 сынама алынды.

Кесте 1

Беткей су нысандары аумағындағы гамма-түсірілім нәтижесі

Сынама алу орыны	МЭД гамма сәулелену(мк3в/сағат)		
	min	max	орташа
ҚР бойынша рұқсат етілген деңгей			0,3
Жергілікті жердің табиғи фоны			0,10-0,12
Құтынгөз өзені, №1 нүкте	0,09	0,32	0,20
Құтынгөз өзені, №2 нүкте	0,14	0,40	0,27
Құтынгөз өзені, №3 нүкте	0,08	0,25	0,16
Жақсы-Жалғызтау өзені	0,18	0,20	0,19

Зерттелген аумақтағы жиынтық альфа және бета белсенділік мөлшері.

Табиғатта радионуклидтердің бета белсенділігінің 1 Бк/л артуы өте сирек кездеседі, одан артқан жағдайда су құрамында қолдан пайда болған радионуклидтердің бар екендігін білдіреді. Табиғи сулардағы альфа белсенділік әлемдегі орташа мәні – 0,4...0,8 Бк/л аралығында, әлемдік зерттеулердің көрсеткен нәтижесі бойынша нақты радиациялық мәселе сулардағы альфа белсенділік 0,4...0,5 Бк/л аралығында болғанда туындауы мүмкін [28]. Аймақтың геологиялық құрылымы, минералды компоненттің шоғырлануы және осы аумақтағы адам қызметінің сипаты жалпы альфа және бета белсенділігінің маңыздылығын анықтайтын үш негізгі фактор болып табылады [29].

Экологиялық геохимиялық сипаттамаларды зерттеуде дұрыс фондық мәндер маңызды рөл атқарады [30]. Зерттелетін аймақтағы табиғи сулардың және түптік

шөгінділер мен фондық концентрация деректерінің болмауына байланысты, фондық мәндері зерттелетін аумақтан шамамен 16 шақырымда орналасқан және Шаңтөбе кентінің тұрғындары үшін ауыз суға пайдалатын Жақсы-Жалғызтау көлі таңдалып алынды.

Кутунгуз өзені мен фондық нүктедегі альфа және бета белсенділігінің көрсеткіші сурет 2-де көрсетілген.



Сурет 2. *Кутунгуз өзенінің №1,2,3 (1,2,3) нүктелері және фондық нүктедегі (4) альфа және бета белсенділіктің мәндері*

Жиналған деректерді талдау альфа-радиоактивтіліктің жиындық белсенділігі жалпы бета-радиоактивтілікпен салыстырғанда айтарлықтай жоғары екенін көрсетеді. Кутунгуз өзенінен алынған су сынамалар бойынша жиынтық альфа белсенділіктің мәндері 0,2...1,8 Бк/л және бета белсенділік 0,27...0,79 Бк/л аралығында өзгерді. Фондық (Жақсы-Жалғызтау көлі) мәндермен салыстырғанда Кутунгуз өзенінің жер үсті суының жиынтық альфа-белсенділігінің айтарлықтай өсуі байқалады.

Кутунгуз өзенінің бойында жиынтық альфа және бета белсенділік көрсеткіштері өзеннің төменгі ағысына қарай біртіндеп артады. Ең жоғары белсенділік өзендегі № 3 нүктеде (болжалды шахта суларының төгілу нүктесінен кейін 3 км) 1,81 Бк/л-ге дейін жоғарылаған, фондық нүктемен салыстырғанда 10 есе жоғары, бета белсенділікте Кутунгуз өзеніндегі № 3 нүктесінде ең жоғары мәнге ие – 0,79 Бк/л, бұл фондық нүктедегі мәннен 8 есе жоғары. Мұндай динамика өзеннің төменгі бөлігіне қарай радионуклидтердің жинақталу үрдісін немесе кеніштер орналасқан аймақтардан келетін ықпалды ластануын көрсетеді.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы [31] судың сапасын алдын ала бағалауға арналған скрининг деңгейін 0,55 Бк/л және 1,0 Бк/л ұсынады, Қазақстан Республикасының ауыз судағы жиынтық альфа-белсенділіктің скринингтік деңгейі 0,2 Бк/л, ал жиынтық бета-белсенділіктің шекті деңгейі 1,0 Бк/л болып табылады [32]. Осы скринингтік деңгейлермен салыстырғанда , зерттелген аймақтағы Кутунгуз өзенінің №1 нүктесі мен фондық нүкте ғана сәйкес келеді, қалған сынама нәтижелері альфа-белсенділік көрсеткіштері шекті мәннен асып түскен, ал бета-белсенділік нормативтерге сәйкес келеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері бойынша жиынтық альфа және бета белсенділіктің артуы уран өндіріс аймағындағы табиғи радионуклидтердің су экожүйесіне көшуін сипаттайды. Мұндай радиациялық фонның ұзақ мерзімді сақталуы

экожүйе компоненттерінде (шөгінділер, биота, өсімдік жамылғысы) радионуклидтердің жиналуына және трофикалық тізбек арқылы таралуына әкелуі мүмкін.

Судағы уран изотоптарының (^{234}U, ^{238}U) және оның ыдарау элементтері радий (^{226}Ra), полоний(^{210}Po) қорғасынның (^{210}Pb) мөлшері.

БҰҰ-ның атом радиациясының әрекеті жөніндегі Ғылыми комитеті мәліметтері бойынша, ауыз судың сәулеленудің жалпы дозасына қосқан үлесі халық басым емес (жекелеген өңірлерді қоспағанда) және негізінен суда болатын уранның және торийдің табиғи қатарларының радионуклидтеріне байланысты [33]. Суды тұтыну есебінен сәулелену дозасын қалыптастыруға ең үлкен үлесті уран изотоптары (234U и и 234U), радий (226Ra и 228Ra), радон (222Rn), полоний (210Po), аз мөлшерде - қорғасын (210РЬ) және торий изотоптары (228 Th,230 Th, 232Th) береді. Әдетте, ауыз суға қатысатын калийдің үлесі (40К), тритий (3Н) және көміртегі - (14С), сондай-ақ жасанды радионуклидтер 137Cs және 90Sr үлесі өте аз.

Зерттеу барысында Кутунгуз өзенінің үш нүктесінен және фондық нүкте ретінде алынған Жақсы-Жалғызтау көлінен су сынамалары радиоспектрометриялық әдістермен талданды. Радиоактивті элементтердің құрамын анықтау үшін уран (234U, 238U), радий (226Ra, 228Ra), полоний (210Po) және қорғасын (210Pb) изотоптарының көлемдік белсенділігі өлшенді. Өлшеулер «УМФ-2000», МКС-01Ф «Мультирад» радиометрі және радиохимиялық бөлу әдістері арқылы жүргізілді. Табиғи сулардағы табиғи радионуклидтердің белсенділігі кесте 2-де көрсетілген.

Кесте 2

Кутунгуз өзені және фондық нүктедегі су сынамаларын зерттеу нәтижелері

Сынама алу орны	**Радий изотоптарының көлемдік белсенділігі, Бк/л**	**Полоний(^{210}Po)және қорғасынның (^{210}Pb) көлемдік белсенділігі, Бк/л**	**Уран изотоптарының көлемдік белсенділігі, Бк/л**
Кутунгуз өзені, №1 нүкте	^{226}Ra-0.11±0.03 ^{228}Ra-0.12±0.05	(^{210}Po) 0,041± 0,018 (^{210}Pb) 0,035±0,027	^{234}U – 0,071±0,018 ^{238}U-0,04±0,011
Кутунгуз өзені, №2 нүкте	^{226}Ra-0.15±0.06 ^{228}Ra-0.14±0.07	(^{210}Po) 0,037± 0,012 (^{210}Pb) 0,065±0,033	^{234}U – 0,222±0,042 ^{238}U-0,139±0,027
Кутунгуз өзені, №3 нүкте	^{226}Ra-0.15±0.06 ^{228}Ra-0.36±0.17	(^{210}Po) 0,133± 0,045 (^{210}Pb) 0,014±0,005	^{234}U – 0,448±0,073 ^{238}U-0,371±0,059
Жақсы-Жалғызтау көлі (фон)	^{226}Ra-0.11±0.03 ^{228}Ra-0.13±0.05	(^{210}Po) 0,028± 0,009 (^{210}Pb) 0,053±0,03	^{234}U – 0,05±0,012 ^{238}U-0,02±0,009

Кутунгуз өзеніндегі 226Ra концентрациясы 0.11±0.03-0.15±0.06 Бк/л, 228Ra 0.12±0.05-0.36±0.17 Бк/л аралығында өзгереді. Полоний (210Po) 0,037± 0,012-0,133± 0,045 Бк/л, қорғасын (210Pb) 0,014±0,005-0,065±0,033 Бк/л, уран изотоптары - 234U-0,071±0,018-0,448±0,073 Бк/л, 238U-0,04±0,011-0,371±0,059 Бк/л аралығында өзгереді. Уран изотоптарынан (234U, 238U) басқа радионуклидтер фондық нүкте концентрациясымен шектес. Уран изотоптары Кутунгуз өзенінің төменгі ағысына қарай жоғарылайды, яғни №3 нүктесінде фондық нүктемен салыстырғанда 234U – 9 есе, 238U – 19 есе жоғары. Кутунгуз өзенінің №3 нүктесінде уран изотоптары (^{234}U және ^{238}U) бойынша фондық нүктеден едәуір артық болу байқалатынын көрсетті. ^{238}U үшін фоннан артық болу еселігі ең жоғары мәнге ие. Радионуклидтердің қалған бөлігі бойынша ауытқулар салыстырмалы түрде төмен және табиғи фон шегінде (Сурет 2).



Сурет 3. *Кутунгуз өзеніндегі радионуклидтердің фонға қатысты еселік мөлшері*

Ең жоғары полоний (^{210}Po) концентрациясы Кутунгуз өзенінің №3 нүктесінде (0,133±0,045 Бк/л) байқалды, бұл судағы органикалық коллоидтардың немесе тұнбада жиналған полонийдің қайта еруімен байланысты болуы мүмкін. Фондық үлгіде полоний (^{210}Po) және қорғасын (^{210}Pb) деңгейлері айтарлықтай төмен (0,028 және 0,053 Бк/л), бұл табиғи фонмен шектес мән. 210Po ядросы тұрақты 206Pb нуклидіне айналу үшін 5,3 МэВ энергиясы бар альфа бөлшектерін шығарады. Радионуклидтің құрамында 210Po мөлшері 0,12 Бк/л болған кезде (араласу деңгейі) осы радионуклидтен суды тазарту үшін арнайы шаралар қабылдануы керек [34].

Жүргізілген өлшеулер көрсеткендей, зерттелген су көздеріндегі радионуклидтердің үлестік белсенділіктері айтарлықтай өзгереді. Кутунгуз өзенінің төменгі ағымында (№3 нүкте) уран изотоптарының концентрациясы жоғары, бұл тау-кен жұмыстары жүргізілген аймақтан радионуклидтердің шайылуын көрсетеді. Фондық көл нәтижелері табиғи фонды сипаттайды және радиоактивті ластану белгілері байқалмайды. Сонымен қатар, изотоптық қатынастардың теңгерімсіздігі (^{234}U/^{238}U > 1) геохимиялық процестердің (еріту, қайта шөгу) жүріп жатқанын дәлелдейді.

Осылайша, жүргізілген талдау жер үсті суларының радиоэкологиялық ластануының негізгі ластаушысы уран изотоптары (^{234}U және ^{238}U), олар Кутунгуз ағынының бойында өсуін көрсетті. ^{210}Po и ^{210}Pb үлесі аз дәрежеде, дегенмен олардың жергілікті жоғарылауы радионуклидтердің түптік шөгінділерде қайта бөлінуінің белсенді процестерін көрсетеді.

Түптік шөгінділердегі радионуклидтердің және альфа, бета белсенділік мөлшері.

Солтүстік Қазақстан ағынсыз көлдері көп өңір ретінде сулары жоғары минералдануы бар, радиоактивті элементтердің елеулі қорларын жинақтауға қабілетті түптік шөгінділер нысандары ретінде қоршаған ортаның ластану деңгейін анықтау маңызды саналады. Оқшауланған су қоймаларының түбіндегі шөгінділерді зерттеу қазіргі геоэкологияның перспективалық бағыттарының бірі болып табылады [35].

Кестеде түптік шөгінділердегі радионуклидтер мен жиынтық альфа-, бета-белсенділік құрамы көрсетілген (кесте 4). Талдау радионуклидтердің орташа концентрациясы 40K >226 Ra >232 Th > 234U > 238U қатарында төмендейтінін көрсетті. Кутунгуз өзеніндегі өлшенген көрсеткіштер жалпы әлемдегі ұқсас жағдайларда алынған деректерге сәйкес келеді. Мәселен, Солтүстік Американдағы Риди, Қытайдағы Вэй,

Пәкістандағы Гилгит, Инд өзендері және Египеттегі Нассер көлінің түптік шөгінділеріндегі көрсеткіштермен шамалас [36...39].

Кутунгуз өзені және Жақсы-Жалғызтау фондық таза су айдынының су сынамалары мен түбіндегі шөгінділерін кешенді зерттеу табиғи радионуклидтердің құрамындағы елеулі кеңістіктік айырмашылықтарды анықтады. Барлық нүктелерде басым уран (23^4U, 23^8U) және радий (22^6Ra) изотоптары болып табылады. Алынған нәтижелер зерттелетін объектілердің ғаламдық және жергілікті геохимиялық нормалардан ауытқу дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді. Мәселен Еуропадағы зерттеулерде 226Ra,232Tr,40K үшін мәндер 10...44,4; 10,7...48,6; 440...1450 Бк/кг аралығында өзгеретінін көрсетті [40...41]. Барлық түптік шөгінділер сынамалары радионуклид концентрацияларын өлшеу алдында құрғатылды, сондықтан 3-кестедегі табиғи радионуклидтер мәндері құрғақ массаға сәйкес келеді.

Кесте 3

Түптік шөгінділердегі радионуклидтер мен жиынтық альфа-, бета-белсенділік құрамы (қабат 0-15 см) құрғақ масса, Бк/кг

Сынама алу орны	^{226}Ra	^{232}Tr	^{40}K	^{234}U	^{238}U	Аэфф
Кутунгуз өзені, №1нүкте	37,53±5,88	38,68±5,39	454,3±100,5	9,8±2,8	7,8±2,2	128±12,83
Кутунгуз өзені, №2 нүкте	37,03±6,01	73,57±8,61	763±126,67	9,4±2,6	7,4±2,2	201±17,07
Кутунгуз өзені, №3 нүкте	26,85±4,8	41±5,39	474±95,65	21,6±4,8	14,4±3,2	123±12,05
Жақсы–Жалғызтау (фон)	38,57±6,35	83,1±9,61	829,67±136	14±3,8	12±2,8	221±18,6
Әлемдік орташа деңгей	8–160	4–130	100–700	4–140	4–140	

Кутунгуз өзенінде түптік шөгінділердегі 232Th және 40 К меншікті белсенділігі табиғи мәндер шегінде (тиісінше 38...73 және 454,3...763 Бк/кг). Фондық нүкте Жақсы-Жалғызтау көліндегі мән - 83,1...829,67 Бк/кг көлемінде. Ең жоғары ^{40}K белсенділігі (829,67 ± 136 Бк/кг) фондық нүктеде тіркелді. Фондық нүктедегі ^{40}K концентрациясының жоғары болуы уран немесе радий минерализациясымен байланысты емес, ол негізінен литогендік сипатта болып, жергілікті геологиялық ерекшеліктерді көрсетеді. ^{40}K уран және радий изотоптарынан айырмашылығы, уран минерализациясына генетикалық байланысты емес, сондықтан оның фондық деңгейінің жоғары болуы техногендік ластанудан емес, табиғи геохимиялық құрылысына байланысты. Бұл мәндер осы кен орындарына ұқсас Солтүстік Қазақстан аумағында рекультивацияланған уран кен орындарынан алынған сынамалармен ұқсас. Мәселен, Қазақстанның солтүстік бөлігінде орналасқан Грачевское уран кеніші мен Саумалкөл кентінің жанында жүргізілген радиометриялық өлшеулердің нәтижелері 587 Бк/кг және 689 Бк/кг аралығында [42]. Табиғи радионуклидтердің тиімді меншікті белсенділігі құрылыс материалдарына арналған - 370 Бк/кг көрсеткіштен төмен (Кесте 3).

Сонымен қатар, су мен түптік шөгінділердегі радионуклидтердің таралу заңдылықтарын және олардың миграциялық ерекшеліктерін анықтау үшін Пирсон корреляция коэффициенті (r) қолданылды. Зерттеу нәтижелері бойынша уран изотоптары (^{234}U және ^{238}U) үшін су мен түптік шөгінділер арасында өте күшті оң корреляция анықталды (r = 0,91...0,94). Мұндай байланыс уран изотоптарының геохимиялық мінез-құлқының ұқсастығын және олардың таралуы бірдей физика-химиялық факторлармен (ерітіндідегі комплекс түзу, тотығу-тотықсыздану жағдайлары, сорбция-десорбция процестері) реттелетінін көрсетеді. Оң корреляция түптік шөгінділердің уран изотоптары үшін аккумуляциялық орта рөлін атқаратынын және ураннның су мен қатты фаза арасында динамикалық тепе-теңдік жағдайында миграцияланатынын дәлелдейді. Ал 2^{26}Ra үшін орташа теріс корреляция анықталды (r≈-0,54). Бұл радийдің ураңға қарағанда геохимиялық тұрғыдан басқа мінез-құлыққа ие екенін көрсетеді. Радийдің су фазасында салыстырмалы түрде тәуелсіз миграцияланатынын және түптік шөгінділерде оның

жиналуы әрдайым судағы концентрациямен тікелей байланысты болмайтынын көрсетеді (Сурет 4).



Сурет 4. *Кутунгуз өзеніндегі су мен түптік шөгінділер арассындағы корреляциялық байланыс*

Түптік шөгінділер мен судағы радионуклидтердің таралу коэффициенттері (Kd).

Есептеу нәтижелері бойынша ^{226}Ra үшін Kd мәндері 179...341 л/кг аралығында өзгеретіні анықталды. Бұл радий изотопының түптік шөгінділерге жоғары сорбциялық бейімділігін және оның су фазасында салыстырмалы түрде төмен миграциялануын көрсетеді. Kd мәндерінің жоғары болуы радийдің карбонаттармен, сульфаттармен және балшықты минералдармен байланысу қабілетінің жоғары екендігін көрсетеді.

Нүктелер арасында Kd мәндерінің төмендеу үрдісі байқалады, бұл түптік шөгінділердің минералдық құрамы мен геохимиялық жағдайларының (pH, Eh, иондық құрам) өзгеруімен байланысты болуы мүмкін.

Уран изотоптары үшін таралу коэффициенттері 42...195 л/кг диапазонында анықталды, бұл радиймен салыстырғанда төмен мәндермен сипатталады (Кесте 4). Мұндай айырмашылық уранның геохимиялық мінез-құлқының ерекшеліктерімен түсіндіріледі. Уран, әсіресе тотығу жағдайларында, еріген уранил-карбонат кешендері түрінде суда тұрақты болып, су фазасында белсенді миграцияланады. ^{234}U және ^{238}U үшін Kd мәндерінің салыстырмалы түрде төмен болуы олардың түптік шөгінділерде толық бекітілмей, су-шөгінді жүйесінде динамикалық тепе-теңдік жағдайында таралатынын көрсетеді. Бұл уран изотоптары үшін бұрын анықталған су мен түптік шөгінді арасындағы күшті оң корреляциямен жақсы сәйкес келеді. Сонымен қатар, радий изотоптарына қарағанда, уран изотоптары су бетімен миграциялануы жақсы екенін көрсетіп отыр.

Кесте 4

Кутунгуз өзеніндегі есептелген Kd мәндері, Бк/л

Сынама алу орны	**^{226}Ra**	**^{234}U**	**^{238}U**
Кутунгуз өзені, 1 нүкте	341,2	138,0	195,0
Кутунгуз өзені, 2 нүкте	246,9	42,3	53,2
Кутунгуз өзені, 3 нүкте	179,0	48,2	38,8

4. ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу консервацияланған Шаңтөбе уран кеніші әсер ету аймағында орналасқан Кутунгуз өзенінің радиоэкологиялық жай-күйін кешенді сипаттауға мүмкіндік берді. Су сынамаларының көпшілігінде жиынтық альфа белсенділік ұлттық санитарлық нормативтерден де, дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДҰ) ұсынымдарынан да асып түседі, бұл өңірдің су экожүйелеріне тұрақты радиациялық жүктеменің болуын көрсетеді. Жиынтық бета белсенділік нормативтерден төмен, бұл судағы радонуклидтердің табиғи радонуклидтермен басымдылығын растайды және техногендік ластанудың жоқтығын көрсетеді.

Элементтік зерттеу Кутунгуз өзенінде негізінен уран изотоптарының (^{234}U және ^{238}U) басымдығын көрсетті және ағыстан төмен қарай концентрацияның жоғарылағанын көрсетті. Өзеннің №3 нүктесінде фондық нүктемен салыстырғанда 234U – 9 есе, 238U – 19 есе жоғары. Уран изотоптары үшін су мен түптік шөгінділер арасында өте күшті оң корреляция анықталды (r=0,91...0,94). Оң корреляция түптік шөгінділердің уран изотоптары үшін аккумуляциялық орта рөлін атқаратынын және ураннның су мен қатты фаза арасында динамикалық тепе-теңдік жағдайында миграцияланатынын дәлелдейді. Ал ^{226}Ra үшін орташа теріс корреляция анықталды ($r \approx -0,54$). Бұл радийдің су фазасында салыстырмалы түрде тәуелсіз миграцияланатынын және түптік шөгінділерде оның жиналуы әрдайым судағы концентрациямен тікелей байланысты болмайтынын көрсетті. Түптік шөгінділер мен судағы таралу коэффициенті радий изотоптарына қарағанда, уран изотоптары су бетімен миграциялануы жақсы екенін көрсетіп отыр. Радий изотоптары көбінесе түптік шөгінділерде жинақталуын жақсы көрсетсе, керісінше уран изотоптары өзеннің беткі қабатында миграцияға бейім екенін көрсетті. Табиғи радионуклидтердің көбінесе су бойымен тасымалданатынын және түптік шөгінділерде жинақталуы төмен екенін ескере отырып, келесі зерттеулерде Кутунгуз өзенінің төменгі ағысында орналасқан Жыланды, Жабай өзендері суындағы және түптік шөгінділеріндегі табиғи радионуклидтер құрамын анықтауға бағытталған зерттеулерді жалғастыру қажет.

Осылайша, зерттеу нәтижелері 2014 жылдан бері консервацияда тұрған «Шаңтөбе» кеніші аймақтың қоршаған су экожүйелеріне айтарлықтай әсер етуді жалғастыратынын растайды, бұл радиоэкологиялық тәуекелдерді бақылау мен басқарудың ұзақ мерзімді стратегиясын енгізуді және Кутунгуз өзенімен байланысты басқа су нысандарын да радиоэкологиялық бақылауды талап етеді.

ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІ

Осы зерттеуде пайдаланылған деректер ашық дереккөздерден алынды.

АВТОРЛАРДЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Тұжырымдамалау - ААН, АЗ; деректерді басқару - ААН; Ресми талдау - ААН, АЗ, ГСН; Әдістеме - ААН, АЗ, ГСН; Қадағалау - АЗ; Визуализация - ГСН; Бастапқы жобаны жазу -ААН; Шолу жазу және редакциялау - ААН, АЗ.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Li, H., Wang, Q., Zhang, C., Su, W., Ma, Y., Zhong, Q., Xiao, E., Xia, F., Zheng, G., & Xiao, T. (2024). Geochemical distribution and environmental risks of radionuclides in soils and sediments runoff of a uranium mining area in South China. Toxics, 12, 95. https://doi.org/10.3390/toxics12010095
2. Jiao, Y. Q., Wu, L. Q., Rong, H., Zhang, F. (2021). Review of basin uranium resources in China. Earth Science, 46(8), 2675-2696. https://doi.org/10.3799/dqkx.2020.304
3. World Nuclear Association. World uranium mining production. [Электрондық ресурс]. URL:-https://world-nuclear.org/information-library/nuclear-fuel-cycle/mining-of-uranium/world-uranium-mining-production.aspx. (жүгіну күні: 10.11.2025)
4. OECD Nuclear Energy Agency. (2022). Uranium 2022: Resources, production and demand. OECD Publishing. [Электрондық ресурс]. URL:- https://read.oecd-ilibrary.org/nuclear-energy/uranium-2022_2c4e111b-en (жүгіну күні: 10.11.2025)
5. Dołhańczuk-Śródka, A. (2012). Estimation of external gamma radiation dose in the area of Bory Stobrawskie forests (PL). Environmental Monitoring and Assessment, 184, 5773–5779. https://doi.org/10.1007/s10661-011-2380-4
6. Long, Z., Zhu, H., Bing, H., Tian, X., Wang, Z., Wang, X., & Wu, Y. (2021). Contamination, sources and health risk of heavy metals in soil and dust from different functional areas in an industrial city of Panzhihua City, Southwest China. Journal of Hazardous Materials, 420, 126638. https://doi.org/10.1016/j.jhazmat.2021.126638

7. Ji, K., Kim, J., Lee, M., Park, S., Kwon, H. J., Cheong, H. K., Jang, J. Y., Kim, D. S., Yu, S., & Kim, Y. W. (2008). Assessment of exposure to heavy metals and health risks among residents near abandoned metal mines in Goseong, Korea. Environmental Pollution, 178. https://doi.org/10.1016/j.envpol.2013.03.031
8. Alexander, A. C., Ndambuki, J. M. (2023). Impact of mine closure on groundwater resource: Experience from Westrand Basin-South Africa. Physics and Chemistry of the Earth, 103432. https://doi.org/10.1016/j.pce.2023.103432
9. Yi, L., Gao, B., Liu, H., Zhang, Y., Du, C., Li, Y. (2020).Characteristics and Assessment of Toxic Metal Contamination in Surface Water and Sediments Near a Uranium Mining Area. Int. J. Environ. Res. Public Health, 17, 548. https://doi.org/10.3390/ijerph17020548
10. Landa, E. R. (2004). Uranium mill tailings: nuclear waste and natural laboratory for geochemical and radioecological investigations. Journal of Environmental Radioactivity, 77(1), 1-27. https://doi.org/10.1016/j.jenvrad.2004.01.030
11. Wu, Y., Wang, Y., Xie, X. (2014). Occurrence, behavior and distribution of high levels of uranium in shallow groundwater at Datong basin, northern China. Science of the Total Environment, 472, 809-817. https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2013.11.109
12. Gao, L., Kano, N., Sato, Y., Li, C., Zhang, S., Imaizumi, H. (2012). Behavior and distribution of heavy metals including rare earth elements, thorium, and uranium in sludge from industry water treatment plant and recovery method of metals by biosurfactants application. Bioinorganic chemistry and applications, 2012(1), 173819. https://doi.org/10.1155/2012/173819
13. Galhardi, J. A., García-Tenorio, R., Bonotto, D. M., Francés, I. D., Motta, J. G. (2017). Natural radionuclides in plants, soils and sediments affected by U-rich coal mining activities in Brazil. Journal of environmental radioactivity, 177, 37-47. https://doi.org/10.1016/j.jenvrad.2017.06.001
14. Камнев Е.Н., Карамушка В.П., Кузин Р.З. Рекультивация объектов добычи и переработки урановых руд. Издательство Горная книга, 2014, С. 183.
15. Saifulina, E., Janabayev, D., Kashkinbayev, Y., Shokabaeva, A., Ibrayeva, D., Aumalikova, M. (2023). Epidemiology of somatic diseases near uranium mining enterprises in Kazakhstan. Healthcare, 11, 804. https://doi.org/10.3390/healthcare11060804
16. Brzhanov, R. T.; Sofronova, L. I. (2021). Tailings as a source of environmental problems. University Proceedings,1(82), 57–72. https://doi.org/10.52209/1609-1825_2021_1_57
17. Bersimbaev, R. I., Bulgakova, O. (2015). The health effects of radon and uranium in Kazakhstan. Genes and Environment, , 37(1),18. [Электрондық ресурс].URL:-https://genesenvironment.biomedcentral.com/track/pdf/10.1186/s41021-015-0019-3.pdf (жүгіну күні: 10.11.2025)
18. Zhumadilov, K., Ivannikov, A., Kassymzhanov, M. (2025). Radiation doses of population near uranium mines (EPR spectroscopy). SSRN Preprint,. https://ssrn.com/abstract=4928278
19. Bugubaeva, A., Kuprijanov, A., Chashkov, V., Kuanyshbaev, S., Valiev, K., Mamikhin, S., Shcheglov, A.; Nugmanov, A., Bulaev, A., Sultangazina, G., Kunanbayev, K., Chernyavskaya, O., Baubekova, G., Ruchkina, G., Safronova, O., Uxikbayeva, M., Sokharev, Y. (2023). Productivity assessment of various plant communities at uranium mine sites in Central Kazakhstan. SABRAO Journal of Breeding and Genetics, 55(3), 864–876. https://doi.org/10.54910/sabrao2023.55.3.21
20. Постановление Правительства Республики Казахстан от 25 июля 2001 года N 1006. Об утверждении Программы консервации уранодобывающих предприятий и ликвидации последствий разработки урановых месторождений на 2001-2010 годы.[Электрондық ресурс]. URL:- https://adilet.zan.kz/rus/docs/P010001006_ (жүгіну күні: 10.11.2025)
21. Ақмола облысы туралы ақпарат. [Электрондық ресурс] // Erulik.kz. — URL: https://oq.gov.kz/erulik/regions/1 (жүгіну күні: 10.11.2025).
22. СТ РК ГОСТ Р 51592–2003. Вода. Общие требования к отбору проб. [Электрондық ресурс]. URL:-https://files.stroyinf.ru/Data2/1/4293739/4293739370.pdf (жүгіну күні: 10.11.2025).
23. Приказ Председателя Комитета государственного санитарно-эпидемиологического надзора от 8 сентября 2011 года № 194 «Об утверждении «Методических рекомендаций по радиационной гигиене». [Электрондық ресурс]. URL:-https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31249142 (жүгіну күні: 10.11.2025).
24. СТ РК 1545-2006 .Радиационный контроль.Отбор проб поверхностных и сточных вод. Общие требования. [Электрондық ресурс]. URL:-https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30527431 (жүгіну күні: 10.11.2025).
25. ГОСТ 17.1.5.01-80. Охрана природы (ССОП). Гидросфера. Общие требования к отбору проб донных отложений водных объектов для анализа на загрязненность. [Электрондық ресурс]. URL:- https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37927607 (жүгіну күні: 10.11.2025).
26. ISO/IEC 17025:2019—General Requirements for the Competence of Testing and Calibration Laboratories.2019. International Organization for Standardization: Geneva, Switzerland. [Электрондық ресурс]. URL:-https://www.iso.org/obp/ui/#iso:std:iso-iec:17025:ed-3:v1:en (жүгіну күні: 10.11.2025).
27. Kırıs, E., Baltas, H. (2019). Sediment distribution coefficients (Kd) and bioaccumulation factors (BAF) in biota for natural radionuclides in eastern Black Sea coast of Turkey. Microchemical Journal, 149, 104044. https://doi.org/10.1016/j.microc.2019.104044
28. Li, H., Wang, Q., Zhang, C., Su, W., Ma, Y., Zhong, Q. (2024). Radionuclides in soils and sediments near uranium mines. Toxics, , 12, 95. https://doi.org/10.3390/toxics12010095
29. Ogundare, F. O., Adekoya, O. I. (2015). Gross alpha and beta radioactivity in soils and water around a steel facility. Journal of Radiation Research and Applied Sciences, , 8(3), 411–417. https://doi.org/10.1016/j.jrras.2015.02.009
30. Islam, M. S., Ahmed, M. K., Raknuzzaman, M., Habibullah-Al-Mamun, M., Islam, M. K. (2015). Heavy metal pollution in surface water and sediment: A preliminary assessment of an urban river in a developing country. Ecological Indicators, 48, 282–291. https://doi.org/10.1016/j.ecolind.2014.08.016
31. World Health Organization. (2004).Guidelines for drinking-water quality. WHO. [Электрондық ресурс]. URL:-https://iris.who.int/server/api/core/bitstreams/b437749a-43f7-472f-a6d9-42596e8ac0ae/content (жүгіну күні: 10.11.2025).
32. Приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 2 августа 2022 года № ҚР ДСМ-71. Об утверждении гигиенических нормативов к обеспечению радиационной безопасности. (2022). [Электрондық ресурс]. URL:-https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029012 (жүгіну күні: 10.11.2025).
33. UNSCEAR, 2000. Sources, Effects and Risks of Ionizing Radiation. United Nations, New York, USA. [Электрондық ресурс]. URL:-https://www.unscear.org/unscear/en/publications/2000_1.html (жүгіну күні: 10.11.2025).
34. Klementyeva, E. A. (2015). Evaluation of 210Pb and 210Po in natural waters. Problems of Health and Ecology, 3(45), 84–88. [Электрондық ресурс]. URL:-https://sn-biolchem.cfuv.ru/wp-content/uploads/2016/11/007klementyeva.pdf (жүгіну күні: 10.11.2025).
35. Bersimbaev, R. I., Bulgakova, O. (2015). The health effects of radon and uranium on the population of Kazakhstan. Genes and Environment, 37(1), 18. https://doi.org/10.1186/s41021-015-0019-3

36. El-Shlemy, E.S., Gad, A., El Feky, M.G., Mahmoud, A.-M.A., El-Sayed, O., Abed, N.S. (2025). Potentially toxic elements and natural radioactivity in Nasser Lake sediments: Environmental risks in a key Egyptian freshwater lake. Toxics, 13(9), 745. https://doi.org/10.3390/toxics13090745
37. Lu, X., Zhang, X. and Wang, F. (2007). Natural radioactivity in sediment of Wei River, China. Environmental Earth Sciences, 53(7), pp. 1475–1481. https://doi.org/10.1007/s00254-007-0756-0
38. Qureshi, A.A., Tariq, S., Din, K.U. and Manzoor, S. (2014). Evaluation of excessive lifetime cancer risk due to natural radioactivity in the river sediments of Northern Pakistan. Journal of Radiation Research and Applied Sciences, 7(4), pp. 438–447. https://doi.org/10.1016/j.jrras.2014.07.008
39. Powell, B.A., Hughes, L.D., Soreefan, A.M., Falta, D., Wall, M. and DeVol, T.A. (2007). Elevated concentrations of primordial radionuclides in sediments from the Reedy River and surrounding creeks in Simpsonville, South Carolina. Journal of Environmental Radioactivity, 94(3), pp. 121–128. https://doi.org/10.1016/j.jenvrad.2006.12.013
40. Caridi, F., Di Bella, M., Sabatino, G., Belmusto, G., Fede, M. R., Romano, D., Italiano, F., Mottese, A. F. (2021). Assessment of natural radioactivity and radiological risks in river sediments from Calabria (Southern Italy). Applied Sciences, 11(4), 1729. https://doi.org/10.3390/app11041729
41. Pelić, M., Mihaljev, Ž., Živkov Baloš, M., Popov, N., Gavrilović, A., Jug-Dujaković, J., Ljubojević Pelić, D. (2023). The activity of natural radionuclides Th-232, Ra-226, K-40, and Na-22, and anthropogenic Cs-137, in the water, sediment, and common carp produced in purified wastewater from a slaughterhouse. Sustainability, 15(16), 12352. https://doi.org/10.3390/su151612352
42. Subbotin, S., Krivitskiy, P., Larionova, N. (2025). Radiological situation near a mothballed uranium mine. Scientific Reports, 15, 16426. https://doi.org/10.1038/s41598-025-01697-6

REFERENCES

1. Li, H., Wang, Q., Zhang, C., Su, W., Ma, Y., Zhong, Q., Xiao, E., Xia, F., Zheng, G., & Xiao, T. (2024). Geochemical distribution and environmental risks of radionuclides in soils and sediments runoff of a uranium mining area in South China. Toxics, 12, 95. https://doi.org/10.3390/toxics12010095
2. Jiao, Y. Q., Wu, L. Q., Rong, H., Zhang, F. (2021). Review of basin uranium resources in China. Earth Science, 46(8), 2675-2696. https://doi.org/10.3799/dqkx.2020.304
3. World Nuclear Association. World uranium mining production. Electronic resource. URL: https://world-nuclear.org/information-library/nuclear-fuel-cycle/mining-of-uranium/world-uranium-mining-production.aspx. (date of access: 10.11.2025)
4. OECD Nuclear Energy Agency. (2022). Uranium 2022: Resources, production and demand. OECD Publishing. Electronic resource. URL: https://read.oecd-ilibrary.org/nuclear-energy/uranium-2022_2c4e111b-en (date of access: 10.11.2025)
5. Dołhańczuk-Śródka, A. (2012). Estimation of external gamma radiation dose in the area of Bory Stobrawskie forests (PL). Environmental Monitoring and Assessment, 184, 5773–5779. https://doi.org/10.1007/s10661-011-2380-4
6. Long, Z., Zhu, H., Bing, H., Tian, X., Wang, Z., Wang, X., & Wu, Y. (2021). Contamination, sources and health risk of heavy metals in soil and dust from different functional areas in an industrial city of Panzhihua City, Southwest China. Journal of Hazardous Materials, 420, 126638. https://doi.org/10.1016/j.jhazmat.2021.126638
7. Ji, K., Kim, J., Lee, M., Park, S., Kwon, H. J., Cheong, H. K., Jang, J. Y., Kim, D. S., Yu, S., & Kim, Y. W. (2008). Assessment of exposure to heavy metals and health risks among residents near abandoned metal mines in Goseong, Korea. Environmental Pollution, 178. https://doi.org/10.1016/j.envpol.2013.03.031
8. Alexander, A. C., Ndambuki, J. M. (2023). Impact of mine closure on groundwater resource: Experience from Westrand Basin-South Africa. Physics and Chemistry of the Earth, 103432. https://doi.org/10.1016/j.pce.2023.103432
9. Yi, L.. Gao, B., Liu, H., Zhang, Y., Du, C., Li, Y. (2020).Characteristics and Assessment of Toxic Metal Contamination in Surface Water and Sediments Near a Uranium Mining Area. Int. J. Environ. Res. Public Health, 17, 548. https://doi.org/10.3390/ijerph17020548
10. Landa, E. R. (2004). Uranium mill tailings: nuclear waste and natural laboratory for geochemical and radioecological investigations. Journal of Environmental Radioactivity, 77(1), 1-27. https://doi.org/10.1016/j.jenvrad.2004.01.030
11. Wu, Y., Wang, Y., Xie, X. (2014). Occurrence, behavior and distribution of high levels of uranium in shallow groundwater at Datong basin, northern China. Science of the Total Environment, 472, 809-817. https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2013.11.109
12. Gao, L., Kano, N., Sato, Y., Li, C., Zhang, S., Imaizumi, H. (2012). Behavior and distribution of heavy metals including rare earth elements, thorium, and uranium in sludge from industry water treatment plant and recovery method of metals by biosurfactants application. Bioinorganic chemistry and applications, 2012(1), 173819. https://doi.org/10.1155/2012/173819
13. Galhardi, J. A., García-Tenorio, R., Bonotto, D. M., Francés, I. D., Motta, J. G. (2017). Natural radionuclides in plants, soils and sediments affected by U-rich coal mining activities in Brazil. Journal of environmental radioactivity, 177, 37-47. https://doi.org/10.1016/j.jenvrad.2017.06.001
14. Kamnev, E. N., Karamushka, V. P., & Kuzin, R. Z. (2014). Rekultivatsiya ob"ektov dobychi i pererabotki uranovykh rud [Reclamation of uranium mining and processing facilities]. Moscow: Gornaya kniga. 183 p. [In Russian]
15. Saifulina, E., Janabayev, D., Kashkinbayev, Y., Shokabaeva, A., Ibrayeva, D., Aumalikova, M. (2023). Epidemiology of somatic diseases near uranium mining enterprises in Kazakhstan. Healthcare, 11, 804. https://doi.org/10.3390/healthcare11060804
16. Brzhanov, R. T.; Sofronova, L. I. (2021). Tailings as a source of environmental problems. University Proceedings,1(82), 57–72. https://doi.org/10.52209/1609-1825_2021_1_57
17. Bersimbaev, R. I.; Bulgakova, O. (2015). The health effects of radon and uranium in Kazakhstan. Genes and Environment, , 37(1),18. [Электрондық ресурс].URL:-https://genesenvironment.biomedcentral.com/track/pdf/10.1186/s41021-015-0019-3.pdf (жүгіну күні: 10.11.2025)
18. Zhumadilov, K.; Ivannikov, A.; Kassymzhanov, M. (2025). Radiation doses of population near uranium mines (EPR spectroscopy). SSRN Preprint,. https://ssrn.com/abstract=4928278
19. Bugubaeva, A., Kuprijanov, A., Chashkov, V., Kuanyshbaev, S., Valiev, K., Mamikhin, S., Shcheglov, A.; Nugmanov, A., Bulaev, A., Sultangazina, G., Kunanbayev, K., Chernyavskaya, O., Baubekova, G., Ruchkina, G., Safronova, O., Uxikbayeva, M., Sokharev, Y. (2023). Productivity assessment of various plant communities at uranium mine sites in Central Kazakhstan. SABRAO Journal of Breeding and Genetics, 55(3), 864–876. https://doi.org/10.54910/sabrao2023.55.3.21
20. Postanovlenie Pravitel′stva Respubliki Kazakhstan ot 25 iyulya 2001 goda No. 1006. Ob utverzhdenii Programmy konservatsii uranodobyvayushchikh predpriyatii i likvidatsii posledstvii razrabotki uranovykh mestorozhdenii na 2001–2010 gody. Electronic resource. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P010001006_ (date of access: 10.11.2025). [In Russian]
21. Erulik.kz.Aqmola oblysy turaly aqparat. Electronic resource. URL: https://oq.gov.kz/erulik/regions/1. (date of access: 10.11.2025). (date of access: 10.11.2025). [In Kazakh]

22. ST RK GOST R 51592–2003. Voda. Obshchie trebovaniya k otboru prob. Electronic resource. URL:-https://files.stroyinf.ru/Data2/1/4293739/4293739370.pdf (date of access: 10.11.2025). [In Russian]
23. Prikaz Predsedatelya Komiteta gosudarstvennogo sanitarno-epidemiologicheskogo nadzora ot 8 sentyabrya 2011 goda No. 194 «Ob utverzhdenii “Metodicheskikh rekomendatsii po radiatsionnoi gigiene”. Electronic resource. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31249142 (date of access: 10.11.2025). [In Russian]
24. ST RK 1545-2006. Radiatsionnyi kontrol′. Otbor prob poverkhnostnykh i stochnykh vod. Obshchie trebovaniya. Electronic resource. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30527431 (date of access: 10.11.2025). [In Russian]
25. GOST 17.1.5.01-80. Okhrana prirody (SSOP). Gidrosfera. Obshchie trebovaniya k otboru prob donnykh otlozhenii vodnykh ob″ektov dlya analiza na zagryaznennost′. Electronic resource. URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37927607 (date of access: 10.11.2025). [In Russian]
26. ISO/IEC 17025:2019—General Requirements for the Competence of Testing and Calibration Laboratories.2019. International Organization for Standardization: Geneva, Switzerland. Electronic resource. URL: https://www.iso.org/obp/ui/#iso:std:iso-iec:17025:ed-3:v1:en (date of access: 10.11.2025).
27. Kırıs, E., Baltas, H. (2019). Sediment distribution coefficients (Kd) and bioaccumulation factors (BAF) in biota for natural radionuclides in eastern Black Sea coast of Turkey. Microchemical Journal, 149, 104044. https://doi.org/10.1016/j.microc.2019.104044
28. Li, H., Wang, Q., Zhang, C., Su, W., Ma, Y., Zhong, Q. (2024). Radionuclides in soils and sediments near uranium mines. Toxics, , 12, 95. https://doi.org/10.3390/toxics12010095
29. Ogundare, F. O., Adekoya, O. I. (2015). Gross alpha and beta radioactivity in soils and water around a steel facility. Journal of Radiation Research and Applied Sciences, , 8(3), 411–417. https://doi.org/10.1016/j.jrras.2015.02.009
30. Islam, M. S., Ahmed, M. K., Raknuzzaman, M., Habibullah-Al-Mamun, M., Islam, M. K. (2015). Heavy metal pollution in surface water and sediment: A preliminary assessment of an urban river in a developing country. Ecological Indicators, 48, 282–291. https://doi.org/10.1016/j.ecolind.2014.08.016
31. World Health Organization. (2004).Guidelines for drinking-water quality. WHO. Electronic resource. URL: https://iris.who.int/server/api/core/bitstreams/b437749a-43f7-472f-a6d9-42596e8ac0ae/content (date of access: 10.11.2025).
32. Prikaz Ministra zdravoohraneniya Respubliki Kazahstan ot 2 avgusta 2022 goda № KR DSM-71. Ob utverzhdenii gigienicheskih normativov k obespecheniyu radiacionnoj bezopasnosti. (2022). Electronic resource. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029012 (date of access: 10.11.2025). [In Russian]
33. UNSCEAR, 2000. Sources, Effects and Risks of Ionizing Radiation. United Nations, New York, USA. Electronic resource. URL: https://www.unscear.org/unscear/en/publications/2000_1.html (date of access: 10.11.2025).
34. Klementyeva, E. A. (2015). Evaluation of 210Pb and 210Po in natural waters. Problems of Health and Ecology, 3(45), 84–88. Electronic resource. URL:https://sn-biolchem.cfuv.ru/wp-content/uploads/2016/11/007klementyeva.pdf (date of access: 10.11.2025).
35. Bersimbaev, R. I., Bulgakova, O. (2015). The health effects of radon and uranium on the population of Kazakhstan. Genes and Environment, 37(1), 18. https://doi.org/10.1186/s41021-015-0019-3
36. El-Shlemy, E.S., Gad, A., El Feky, M.G., Mahmoud, A.-M.A., El-Sayed, O., Abed, N.S. (2025). Potentially toxic elements and natural radioactivity in Nasser Lake sediments: Environmental risks in a key Egyptian freshwater lake. Toxics, 13(9), 745. https://doi.org/10.3390/toxics13090745
Алынған нәтижелер өңір топырақ жамылғысының полихлорланған бифенилдермен ластану деңгейі салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетеді және оларды Қазақстан Республикасының Стокгольм конвенциясы бойынша халықаралық міндеттемелерін орындау шеңберінде тұрақты органикалық ластаушылардың экологиялық мониторингін ұйымдастыру кезінде пайдалануға болады.

ASSESSMENT OF SOIL COVER CONTAMINATION BY POLYCHLORINATED BIPHENYLS IN THE ZHETYSU REGION

Nariman Amirgaliyev[1] Doctor of Geographical Sciences, Professor, Azamat Madibekov[1,2] PhD, Associate Professor , Laura Ismukhanova [1,2] PhD, Ainur Mussakulkyzy[1] Candidate of Technical Sciences, Botakoz Sultanbekova[1,2], Askhat Zhadi[1], Aray Sultanayeva*[1,2]

[1] JSC «Institute of Geography and Water Security», Almaty, Kazakhstan namirgaliev@mail.ru, madibekov@mail.ru, l--aura@bk.ru, mus_ain@mail.ru, sultanbekova_botakoz@mail.ru, askhat.zhadi@mail.ru, arai1104@mail.ru
[2] Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan; madibekov@mail.ru , l--aura@bk.ru, sultanbekova_botakoz@mail.ru, arai1104@mail.ru
* Corresponding author: Aray Sultanayeva, arai1104@mail.ru

KEY WORDS

persistent organic pollutants, polychlorinated biphenyls, congeners, soil cover

ABSTRACT

The article presents the results of a study on the contamination of the soil cover of the Zhetysu Region of the Republic of Kazakhstan by polychlorinated biphenyls (ПХБs). Soil samples were collected in 2024...2025 at 52 monitoring sites located in different natural and landscape zones of the region. The ПХБ content was analyzed using gas chromatography with an electron capture detector in accordance with the requirements of regulatory documents.
The presence of polychlorinated biphenyls was detected in all studied soil samples. The total ПХБ concentrations ranged from 0.010 to 1.631 μg/kg. A significant diversity of individual congeners was identified, including indicator (“marker”) and dioxin-like compounds. The highest concentrations of the pollutant were recorded in soils of urbanized areas.
A comparative analysis of the research results for 2024 and 2025 showed a noticeable decrease in ПХБ concentrations in 2025. This may be associated with seasonal features of sampling, redistribution of pollutants within the soil profile, and spatial heterogeneity of their distribution.
The obtained results indicate a relatively low level of soil contamination in the region by polychlorinated biphenyls and can be used in organizing environmental monitoring of persistent organic pollutants within the framework of the Republic of Kazakhstan’s implementation of its international obligations under the Stockholm Convention.

About article:
Received: 18.03.2026
Revised: 08.06.2026
Accepted: 28.07.2026
Published: 30.09.2026

Примечание издателя: заявления. мнения и данные во всех публикациях принадлежат только автору (авторам). а не журналу "Гидрометеорология и экология" и/или редактору (редакторам).

Гидрометеорология и экология

Ғылыми мақала

ӨНЕРКӘСІПТІК ӘСЕР ЕТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҮЛБІ ӨЗЕНІНІҢ ЖЕР ҮСТІ СУЛАРЫНЫҢ ГИДРОХИМИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ ЖӘНЕ ЛАЙЛЫЛЫҒЫ

Наталья В. Серая х.ғ.к., профессор, Гульжан К. Даумова* т.ғ.к., профессор, Ольга А. Петрова т.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Жанат К. Идришева т.ғ.к., профессор, Арина А. Полякова, Игорь А. Денисов, аға оқытушы

Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті, Өскемен, Қазақстан; NSeraya@edu.ektu.kz (НВС), GDaumova@edu.ektu.kz (ГКД), OPetrova@edu.ektu.kz (ОАП), Zhidrisheva@edu.ektu.kz (ЖКИ), APolyakova@edu.ektu.kz (ААП), IDenisov@edu.ektu.kz (ИВД)
* Автор корреспондент: Гульжан К. Даумова, GDaumova@edu.ektu.kz (ГКД)

ТҮЙІН СӨЗДЕР

Үлбі өзені, Ертіс өзені, гидрохимия, лайлылық, жер беті сулары, техногенді әсер, ауыр металдар, экологиялық мониторинг

АБСТРАКТ

Өскемен қаласының қалалық және өнеркәсіптік аймағының әсерінен Үлбі өзенінің беткі суларының гидрохимиялық құрамы мен лайлылығына зерттеу жүргізілді. Сынамалар төрт бақылау телімдерінен алынды: қаланың үстіндегі жоғарғы ағыс, қала шегіндегі орта ағыс, өнеркәсіптік аймақтан төмен және Ертіске құйылғанға дейінгі төменгі телім. Химиялық элементтердің кең спектрінің, сонымен бірге Li, Be, B, Na, Mg, Al, P, K, Ca, Cr, Mn, Fe, Co, Ni, Cu, Zn, As, Mo, Cd, Pb концентрациялары анықталынып, судың лайлылығы өлшенді. Элементтердің көпшілігінің концентрациясы шекті рұқсат етілген шектерде болатындығы анықталды, ал концентрацияның жергілікті асып кетуі Al, Fe, Sr және Ag үшін орта және төменгі ағысында тіркелді, бұл өнеркәсіптік кәсіпорындар мен қалалық ағындардың антропогендік әсерімен байланысты. Лайлылық 2,23-тен 4,23 NTU-ға дейін ауытқиды, бұл қалқыма бөлшектер мен металдардың жоғарылауымен тікелей байланысты екенін көрсетті. Зерттеу нәтижелері гидрохимиялық көрсеткіштер мен лайланудың кешенді мониторингінің ақпараттылығын техногендік жүктеменің индикаторы ретінде растайды, бұл өндірістік әсер ету аймағындағы өзендердің экологиялық жағдайын бағалауға және одан әрі экологиялық мониторингтің негізін қалауға мүмкіндік береді.

1. КІРІСПЕ

Өнеркәсібі дамыған аймақтардағы өзендердің жер үсті сулары олардың гидрохимиялық режимі мен су сапасын анықтайтын табиғи және антропогендік факторлардың кешенді әсеріне ұшырайды. Аумақтардың қарқынды өнеркәсіптік игеру жағдайында судың химиялық құрамының кеңістіктік өзгергіштігін және арналық жүйелердегі ластаушы заттардың түсуі мен тасымалдануын көрсететін көрсеткіштерді зерттеу ерекше өзектілікке ие болады. Су экожүйелерінің жай-күйінің ақпараттық көрсеткіштерінің бірі минералды және органикалық текті қалқыма бөлшектердің құрамын көрсететін судың лайлылығы болып табылады. Суспензия химиялық элементтердің, соның ішінде бөлшектердің бетінде сорбцияланууға және айтарлықтай қашықтыққа тасымалдануға қабілетті ауыр металдардың миграциясында маңызды рөл атқарады. Осыған байланысты судың элементтік құрамын талдаумен бірге лайлануды бағалау ластаушы заттардың тасымалдану ерекшеліктерін және олардың көздерін анықтауға мүмкіндік береді.

Заманауи гидрохимиялық зерттеулер судың лайлануын бейорганикалық және органикалық текті қалқыма бөлшектердің құрамын көрсететін интегралды көрсеткіш ретінде қарастырады. Лайланудың жоғарылауы, көбінесе техногендік әсерлерге, жер үсті

Мақала жайында:
Жіберілді: 20.03.2026
Қайта қаралды: 02.06.2026
Қабылданды: 25.08.2026
Жарияланды: 30.09.2026

Дәйексөз үшін:
Серая Н., Даумова Г., Петрова О., Идришева Ж., Полякова А., Денисов И., Өнеркәсіптік әсер ету жағдайындағы Үлбі өзенінің жер үсті суларының гидрохимиялық сипаттамасы және лайлылығы// Гидрометеорология және экология, 123 (3), 2026, 125-141

суларының ағынына және ластанған аумақтардың эрозиясына байланысты. Жеке химиялық параметрлерден лайланудың айырмашылығы, ол су жинау жағдайының өзгеруіне жылдам әсер етеді және су объектілерінің антропогендік өзгеру дәрежесін бағалау үшін кеңінен қолданылады. Авторлар [1] қалқыма қатты бөлшектердің су объектілерінің гидрохимиялық қасиеттеріне және су биотасына әсеріне шолуды жан-жақты жүргізген. Лайлану қалқыма заттардың нақты концентрациясын анықтау жиынтығын, су экожүйесіне әсерін толық бағалау үшін олардың өлшемдерінің таралуы мен химиялық құрамын және су сапасының тиімді стандарттарын әзірлеуді қарастыратынын көрсеткен.

Ауыр металдар мен металлоидтар қалқыма бөлшектердің бетінде тиімді сорбцияланууға және байланысқан күйде тасымалдануға қабілетті екендігі белгілі. Мұндай жағдайларда лайланудың жоғарылауы қатты фазамен байланысқан металдар үлесінің ұлғаюымен қатар жүреді, бұл олардың миграциялық қабілетін арттырады және қайталама ластану аймақтарын қалыптастырады. Бұл процестерге әсіресе Fe, Mn, Cu және Zn элементтері белсенді қатысады. Өзендердегі ауыр металдарды тасымалдаудың заманауи тұжырымдамалары ластаушы элементтерді тасымалдаудағы қалқыма бөлшектердің басым рөлін көрсетеді. Авторлардың [2] жұмыстарында қалқыма бөлшектердің маусымдық ауытқулары өзен жүйесіндегі металдардың таралуы мен жылдық тасымалдануын анықтаған, сонымен бірге металлоидтардың едәуір бөлігі, әсіресе су ағынының көтерілу кезеңдерінде, қалқыма бөлшектермен қауымдасып, тасымалданады. Мұндай процестердің негізгі теориялық негіздері монографияда [3] баяндалған, мұнда металдардың сулы ортадағы адсорбциясы мен миграциясының физикалық-химиялық механизмдері және олардың лайлану сипаттамаларымен байланысы егжей-тегжейлі сипатталған, бұл техногендік жүктелген өзендердің гидрохимиялық жағдайын бағалауда SPM -ны негізгі параметрге айналдырады.

Соңғы жылдары өнеркәсіптік және урбанизацияланған әсерге ұшыраған өзендердің гидрохимиялық жағдайына жүргізілген зерттеулер өнеркәсіптік су ағындарындағы лайланудың жоғары деңгейі көбінесе жер үсті суларындағы ауыр металдар концентрациясының жоғарылауымен байланысты екенін растады, өйткені шөгінділер мен қалқыма бөлшектер металдарды тиімді сіңіріп, олардың миграциясына ықпал ете алады. Бұл 2023 жыл бойы Хиндон өзенінің (Музаффарнагар округі, Үндістан) суындағы ауыр металдардың физикалық-химиялық параметрлері мен концентрацияларының маусымдық ауытқулары зерттелген зерттеу нәтижелеріне сәйкес келеді. Әртүрлі көрсеткіштер, соның ішінде лайлану, сондай-ақ ауыр металдардың концентрациясы талданған. Барлық маусымдарда лайлану мәндері рұқсат етілген шектен асып кеткен, бұл судың ластануының жоғары дәрежесін көрсетеді. Су сынамаларындағы Cd, Cu, Cr, Fe, Mn, Zn және Pb концентрациясы айқын маусымдық өзгергіштікті көрсетті: максималды мәндер жазда, минимумдар муссон маусымында тіркелген. Өзен суындағы ауыр металдардың көбеюінің негізгі себептеріне өнеркәсіптік ақаба сулар, ауылшаруашылық ағындары және қалдықтарды рұқсатсыз орналастыру жатады [4]. Сонымен, мақала авторлары лайлылықты су сапасының оптикалық параметрі ретінде ғана емес, сонымен қатар өнеркәсіптік ақаба сулардың әсерінен гидравликалық жүйелердегі ластаушы заттардың тасымалдану қарқындылығының көрсеткіші ретінде де қарастырады.

Авторлар [5] мақалада қалқыма қатты бөлшектер Хуанхэ өзен суындағы ауыр металдардың маңызды тасымалдаушысы екендігі көрсетілген. Нәтижелер көрсеткендей, ауыр металдардың көпшілігінің концентрациясы (еріген және қатты фазаларда) жаңбырлы маусымда құрғақ мезгілге қарағанда жоғары болған. Ауыр металдардың едәуір бөлігі (>70 %) қалқыма фазада тасымалданатыны және металдардың концентрациясының мутациясы жыл мезгіліне және су ағынының гидродинамикасына байланысты өзгеретіні анықталған.

Қалқыма қатты бөлшектер (ҚҚБ) судың лайлануын және өзен экожүйелеріндегі ауыр металдарды қоса алғанда, химиялық элементтердің тасымалдануын анықтайтын негізгі фактор болып табылады. Жұмыста [6] Янцзы өзені жүйесіндегі ҚҚБ концентрациясы жыл мезгілдеріне байланысты өзгеріп отыратыны, су тасқыны кезінде максимумға және құрғақшылық кезеңінде минимумға жететіні анықталды. ҚҚБ -ның түзілуі табиғи факторлармен (жауын-шашын, ағындар), сондай-ақ өндірістік және ауылшаруашылық төгінділерден, кеме қатынасы мен гидротехникалық жұмыстарды қоса алғанда, антропогендік әрекеттермен анықталады. Бұл бөлшектер ауыр металдар мен органикалық ластаушы заттарды өз беттеріне адсорбциялайды, бұл олардың арна бойымен қозғалуына және ластанудың таралуына ықпал етеді. Осылайша, ҚҚБ-ні зерттеу ластаушы заттардың миграциясын бағалауға мүмкіндік береді және өнеркәсіптік әсер ету жағдайында жер үсті суларының лайлылығы мен сапасын талдауда маңызды рөл атқарады.

Өзен қалқымаларының үйінділері жер үсті суларындағы ауыр металдарды тасымалдауда шешуші рөл атқарады, бұл Обь өзенінің орта ағысы мен оның Батыс Сібірдегі шағын салаларының мысалында анық көрсетілген. Маусымдық зерттеулерге сәйкес, қатты заттар құрамындағы бірқатар ауыр металдардың мөлшері жыл ішінде айтарлықтай өзгеретіні және өзеннің гидрологиялық жағдайымен анықталатыны белгілі болды [7].

Бірқатар жұмыстарда Байкал көлінің ең ірі саласы болып табылатын Селенга өзен бассейні трансшекаралық тасымалдауға да, жергілікті антропогендік көздерге де байланысты жер үсті суларының ауыр металдармен ластануының жоғары деңгейімен сипатталған. Кеңістіктік талдау көрсеткендей, Селенга өзенінің ластануына негізгі үлес су алабының жоғарғы ағысында, негізінен тау-кен және өндірістік қызметі дамыған аудандарда орналасқан көздерден түседі. Ең үлкен экологиялық қауіп мырышқа байланысты болды, оның концентрациясы рұқсат етілген мәндерден жиі асып түскен, сондай-ақ Mn, Fe, Cr, Cu және As маңызды ластаушы заттар ретінде қарастырылған. Алынған нәтижелер Селенга өзені бассейнінің су объектілеріне антропогендік жүктемені азайту бойынша шараларды жүйелі түрде бақылау мен әзірлеу қажеттілігін көрсетеді [8].

2011…2016 жылдар аралығында Селенга өзені бассейнінде жүргізілген ұзақ мерзімді далалық зерттеу нәтижелерінің қысқаша шолу салыстырмалы түрде бұзылмаған аудандарда, қала құрылысы аймақтарында және тау-кен өндірісінде фондық металдардың концентрациясы әлемдік орташа деңгейге жақын болғандықтан, судағы және қалқымалы шөгінділердегі бірқатар элементтердің (Zn, As, Cd, Cu, Mo, Pb) мөлшері фондық мәндерден 1…2 есеге асып түсетінін көрсеткен. Ең айқын ауытқулар еріген мышьяк пен кадмий үшін, әсіресе ірі өнеркәсіп орталықтарының аймақтарында тіркелген. Нәтижелер металдардың миграциясындағы қалқыма бөлшектердің шешуші рөлін көрсетеді және Селенга бассейніндегі техногендік ластану тек өзен экожүйелеріне ғана емес, сонымен қатар өзен атырауы мен төменгі ағысында орналасқан Байкал көліне де қауіп төндіретінін растайды [9].

2020…2023 жылдары Селенга өзені атырауында еріген Fe, Cu және Ni формаларының ең қарқынды ағыны қатты жауын-шашын мен су тасқыны жылдарында тіркелген, бұл топырақтың жоғарғы қабаттарынан органоминералды кешендердің шығарылуымен байланысты. Мұз асты кезеңінде тотығу-тотықсыздану және гидродинамикалық жағдайлардың өзгеруі жер асты суларынан және түпкі шөгінділерден Mn, Zn және Cr бөлінуіне ықпал етті. Шекті рұқсат етілген концентрациялардан асып кету жиілігін талдау атырау суларының ластану деңгейінің қалыптасуына Mn, Fe, Cu және Zn басымдылық үлесін көрсетті [10].

Келесі авторлар [11] жүргізілген зерттеулерде Іле өзенінің суындағы трансшекаралық телімде ауыр металдардың (Cd, Cu, Zn, Co, Ni) тасымалдануы және олардың таралуына Қапшағай гидроэлектростанциясының әсері бағаланған. Лайлылығы жоғары аймақтар ауыр металдардың ең көп шоғырланған аймақтарымен сәйкес келетіні

көрсетілген. Лайлылық тек қалқымалы заттардың ағымдағы ағынын ғана көрсетіп қоймай, сонымен қатар бұрын жинақталған ластаушы заттардың қайта бөлінуіне қатысатындығы, су экожүйелерінің екінші реттік ластануын күшейтетіні анықталды. Жоғарыда аталған авторлар [11] Қазақстан аумағындағы Іле өзен суындағы ауыр металдардың құрамын зерттеу мыс, мырыш, кобальт, никель концентрацияларының шекті рұқсат етілген мәндерден асып кеткенін көрсетті. Судағы Fe, Mn, Cu және Zn жалпы құрамының 60…85 %-ға дейінгі қалқыма фазамен байланысты екені анықталды, металдардың максималды концентрациясы лайлылығы жоғарылаған кезеңдер мен телімдерге сәйкес келетіні дәлелденген. Авторлар бөлшектердің шөгуіне байланысты лайлану азайған кезде металдардың еріген концентрацияларының азайғанын көрсеткен, бұл сорбциялық-десорбциялық процестердің шешуші рөл атқаратынын байқатады.

Қалалық жерлерде судың лайлануы жол беттерінен, өнеркәсіптік алаңдардан және құрылыс алаңдарынан ұсақ бөлшектерді тасымалдайтын жер үсті нөсер суларының ағынынан туындайды. Бұл қалқыма бөлшектер металдарға бай және тікелей ағындар болмаған кезде де судың гидрохимиялық құрамын айтарлықтай өзгерте алады. Қазақстанның өнеркәсіптік қалалары үшін бұл механизм жер үсті суларының сапасының нашарлауының негізгі факторы ретінде танылған. Келесі зерттеу [12] Алматы қаласының (Үлкен және Кіші Алматы, Есентай өзендері) су объектілерінің химиялық ластану деңгейін бағалау мен тұрмыстық және өндірістік ағынды сулардың төгілуіне байланысты өзен суларында ауыр металдардың едәуір мөлшерде болуын анықтаған. Органолептикалық қасиеттері мен химиялық көрсеткіштерін талдау жекелеген компоненттер бойынша ШРК-ның асып кетуін растады, бұл қалалық агломерациядағы жер үсті суларының табиғи режимінің терең бұзылуын көрсетеді.

Шығыс Қазақстан облысы Қазақстан Республикасының ерекше индустриялық дамыған өңірлерінің қатарына жатады, мұнда тау-кен өндіру, металлургия және энергетика кәсіпорындарының жоғары шоғырлануы жерүсті су объектілеріне тұрақты техногендік жүктемені қалыптастырады. Өңірдің өзендері урбанизацияланған және өнеркәсіптік аумақтар арқылы ағып өтеді, бұл олардың гидрохимиялық режимінің өзгеруіне, металдардың концентрациясының жоғарылауына және қалқымалы заттардың көбеюіне әкеледі. Соңғы жылдары Ертіс трансшекаралық өзенінің гидрохимиялық жағдайын зерттеу минералдану, иондық құрам, жалпы кермектілігі, еріген газ құрамы және pH сияқты негізгі химиялық көрсеткіштердің кеңістіктегі біртектілігін анықтады. Алынған деректер бассейннің қазақстандық бөлігіндегі гидрохимиялық режимнің өзгермелілігін көрсетеді, бұл тек табиғи айырмашылықтарды ғана емес, сонымен қатар әртүрлі шаруашылық жүктемелері бар аймақтардағы антропогендік факторлардың әсерін де көрсетеді [13].

2023 жылы Ертіс өзенінің қазақстандық бөлігінде (27 станция) жүргізілген далалық зерттеулер ауыр металдармен ластанудың кеңістікте айқын гетерогенділігін көрсетті. Негізінен өзеннің төменгі ағысында Cu және Fe бойынша ШРК мәнінен асып кетуі, сондай-ақ Cr және Zn бойынша жергілікті асып кетулер тіркелген. Нәтижелер, әсіресе трансшекаралық өзен жүйелерінде, қалқыма бөлшектермен және судың лайлануымен ықтимал байланысты металдарды тасымалдау процестерін ескере отырып, гидрохимиялық деректерді кешенді түсіндіру қажеттілігін көрсетеді [14].

Қазақстан Республикасы аумағындағы Ертіс трансшекаралық өзенінің гидрохимиялық жағдайы бойынша [15] су бағанындағы ауыр металдардың құрамы кеңістіктегі біртектілікпен және өндірістік және муниципалдық көздердің әсерімен байланысты жергілікті нормалардан асып кетуімен сипатталатындығын көрсетті. Өскемен маңындағы аудандарда темірді қоса алғанда, он алты макро- және микроэлемент анықталған, олар шекті рұқсат етілген концентрациядан (ШРК) 1,2...2 есеге асып түскен. Авторлар өнеркәсіптік қысым жағдайында ауыр металдарды үздіксіз бақылаудың маңыздылығын, сондай-ақ жоғары ағын жылдамдығы мен өзін-өзі сүзу жағдайларының еріген және қалқыма фазалар арасындағы элементтердің таралуына әсер ету мүмкіндігін

атап өтеді, бұл Ертіс өзені жүйесіндегі лайлылық пен ластаушы заттардың тасымалдану мәселелеріне тікелей қатысты.

Келесі жұмыста [16], Zn, Cu, Cd және Pb сияқты элементтер Шығыс Қазақстан өзендері үшін антропогендік жүктеменің басым көрсеткіштері болып табылатыны көрсетілген. Олардың концентрациясы қалалық жерлерде және өнеркәсіптік аймақтардан төмен жерлерде айтарлықтай артады, бұл қалалық ағынды сулар мен өнеркәсіптік шығарындылардың әсерін көрсетеді. Бұл металдардың кеңістіктік таралуы техногендік әсердің ең жоғары аймақтарын анықтауға және өзендердің гидрохимиялық режимінің трансформация дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Заманауи басылымдарды талдау нәтижелері көрсеткендей, Шығыс Қазақстан өзендері судың лайлылығы мен ластаушы элементтердің миграциясы арасындағы тұрақты байланыстармен сипатталады. Дегенмен, жұмыстардың көпшілігінде химиялық талдау сұйық және қатты фазаларды нақты ажыратпай жүргізілген, бұл металдардың тасымалдану механизмдерін түсіндіруді қиындатады. Осыған байланысты лайлануды өлшеуді және еріген су фазасының элементтік құрамын талдауды біріктіретін кешенді тәсіл өзекті болып табылады [17].

Ертіс бассейнін кешенді зерттеулер лайлылық пен гидрохимиялық параметрлердің кеңістіктік гетерогенділігі, көбінесе антропогендік салалардың үлесіне байланысты екенін көрсетеді. Үлбі өзені - Ертіс өзеніне Өскемен қаласы шекарасында ауыр металдар мен қалқыма заттардың негізгі түсу көздерінің бірі ретінде қарастырылған [18].

Үлбі өзені бассейні Шығыс Қазақстанның жер үсті су жүйесінде ерекше орын алады, ол өнеркәсіптік нысандардың тығыздығының жоғарылығымен және тау-кен металлургиялыө игерулердің ұзақ тарихымен сипатталады. Аймақтық зерттеулер Үлбі өзені бассейнінің (Риддер аймағы) ауыр металдармен қатты ластанғанын көрсетеді. Атап айтқанда, Үлбі өзені (21 ШРК дейін), Тихая өзені (5 ШРК дейін) және Филипповка өзені (3 ШРК дейін) суларында Cd деңгейі шекті рұқсат етілген концентрациядан (ШРК) асып түскен [19].

Үлбі өзенінің Ертіс өзені су сапасын қалыптастырудағы көпшілікке белгілі рөліне қарамастан, өзеннің бойлық профилі бойындағы жер үсті суларының лайлылығы мен элементтік құрамын талдауды біріктіретін егжей-тегжейлі зерттеулер шектеулі болып қала береді. Жұмыстардың көпшілігі [20, 21] лайлылықтың кеңістіктік өзгергіштігін және элементтердің фазалық таралуын ескермей, өзеннің түпкі шөгінділеріне немесе интегралды көрсеткіштерін анықтауға бағытталған.

Сонымен, заманауи басылымдарды талдау барысында жер үсті суларының лайлылығы мен олардың элементтік құрамы қазіргі техногендік әсердің де, ластаушы заттарды тасымалдау процестерін де көрсететін өзара байланысқан көрсеткіштер екенін көрсетеді. Шығыс Қазақстан өзендері үшін, атап айтқанда Үлбі өзені үшін өнеркәсіптік әсер ету жағдайында судың лайлануы мен гидрохимиялық сипаттамаларын бір мезгілде бағалауға бағытталған кешенді зерттеулерге қажеттілік сақталады. Бұл осы зерттеудің ғылыми және практикалық маңыздылығын анықтайды.

Зерттеудің мақсаты қалқыма бөлшектердің тасымалдану процессімен байланысты олардың және химиялық элементтердің таралуының кеңістіктік заңдылықтарын айқындай отырып, Өскемен қаласы өнеркәсіптік әсерлер мен кенттену жағдайындағы Үлбі өзенін бойлай профилдік ағысының бойымен жер беті суларының лайлылығы мен гидрохимиялық құрамын кешенді бағалау болып табылады.

2. МӘЛІМЕТТЕР МЕН ӘДІСТЕР

2.1 Зерттеу нысаны және сынамаларды іріктеу

Зерттеу нысаны Шығыс Қазақстан аумағы арқылы өтетін және антропогендік жүктеменің айқын кеңістіктік әртектілігімен сипатталатын Үлбі өзені болып табылады. Зерттелетін телім шекарасында өзен табиғи және техногендік факторлардың әсерінен жер үсті суларының гидрохимиялық сипаттамаларының өзгеруін бақылауға мүмкіндік беретін

шартты түрде фондық, урбанизацияланған және өнеркәсіптік жүктелген аймақтарды дәйекті түрде кесіп өтеді.

Жер үсті суларының химиялық құрамының кеңістіктік өзгергіштігін бағалау үшін өзеннің жоғары ағысына, қала құрылысы шегіндегі телімге, өнеркәсіптік кәсіпорындардың ықпал ету аймағына, сондай-ақ Үлбі өзенінің Ертіс өзеніне құяр алдындағы төменгі бөлігін қамтитын репрезентативті тұстамалар жүйесіне жіктелінді. Тұстамалардың орналасуы іріктеу шарттарының салыстырмалылығын қамтамасыз етті және су ағыны бойымен антропогендік жүктеменің өсу градиентін көрсетті.

Жер үсті суларының сынамаларын фактіге негізделген іріктеу 2025 жылдың тамыз айында бекітілген гидрохимиялық мониторинг бағдарламасына сәйкес жүргізілді. Сынаманы алу өзен бассейнінің негізгі функционалдық аймақтарына сәйкес келетін төрт нүкте бойынша жүргізілді (кесте 1, сурет 1). Әрбір нүктеде үш параллель сынама алынды, олардың көмегімен кейінгі талдау үшін ортаңғы сынама алынды.

Кесте 1

Үлбі өзенінің жер үсті суларының сынамаларын алудың нақты нүктелері

№	Сынамаларды іріктеу нүктелері	Күні	Координаттар	Ескертпе
1	№1	27.08.2025	50°2′38.00″ С, 82°51′11.00″ Ш	Үлбінің жоғарғы бөлігі, шартты фон
2	№2	27.08.2025	50°0′9.66″ С, 82°40′57.28″ Ш	Орта ағыс, қалалық телім
3	№3	28.08.2025	49°58′14.59″ С, 82°37′34.44″ Ш	Өнеркәсіптік аймақтан төменгі телім
4	№4	28.08.2025	49°57′7.00″ С, 82°35′7.00″ Ш	Төменгі телім, Ертіске құяр алдында

№1 нүкте Үлбі өзенінің жоғарғы ағысында қала құрылысынан жоғары орналасқан және су алабының бастапқы табиғи гидрохимиялық фонын сипаттайды. Бұл телім минималды түрде тікелей техногендік әсерге ұшырайды және зерттеу жұмысында жер үсті суларының құрамын салыстырмалы талдау кезінде шартты фон ретінде пайдаланылды.

№2 нүкте қала шекарасында өзеннің орта ағысымен шектеседі және кенттенген аумақтың, соның ішінде коммуналдық-тұрмыстық ағынды сулардың, жер үсті нөсер суларының және тұрғын үй және көлік инфрақұрылымы аймағында пайда болатын диффузиялық ластану көздерінің әсерін көрсетеді.

№3 нүкте өнеркәсіптік аймақтан төмен орналасқан және өнеркәсіптік кәсіпорындардың жер үсті суларының сапасына жалпы әсерін бағалауға арналған. Бұл тұстаманың гидрохимиялық сипаттамалары ұйымдасқан және ұйымдастырылмаған өнеркәсіптік төгінділердің үлесін, сондай-ақ техногендік түрлендірілген жағалау аумақтарынан элементтердің қайталама түсу процестерін көрсетеді.

№4 нүкте Үлбі өзенінің Ертіске құяр алдында, оның төменгі ағысында орналасқан және зерттелетін телімнің бүкіл ұзындығы бойында табиғи және антропогендік факторлардың жиынтығының әсерінен пайда болатын жер үсті суларының интегралды жағдайын сипаттайды.

Осылайша, сынама алудың таңдап алынған сұлбасы Үлбі өзені жер беті суларының гидрохимиялық құрамының кеңістіктік өзгергіштігі мен өзен суының фондық жағдайдан қарқынды антропогенді әсерлер аймағына және одан әрі интегралды ағынның теліміне дейінгі түрленуін қадағалауды сипаттайды

2.2 Судың лайлылығы мен химиялық құрамын зерттеу әдістері.

Судың лайлылығы далалық жағдайда ±0,1 NTU дәлдігімен Hanna HI 93414-02 турбидиметрін пайдаланып өлшенді. Әр нүкте үшін үш параллель өлшеу жүргізілді, өлшеуден алынған нәтижелер орташаланды [22].

Жер үсті суларының лайлылығы бейорганикалық және органикалық текті қалқыма бөлшектердің құрамын көрсететін интегралды физикалық-химиялық көрсеткіш ретінде анықталды. Бұл параметр су қабатының қатты фазамен қанығу дәрежесін сипаттау және ластаушы компоненттердің миграциясындағы қалқыма заттардың әлеуетті рөлін бағалау

үшін пайдаланылды. Лайлылықты өлшеу химиялық талдауды орындауға дейін жүргізілді және су нысандарының гидрохимиялық жағдайын бағалаудың бастапқы кезеңдерінің бірі ретінде қарастырылды.

Химиялық элементтерді талдау 0,45 мкм мембраналық сүзгілер арқылы сүзуден және сынаманы қышқылмен тұрақтандырғаннан кейін (HNO3, pH < 2) индуктивті байланысқан плазма әдісімен масса-спектрометриялық анықтау (ICP-MS) арқылы жүргізілді [23]. Макроэлементтер (Na, Mg, Ca, K, P), микроэлементтер және ауыр металдар (Fe, Mn, Cu, Zn, Ni, Cr, V, Sr, Li, B, W, Pb, As, Cd, Sb) анықталды. Дәлдікті бақылау үшін элементтердің сертификатталған стандартты ерітінділері пайдаланылды. Элементтердің концентрациясы мен лайлылықтың кеңістіктегі таралуы нүкте бойынша орташа мәндерді қолдану арқылы талданды [24]. Химиялық талдау су сынамаларының еріген фазасының элементтік құрамын анықтауға бағытталды, бұл тұрақсыз қалқыма фракцияның әсерін жоюға және алынған концентрациялардың су сапасының нормативтік мәндерімен дұрыс салыстырылуын қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Үлбі өзенінің жер беті суларының сапасын қалыптастырудағы табиғи гидродинамикалық және антропогенді факторлардың үлесін бағалау мен ластағыш заттардың таралуының кеңістіктік ерекшеліктерін анықтау үшін лайлылық пен еріген фазаның құрамы туралы мәліметтер бірге қолданылды.



Сурет 1. *Спутниктік түсірілімдегі Үлбі өзенінен сынамаларды алудың нақты нүктелерінің орналасу сызбасы (Google Earth)*

3. НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ТАЛҚЫЛАУ

Жер үсті суларының лайлылығы - бейорганикалық және органикалық тектес қалқыма бөлшектердің құрамының кешенді өлшемі және көбінесе су ағындарына антропогендік жүктеменің индикаторы ретінде қолданылады. Алынған мәндер 2,23-тен 4,23 NTU-ге дейін, бұл зерттеу аймағында қалқыма фазаның пайда болуының гетерогенді жағдайларын көрсетеді (сурет 2). Ең төменгі лайлылық өзеннің жоғарғы бөлігінде (№1 нүкте - 2,23 NTU), қалалық құрылыстан жоғары орналасқан жерде тіркелді. Бұл телім фондық гидрохимиялық жағдайлармен және қалқыма заттардың табиғи пайда болуын көрсететін минималды антропогендік әсермен сипатталады. Қала шекарасында (№2 нүкте) лайлылық 3,61 NTU-ға дейін артады. Бұл көрсеткіштің өсуі кенттену әсеріне, соның ішінде жер үсті нөсер суларының ағынына, жағалаулық эрозияға және Өскемен қаласының орталық бөлігіне тән диффузиялық коммуналдық және тұрмыстық көздерге байланысты. Лайлылықтың жоғары мәндері өнеркәсіптік аймақтан төмен тіркелді (№3 нүкте - 4,23 NTU). Бұл антропогенді пайда болған қалқыма бөлшектердің қарқынды

ағынына, сондай-ақ гидродинамикалық процестермен қайта таралған ұсақ дисперсті материалдардың су қабатына енуімен байланысты екенін көрсетеді. Бұл телім аса жоғары антропогендік жүктememен сипатталады және қалқымалы ағынының белсенді қалыптасу аймағы ретінде роль атқарады. Өзеннің Ертіске қосылғанға дейінгі төменгі бөлігінде (№4 нүкте) лайлылық 3,13 NTU-ға дейін төмендейді. Бұл төмендеу қалқыма бөлшектердің ішінара шөгуіне, сондай-ақ гидродинамикалық жағдайлары тұрақты аймақтарға тән ағынның сұйытылуына байланысты болуы мүмкін.



Сурет 2. *Үлбі өзенінің бөктеріндегі лайланудың орташа мәні*

Жалпы алғанда, лайлылықтың Үлбі өзені ағысы бойынша таралуы қала және өнеркәсіптің аймақтың аумағында антропогенді әсердің жүйелі түрде өсуін, кейіннен төменгі ағыста көрсеткіштің төмендеуін көрсетеді. Бұл өзеннің төменгі телімінің қалқыма материалдарды Ертіске тасымалдаудың транзиттік аймағы ретінде роль атқаратынын растайды және өнеркәсіптік әсердің жағдайында жер үсті сулары сапасының кеңістіктік түрленуінің индикаторы ретінде лайлылық мәндерінің маңыздылығын айқындайды.

Жер үсті суларының лайлылығының артуы қалқыма фаза үлесінің артуын көрсетеді; дегенмен, бұл зерттеудегі химиялық талдау су сынамаларының сұйық (еріген) фазасында жүргізілді. Сондықтан, гидрохимиялық параметрлерді одан әрі қарастыру қатты фазаның тікелей үлесіне тәуелсіз, өзен бойындағы еріген элементтердің таралуын және олардың кеңістіктік өзгергіштігін бағалауға бағытталған. Соған қарамастан, кеңістіктік лайлылық үрдістерінің маңызды түсіндірмелік мәні бар, себебі қалқыма бөлшектер сорбциялық-десорбциялық процестер арқылы элементтердің еріген түрге екінші реттік ену көзі ретінде әрекет ете алады және сонымен қатар белсенді антропогендік әсер ету аймақтарын анықтай алады. Сондықтан, лайлылықтың өзгерістерін химиялық элементтер концентрациясының өзгерістерімен салыстыру кенттенген және өнеркәсіптік жүктеме жағдайында Үлбі өзенінің жер үсті су сапасының өзгеруін толығырақ сипаттауға мүмкіндік береді.

Үлбі өзенінің су экожүйесіндегі элементтік құрамын және ықтимал антропогендік әсерлерді бағалау үшін жер үсті су үлгілерінің масс-спектрометриялық талдауы жүргізілді. Жер үсті су үлгілерінің сандық талдау нәтижелері кестеде келтірілген (кесте 2).

Кесте 2

Үлбі өзенінің жер үсті суларының сынамаларындағы элементтердің бекітілген ШРК мәні [25] мен концентрациялары

Элементтер	ШРК, мг/дм^3	Сынама алынған нүктелер			
		№1	№2	№3	№4
		С, мг/дм^3			
Be	0.0001	0,00001	0,00002	0,00001	0,00003
B	≤0.5	0,00783	0,01020	0,00923	0,01053
Na	120	3,09	3,23	3,19	4,89
Mg	≤20	3,11	3,55	3,02	4,19
Al	0,04	0,03082	0,12834	0,07846	0,03074
P	0,1	0,11519	0,11882	0,11772	0,11582
K	50	0,83	0,77	0,67	0,85
Ca	180	6,15	6,76	5,92	8,31
Cr	0,1	0,00041	0,00049	0,00077	0,00044
Mn	0,01	0,00250	0,00309	0,00204	0,00122
Fe	0,1	0,04782	0,12809	0,08674	0,03915
Co	0,005	0,00008	0,00010	0,00011	0,00013
Ni	0,008	0,00066	0,00071	0,00072	0,00075
Cu	0,001	0,00391	0,00298	0,00346	0,00360
Zn	0,01	0,05084	0,02987	0,03214	0,04594
As	0,002	0,00060	0,00068	0,00083	0,00078
Mo	0,001	0,00097	0,00064	0,00061	0,00076
Cd	0,001	0,00062	0,00036	0,00033	0,00029
Pb	0,006	0,00059	0,00046	0,00057	0,00016

Үлбі өзенінің жер үсті суларының химиялық талдау нәтижелері зерттеу аймағындағы судың гидрохимиялық құрамы табиғи су жинау факторлары мен қалалық және өнеркәсіптік аймақтарда артатын антропогендік жүктемелердің біріккен әсерінен қалыптасатынын көрсетті. Тұрмыстық, ауыз су және балық шаруашылығы мақсаттарында пайдаланылатын су айдындары үшін шекті рұқсат етілген концентрациялармен (ШРК) зерттеу нәтижесінде алынған концентрацияларды салыстыру өзеннің экологиялық жағдайына жағымсыз әсер ететін элементтерді анықтауға мүмкіндік берді. Барлық телімдердегі сілтілі және сілтілік жер элементтерінің (Na, K, Ca, Mg) мөлшері тиісті ШРК-дан айтарлықтай төмен және өзеннің бойлық профилі бойынша салыстырмалы түрде біркелкі таралуымен сипатталады. Натрий концентрациясы 3,09-дан 4,89 мг/дм^3-ге дейін, магний 3,02-ден 4,19 мг/дм^3-ге дейін, кальций 5,92-ден 8,31 мг/дм^3-ге дейін және калий 0,67-ден 0,85 мг/дм^3-ге дейін өзгерген. Алынған мәндер негізінен табиғи гидрохимиялық фонды көрсетеді және айтарлықтай антропогендік әсерді көрсетпейді. Суда бериллий мен бор төмен концентрацияда кездеседі, бұл белгіленген стандарттардан бірнеше есе төмен. Бериллийдің мөлшері 0,00001-0,00003 мг/дм^3, ШРК мәні 0,0001 мг/дм^3 құраса, ал бордың мәні рұқсат етілген деңгейі 0,5 мг/дм^3 болса, ал зертелінген су сынамасында 0,0078-ден 0,0105 мг/дм^3-ге дейін аралықта болды. Бұл элементтердің таралуындағы кеңістіктік заңдылықтар анықталмағандығы, оларды су ортасының фондық компоненттері ретінде жіктеуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, бірқатар элементтер үшін ШРК мәнінен тұрақты түрде асып кеткен немесе стандартты мәндерге жақын концентрациялар тіркелді. Зерттелген барлық телімдерде фосфор концентрациясының ШРК мәнінен асып кетуі байқалды: норма бойынша 0,1 мг/дм^3 болғанда, оның мөлшері 0,115...0,119 мг/дм^3 құрады. Кенттенген аймақтардың коммуналды-тұрмыстық және жер үсті сулармен тұрақты түсу сипаты фосфор концентрациясының айқын көрсетілген бойлық градиентінің болмауымен түсіндіріледі. Алюминий концентрациясы айқын бейнеленген кеңістіктік әртектілікпен көрсетілген. Өзеннің жоғары және төмен телімдерінде Al мөлшері (0,030...0,031 мг/дм^3) ШРК-дан аспайды, бірақ қала шетінде және өнеркәсіптік аймақтың шекарасында

нормалық мәннен 2-3 есеге (0,128 мг/дм^3 дейін) артқаны тіркелді. Мұндай динамика ластану көздеріне алюминийдің негізінен қалқыма пішінде түсуімен және алыстаған сайын оның біртіндеп тұндырылуы негізгі шараларының бірі ретінде түсіндіріледі. Темірге де осы үлгі тән. Өзеннің қалалық бөлігінде ең жоғары Fe концентрациясы (0,128 мг/дм^3) анықталды, онда ол ШРК-дан (0,1 мг/дм^3) асып түсті. Ағыс бойынша темір мөлшері 0,039 мг/дм^3 дейін төмендейді, бұл қалқымалы қатты заттардың шөгінділерінің пайда болуы мен өзен ағынының сұйытылуын көрсетеді.



Сурет 3. *Бойлық профиль бойындағы Үлбі өзенінің жер үсті суларындағы элементтер концентрациясының ШРК мәндеріне қатынасы*

Ауыр металдардың ішінде мыс пен мырыш бойынша ең жағымсыз жағдай байқалды. Барлық сынама алу нүктелеріндегі мыс концентрациясы ШРК-дан (0,001 мг/дм^3) 3...4 есе асып (3 сурет), 0,0030...0,0039 мг/дм^3 құрады. Мыс концентрациясының артуы тұрақты және зерттеу аймағының барлық жерінде сақталады, бұл су ортасына мыстың үздіксіз түсетін көздерінің бар екенін көрсетеді. Мырыш сонымен қатар ШРК-ның тұрақты асып кетуімен (0,01 мг/дм^3) сипатталады, жоғарғы ағыс бөлігінде 0,0508 мг/л және төменгі ағыс бөлігінде 0,0459 мг/дм^3 ең жоғары мәндеріне жетеді. Бұл таралу ластанудың транзиттік сипатын және Zn-тың айтарлықтай қашықтыққа тасымалдау қабілетін көрсетеді. Хром, марганец, кобальт және никель концентрациялары барлық телімдерде нормалық мәндерден төмен екендігін көрсетті, алайда, Mn және Ni үшін қалалық және өнеркәсіптік аймақтарда орташа өсім байқалады, бұл ластанудың маңызды деңгейіне жетпей, антропогендік жүктеменің әсерін көрсетеді. Мышьяк деңгейі рұқсат етілген шекті концентрациядан (ШРК) аспайды, бірақ та өнеркәсіптік әсер ету аймағында максималды фондардың жоғары мәндерін байқауға болады. Молибден деңгейі нормативтік шектерге жақын, бұл антропогендік ластануды көрсетуі мүмкін, ал кадмий мен қорғасынның концентрациясы рұқсат етілген шекті деңгейден айтарлықтай төмен.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер Үлбі өзенінің гидрохимиялық жағдайы табиғи фондық құрам мен тұрақты антропогендік әсерлердің үйлесімімен анықталатынын көрсетеді, бұл фосфор, мыс және мырыштың артық деңгейінде, сондай-ақ алюминий мен темірдің жергілікті ауытқуларында айқын көрінеді. Ластаушы заттардың кеңістіктік таралуы қалалық және өнеркәсіптік аймақтардың су сапасын қалыптастырудағы негізгі рөлін көрсетеді және еріген және қалқымалы элементтерді ескере отырып, су ағынының экологиялық жағдайын кешенді бағалау қажеттілігін растайды.

Қалалық және өнеркәсіптік аймақтардағы алюминий мен темірдің жоғары концентрациясы Үлбі өзенінің бойлық профилі бойынша су лайлылығының өзгеруімен тығыз байланысты. Орташа лайлылық мәндері өзеннің жоғарғы ағысындағы 2,23 NTU-дан өнеркәсіптік аймақтан төмен максимум 4,23 NTU-ға дейін артады, содан кейін олар

Ертіс өзеніне құяр алдындағы төменгі ағысында 3,13 NTU-ға дейін аздап төмендейді. Бұл үрдіс кенттенген аймақ пен өнеркәсіптік аймақта қалқымалы бөлшектер ағынының артуын көрсетеді. Лайлылықтың жоғарылауы қалқыма және коллоидты түрдегі, ең алдымен алюминий, темір, мырыш және мыс түріндегі миграцияға бейім элементтер деңгейінің жоғарылауымен қатар жүреді. Al және Fe ең жоғары концентрациялары дәл ең жоғары лайлылық бар телімде тіркелді, бұл қалқыма бөлшектердің судың химиялық құрамын қалыптастырудағы басым рөлін көрсетеді. Бұл тау-кен және металлургиялық аймақтардағы өзендердегі аталған элементтердің айтарлықтай бөлігі ұсақ дисперсті минералды және жасанды бөлшектермен байланысты екендігімен сәйкес келеді. Зерттеу телімнің ортаңғы және төменгі бөліктеріндегі су лайлылығының жоғарылауы ауыр металдардың, әсіресе Cu және Zn-нің сорбциясы мен тасымалдануын жеңілдетеді, олардың концентрациясы барлық сынама алу нүктелерінде рұқсат етілген ең жоғары концентрациядан үнемі асып түседі. Бұл элементтердің жоғары концентрациясының сақталуы, тіпті төменгі ағыстағы лайлылықтың ішінара төмендеуімен де, қалқыма заттарды тасымалдауды да, еріген иондардың болуын да қамтитын біріктірілген ластану механизмін көрсетеді. Ертіске қосылғанға дейін өзеннің төменгі ағысындағы лайлылықтың төмендеуі алюминий мен темір концентрациясының ШРК-дан төмен деңгейге дейін төмендеуімен қатар жүреді, бұл қалқыма заттардың шөгінділерінің пайда болуын және өзен ағынының сұйылтылуын көрсетеді. Дегенмен, мыс пен мырыш үшін мұндай төмендеу байқалмайды, бұл олардың жоғары миграциялық қабілеті мен су фазасындағы тұрақтылығын көрсетеді.

Сонымен, судың лайлылығы Үлбі өзеніндегі ластаушы заттардың қайта таралу процессі мен антропогенді әсерлердің қарқындылығын бейнелейтін маңызды интегралды көрсеткіш болып табылады. Судың химиялық құрамы мен лайлылықты бірге талдау элементтердің миграция формасы мен көздерін толық түсінік берсе, сонымен бірге қаланың, өнеркәсіптік аймақтың және Ертіс өзенінің сағасының маңына таяу жоғары экологиялық жүктемеге ие телімдерді анықтауға мүмкіндік береді.

Бірқатар микроэлементтер үшін ШРК стандарттарының болмауына байланысты олардың кеңістіктік өзгергіштігі Үлбі өзенінің жоғарғы ағысында, қала құрылыстары орналасқан №1 нүктеге қатысты салыстырмалы талдау арқылы бағаланды, ол жергілікті эталондық нүкте ретінде пайдаланылды. Бұл тәсіл өзеннің бойлық профилі бойынша элементтер концентрациясындағы техногендік шартталған ауытқуларды анықтауға мүмкіндік береді (кесте 3).

Кесте 3

Үлбі өзенінің жер үсті суларында салыстырмалы түрде фондық телімге (№1) қатысты ШРК бекітілмеген элементтердің концентрациясы

Элементтер	Сынама алынған нүктелер			
	№1 шартты жергілікті фон	№2	№3	№4
	С, мкг/дм^3			
Li	2,37	2,51	2,19	2,51
Sc	0,57	0,48	0,68	0,54
Ti	0,76	2,67	1,57	0,75
V	0,82	1,10	0,98	0,80
Sr	131,69	158,73	136,50	189,92
Zr	0,47	0,33	0,32	0,37
Ag	0,02	0,03	0,07	0,14
Sb	0,22	0,16	0,24	0,21
Ba	21,25	18,45	16,58	22,35
W	0,15	0,06	0,09	0,14
Tl	0,64	0,40	0,37	0,33
Bi	0,00	0,00	0,01	0,01

Литий фондық деңгейге жақын тұрақты концентрациялармен (2,19...2,51 мкг/дм^3) сипатталады, бұл негізінен табиғи көзді көрсетеді. Скандийдің мөлшері де аз өзгереді, №3

нүктеде фондық деңгейден шамамен 20 %-ға жоғары, бұл, қалқыма заттардың жергілікті үлесіне байланысты болуы мүмкін. Титан мен ванадий ең айқын кеңістіктік әртектілікті көрсетеді. Қала маңындағы (№ 2) Ti концентрациясы фондық мәннен ~3,5 есеге артқан, ал төменірек өнеркәсіптік аймақта (№ 3) 2 есеге жоғары, бұл жұқа дисперсті минералды және техногенді материалдардың түсуін растайды. Сәйкесінше, ванадий үшін қала аймағының маңында (1,3 есеге дейін) салыстырмалы фонның максималды артуы байқалса, азырақ деңгейде қарама-қарсы үрдіспен сипатталады. Стронций концентрациясының тұрақты артуы төменгі ағыс бойынша көрсетеді, яғни № 4 нүктеде (189,92 мкг/дм^3) жоғары мән фондық деңгейден шамамен 1,4 есе жоғары (4 сурет) екенін байқауға болады. Бұл су айдынының литогеохимиялық ерекшелігін және ақаба сулар мен құйылған сулардың есебінен жинақтаушы эффектіні көрсетеді. Цирконий үшін төмендегі барлық телімдер үшін, фондық концентрациямен салыстырғанда төмендетілген концентрациямен сипатталынады, бұл айтарлықтай антропогендік көздердің жоқтығын көрсетеді. Күмістің таралуы ерекше назар аударарлық, концентрациялар төменгі ағыста үнемі артқанын байқауға болады, ал төменгі ағыста фондық мәндерден 7 есеге (4 сурет) артқан. Бұл үрдіс өнеркәсіптік көздермен және су ортасындағы күмістің жоғары миграциялық қабілетімен байланысты болуы мүмкін. Сурьма, барий және вольфрам концентрацияларының өзгеруі тұрақты үрдістерді көрсетпейді және әдетте фондық мәндерге жақын ауытқиды, бұл олардың концентрациясына антропогендік әсердің шектеулі екенін көрсетеді. Таллий концентрациясы төменгі ағыста тұрақты түрде төмендейді (фонға қатысты 1,6...2 есе), бұл сүйылту және сорбциялық процестерге байланысты болуы мүмкін. Висмут іздік мөлшерде болады және тек өнеркәсіптік аймақтан төмен басталып анықталынды, бірақ оның абсолютті концентрациясы өте төмен болып қала береді.



Сурет 4. *Бойлық профиль бойындағы Үлбі өзенінің жер үсті суларындағы шартты жергілікті Фон мәндеріне элементтер концентрациясының қатынасы*

Жалпы алғанда, фондық жағдайға қатысты салыстырмалы талдау көптеген микроэлементтер үшін концентрацияның өзгеруі орташа екенін, ал титан, ванадий және әсіресе күміс кенттелген және өнеркәсіптік аймақтың әсерін анық екенін көрсетеді. Өзеннің төменгі ағысындағы су химиясының қалыптасуы жинақталған антропогендік әсер жағдайында жүреді, бұл Ертіске элементтердің еріген және қалқымалы түрлерінің

ағып, түсетінін анықтайды. Белгіленген ШРК мәндері жоқ элементтер үшін концентрациялардың кеңістіктік өзгергіштігі Үлбі өзенінің жоғарғы ағысында орналасқан, жергілікті фон ретінде қабылданған № 1 нүктеге қатысты бағаланды. Бұл тәсіл ағынның физикалық-химиялық сипаттамаларының, ең алдымен лайлылығының өзгеруін ескере отырып, судың химиялық құрамына антропогендік факторлардың әсерін анықтауға мүмкіндік береді.

Су лайлылығының жоғары ағыс бөлігіндегі 2,23 NTU-дан өнеркәсіптік аймақтан төменірек максимум 4,23 NTU-ға дейін (№ 3 нүкте) артуы қатты фазамен байланысты бірнеше элементтердің концентрациясының артуымен қатар жүретіні анықталды. Титан ең маңыздысы: оның №2 нүктедегі мөлшері фон деңгейімен салыстырғанда 3,5 еседен астам артады, ал № 3 нүктеде ол екі еседен астам жоғары болып қалады. Ванадий үшін де осындай байланыс байқалады, оның концентрациясы лайлылығы жоғары аймақтарда 1,3 есеге дейін артады, бұл оның негізінен қалқыма бөлшектердің құрамында тасымалданатынын көрсетеді. Скандий сонымен қатар ең жоғары лайлылық аймағында (№ 3 нүкте) концентрацияның артуын көрсетеді, бұл фондық деңгейден шамамен 20 %-ға асып түседі, бұл оның ұсақ дисперсті минералды фракциямен байланысын растайды. Литий лайлылықтың өзгеруімен концентрацияның шамалы ауытқуларымен сипатталады, бұл оның негізінен еріген түрдегі миграциясы мен қалқыма заттардың құрамына әлсіз тәуелді екенін көрсетеді. Стронций лайлылықтың 3,13 NTU-ға дейін төмендеуіне қарамастан, ағыс бойымен концентрацияның тұрақты өсуін көрсетеді, №4 нүктеде максималды мәндерге жетеді. Бұл еріген формалардың жетекші рөлін және элементтің ағынының кумулятивтік сипатын көрсетеді, қалқыма заттармен тікелей байланысты емес. Керісінше, цирконий фондық деңгейлермен салыстырғанда барлық жерлерде төмен концентрациямен сипатталады, бұл оның төмен қозғалғыштығын және қалқыма фазадағы шектеулі ағынын көрсетеді. Күміс лайлылықпен айқын оң байланыс көрсетеді: оның концентрациясы жоғарғы бөліктен төменгі бөлікке қарай үнемі артып, 4-ші нүктеде максимумға жетеді, мұндағы күмістің мөлшері фондық мәннен 7 есе асады. Бұл антропогендік әсерге де, қалқыма бөлшектерге Ag сіңірілуіне де байланысты болуы мүмкін. Сурьма, барий және вольфрам үшін лайлылыққа байланысты айқын тәуелділік анықталған жоқ; олардың концентрациясы фондық мәндерге жуық ауытқиды, бұл антропогендік әсердің шектеулі екенін көрсетеді.

Таллий кері тәуелділік көрсетеді: лайлылық артқан сайын оның концентрациясы фондық деңгейлерге қатысты 1,6...2 есе төмендейді, бұл элементтің қатты фазамен бірге сорбциясына және кейінгі тұнбаға түсуіне байланысты болуы мүмкін. Висмут іздік мөлшерде анықталды және тек лайлылығы жоғары аймақтарда ғана кездеседі, осыған байланысты оның абсолютті концентрациясы өте төмен болып қалады.

Осылайша, алынған деректер су лайлылығының кеңістіктік ауытқулары Үлбі өзеніндегі іздік элементтердің таралуын басқаратын негізгі факторлардың бірі екенін көрсетеді. Қалқымалы түрде миграцияға бейім элементтер (Ti, V, Sc, Ag) кенттенген және өнеркәсіптік аймақтардың әсерін айқын көрсетеді, ал негізінен еріген күйдегі элементтер (Li, Sr) тегіс бойлықтың бойымен таралады және Ертістің химиялық ағындысын қалыптастырады.

4. ҚОРЫТЫНДЫ

Судың химиялық құрамын талдау барысында көптеген элементтердің ШРК шегінде екенін көрсетті. Алюминий (Al), темір (Fe) және мырыш (Zn) үшін нормадан артуы тіркелді: Al концентрациясы орташа ағыста 0,128 мг/дм^3 жетеді (0,04 мг/дм^3 ШРК-дан ~3,2 есе артық); Fe - орта ағысында 0,128 мг/дм^3 (0,1 мг/дм^3 ШРК-дан ~1,3 есе артық); Zn - жоғары ағысында 0,0508 мг/дм^3 (0,01 мг/дм^3 ШРК-дан ~5,1 есе артық) және төменгі ағысында 0,0459 мг/дм^3 (ШРК-дан ~4,6 есе артық). Al және Fe ең жоғары концентрациясы өзеннің орташа ағысына сәйкес келеді, бұл Өскемен қаласының кенттенген және өнеркәсіптік аймақтарынан ақаба сулар мен қалқыма бөлшектердің тасымалдануымен байланысты.

Еріген элементтердің өзен ағысы бойынша кеңістіктік таралуы негізінен телімнің жоғары бөлігінен төменгі бөлігіне дейін концентрацияның төмендеу тенденциясымен сипатталады. Бұл өзен суларының сұйылу процессі мен қалқыма заттардың біртіндеп тұнуымен байланысты. Сонымен бірге Sr, Li, Ti, V және Ag үшін төменгі телімде концентрацияның салыстырмалы түрде артуы байқалады, бұл өнеркәсіптік сулардың түсуімен және қалқыма фазада қауымдасқан элементтердің миграциясымен байланысты болуы мүмкін.

Жер үсті суларының лайлылығы жоғары ағыста 2,23 NTU диапазонынан максималды мәнге дейін 4,23 NTU өнеркәсіптік аймақта, одан әрі Ертіс өзеніне түсер алдында 3,13 NTU дейін төмендей отырып, өзгерген. Лайлылықтың артуы қалқыма бөлшектерде сорбциялану мүмкіндігі бар элементтер (Fe, Al, Ti, Zn) концентрациясының артуымен жүреді, бұл судың гидрохимиялық құрамының қатты фазаның тасымалдану процессімен тығыз байланыста екенін көрсетеді.

Өзеннің жоғары теліміндегі элементтердің салыстырмалы талдауы кезінде ШРК (Li, Sc, Ti, V, Sr, Zr, Ag, Sb, Ba, W, Tl, Bi) нормаларының болмауы, әсіресе ағыс бойынша тұрақты таралуы кезінде аталған тұстаманы шартты фондық ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Әсіресе айқын ауытқулар Sr мен Ag үшін орташа және төменгі ағыстарда байқалды, бұл кенттенген және өнеркәсіптік аймақтардың әсерінен екендігін көрсетеді.

Zn, Al және Fe антропогенді жүктеменің индикаторы болып табылады: олардың концентрациялары лайлылықтың артуымен өзара байланыстылықты көрсетеді және қалалық және өнерәсіптік аймақтың жергілікті әсерін көрсетеді. Мырыш өзеннің төменгі теліміне дейін жоғары мәнді сақтай отырып, ластану сипатының транзитін көрсетеді

Гидрохимиялық көрсеткіштер мен лайлылық бойынша мәліметтер қалалық және өнеркәсіптік аймақтардың шекарасында антропогенді әсердің өзеннің орташа ағысының аса айқын көрсетілген қалқыма бөлшектердің мөлшерінің артуымен және жекеленген металдарының концентрациясының жоғарлауымен байқалады

Алынған деректер гидрохимиялық көрсеткіштер мен судың лайлылығын техногенді жүктеменің индикаторы ретінде кешенді талдаудың ақпараттық құндылығын растайды. Нәтижелер Үлбі өзенінің Ертіске құяр телімінде экологиялық мониторинг стратегияларын әзірлеу мен одан әрі ластану бағасын жасаудың тиімді әдістерін негіздейді.

АВТОРЛАРДЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Тұжырымдамалау – НВС, ГКД; деректерді басқару – НВС, ГКД, ОАП, ЖКИ, ААП, ИВД; Ресми талдау – НВС, ГКД; Әдістеме – НВС, ГКД, ОАП; Визуализация – НВС, ААП; Бастапқы жобаны жазу – НВС, ГКД; Шолу жазу және редакциялау – НВС, ГКД, ОАП, ЖКИ, ААП, ИВД.

ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Бұл мақала BR24992854 «Шығыс Қазақстан облысының тау-кен металлургия саласының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті ғылыми-негізделген технологияларды әзірлеу және іске асыру» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы бойынша орындалды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Bilotta G.S., Brazier R.E. (2008) Understanding the influence of suspended solids on water quality and aquatic biota. Water Research, Vol. 42, pp. 2849–2861. https://doi.org/10.1016/j.watres.2008.03.018
2. Horowitz A.J. (2008) Determining annual suspended sediment and sediment-associated trace element fluxes. Hydrological Processes, Vol. 22, pp. 4213–4223. https://doi.org/10.1002/hyp.7117
3. Förstner U., Wittmann G.T.W. (2012) Metal Pollution in the Aquatic Environment. Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-642-69385-4
4. Singh B.P., Varshney P., Chourasiya S., Vidyarthi V.K. (2025) Assessment of physicochemical properties and heavy metal contamination in riverine system and their impacts on public health. Discover Water, Vol. 5, pp. 50. https://doi.org/10.1007/s43832-025-00243-9
5. Liu X., Sheng Y., Liu Q., Li Z. (2024) Suspended Particulate Matter Affects the Distribution and Migration of Heavy Metals in the Yellow River. Science of the Total Environment, 2024, Vol. 912, pp.169537. https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2023.169537
6. Fan J., Yang J., Cheng F., Zhang S. (2023) The Source, Distribution, and Environmental Effects of Suspended Particulate Matter in the Yangtze River System. Water. Vol.15, pp. 3429. https://doi.org/10.3390/w15193429

Зерттеудің ғылыми жаңалығы: Қостанай облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары мен киелі нысандары кешенді географиялық тұрғыдан зерттелді; табиғи және киелі нысандардың кеңістіктік таралу ерекшеліктері анықталды; өңірдің сакралды географиясының картасы нақтыланды; табиғи және мәдени мұра нысандарының туризмді дамытудағы рөлі бағаланды.

Зерттеу нәтижесінде өңірдегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен киелі орындардың кеңістіктік ұйымдасу ерекшеліктері айқындалып, олардың атауларының тарихи-мәдени мазмұны анықталды. Сонымен қатар табиғи және киелі мұра нысандарын сақтау мен туристік-рекреациялық мақсатта пайдаланудың негізгі бағыттары ұсынылды [3, 4].

2. ЗЕРТТЕУ МАТЕРИАЛДАРЫ МЕН ӘДІСТЕРІ

Зерттеу жұмысының ақпараттық негізін Қостанай облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары жөніндегі ресми статистикалық және картографиялық материалдар, ғылыми әдебиеттер, архивтік және тарихи дереккөздер, Қазақстанның киелі нысандары бойынша мемлекеттік бағдарламалар аясында жинақталған мәліметтер, сондай-ақ далалық зерттеу барысында алынған бақылау нәтижелері құрады [5, 6].

Зерттеу барысында табиғи қорғалатын аумақтар мен киелі нысандардың орналасу ерекшеліктерін анықтау үшін географиялық, топонимикалық және тарихи-мәдени зерттеу әдістерін біріктіретін кешенді пәнаралық тәсіл қолданылды.

Картографиялық және геоақпараттық талдау әдісі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен киелі нысандардың кеңістіктік таралуын зерттеу және олардың орналасу заңдылықтарын анықтау мақсатында пайдаланылды. Геоақпараттық жүйелер (ГАЖ) негізінде зерттеу аумағының тақырыптық карталары әзірленіп, нысандардың таралу ерекшеліктеріне салыстырмалы талдау жүргізілді.

Салыстырмалы-географиялық әдіс Қостанай облысының табиғи және киелі нысандарын Қазақстанның басқа өңірлеріндегі ұқсас нысандармен салыстыру арқылы олардың ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Топонимикалық талдау әдісі зерттелген нысандар атауларының этимологиясын, семантикалық құрылымын және тарихи қалыптасу ерекшеліктерін анықтауға бағытталды. Бұл әдіс арқылы табиғи орта мен атаулар жүйесінің өзара байланысы бағаланды.

Тарихи-этнографиялық әдіс тарихи құжаттарды, әдеби деректерді, ауызша тарихи мәліметтерді және өңір тұрғындарының танымдық ақпараттарын талдау арқылы киелі нысандардың мәдени-рухани маңызын анықтау үшін қолданылды.

Контент-талдау әдісі ғылыми жарияланымдарды, нормативтік-құқықтық құжаттарды, ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға қатысты ресми есептерді және мәдени

мұра нысандары жөніндегі материалдарды жүйелеу мен талдау барысында пайдаланылды.

Далалық зерттеу жұмыстары барысында жекелеген табиғи және киелі нысандардың қазіргі жағдайына бақылау жүргізіліп, фотофиксация материалдары жинақталды. Сонымен қатар жергілікті тұрғындармен жүргізілген сұхбаттар арқылы нысандардың тарихи маңызы мен қазіргі кездегі пайдалану ерекшеліктері нақтыланды.

Қолданылған әдістер кешені Қостанай облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары мен киелі нысандарының табиғи-географиялық, тарихи-мәдени және топонимиялық ерекшеліктерін кешенді бағалауға мүмкіндік берді [7, 8].

3. ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Қазақстан аумағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қалыптасу тарихы терең тарихи кезеңдерден бастау алады. Қорықтық аумақтарды ұйымдастырудың алғашқы элементтері көшпелі қоғамдардың табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану тәжірибесімен тығыз байланысты болған. Бұл жөнінде ортағасырлық жазба деректер маңызды мәліметтер береді. XIV ғасырда өмір сүрген тарихшы Рашид ад-Дин өзінің әйгілі «Жамиғ ат-тауарих» («Жылнамалар жинағы») еңбегінде Шыңғыс ханның арнайы қорғалатын аңшылық алқаптары болғанын және оларды мыңдаған жасақшылар күзеткенін атап көрсетеді. Мұндай деректер табиғи ресурстарды қорғау мен реттелген пайдаланудың мемлекеттік деңгейде ұйымдастырылғанын дәлелдейді.

Қазақстан мен Орта Азиядағы ежелгі қорықтарды арнайы зерттеген Р.Сәтімбеков археологиялық және тарихи материалдарды талдау негізінде қорықтық аумақтардың пайда болуы қола дәуірінен бастау алатынын көрсетеді. Ғалымның пікірінше, алғашқы қорықтық аумақтар негізінен өзен аңғарларында, көл маңында және тауалды жазықтарында орналасып, жануарлар дүниесін қорғау мен аңшылық ресурстарын сақтауға бағытталған. Бұл қорытынды табиғатты қорғау идеяларының қазақ жерінде ежелгі кезеңдерден қалыптасқанын көрсетеді [5, 6].

Қорық ұғымының тарихи қалыптасуын зерттеуде ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінің маңызы ерекше. XI ғасырдағы түркі халықтарының тілі мен мәдениетін жан-жақты сипаттаған Махмұд Қашқари өз еңбектерінде «қорық» сөзін «тыйым салынған жер», «қорғалатын аумақ» мағынасында қолданған. Бұл дерек қорық ұғымының түркі халықтарының дүниетанымында ерте кезеңдерден-ақ қалыптасқанын және табиғи ресурстарды реттелген пайдалану тәжірибесімен тығыз байланысты болғанын көрсетеді.

Қазақстан мен Орта Азия аумағындағы тарихи-географиялық деректер табиғаты көркем, аңшылық пен мал шаруашылығына қолайлы өңірлерде арнайы қорғалатын аумақтардың ежелгі дәуірлерден бері болғанын дәлелдейді. Мұндай аумақтар табиғи ресурстарды сақтау, аңшылықты реттеу және шаруашылық тепе-теңдігін қамтамасыз ету мақсатында пайдаланылған.

Топонимиялық материалдар да қорықтық аумақтардың тарихи таралуын анықтауда маңызды дереккөзі болып табылады. А.Е. Егинбаеваның зерттеулерінде Сарыарқа өңіріндегі табиғатты қорғау дәстүрлерінің тарихи негіздері географиялық атаулар арқылы дәлелденген. Атап айтқанда, «Хан қорығы», «Кеңқорық», «Құлан қорық», «Үлкен қорық», «Қорық даласы» сияқты атаулардың кең таралуы қорық ұғымының қазақ халқының кеңістіктік мәдениетінде берік орныққанын көрсетеді. Мұндай топонимдер белгілі бір аумақтардың ерекше қорғауға алынғанын немесе аңшылық пен табиғи ресурстарды пайдалануға қатысты шектеулер болғанын аңғартады. Сондықтан қорықтық сипаттағы географиялық атаулар тарихи табиғат пайдалану жүйесін және қоршаған ортаны қорғаудың дәстүрлі тәжірибесін зерттеудегі маңызды ақпараттық дереккөз ретінде қарастырылуы тиіс.

Қорғалатын табиғи аумақтардың ғылыми негізделген жүйесін қалыптастыру мәселесі қазіргі табиғат қорғау географиясының маңызды бағыттарының бірі болып табылады. Көптеген зерттеушілер қорғалатын аумақтар жүйесінің кеңістіктік ұйымдасуын табиғи ландшафттардың құрылымы, биоалуантүрліліктің таралу

ерекшеліктері және антропогендік жүктеменің деңгейімен байланыстырады. Осы бағыттағы алғашқы ғылыми тұжырымдар Н.Ф. Реймерс, Ф.Р. Штильмарк, Ю.Б. Родоман және Ю.А. Исаков еңбектерінде қарастырылса, Қазақстан жағдайында қорғалатын аумақтар жүйесін ұйымдастырудың теориялық негіздері О.Т. Айдаровтың зерттеулерінде жан-жақты талданған [1].

Соңғы жылдары табиғи-қорықтық нысандардың топонимиялық кеңістіктегі көрінісін зерттеу өзекті ғылыми бағыттардың біріне айналды. Топонимиялық деректер табиғи ландшафттардың тарихи өзгерістерін, жануарлар дүниесінің бұрынғы таралу ареалдарын және қорықтық аумақтардың ежелгі орналасу ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді. Қ.Т. Сапаров пен А.Е. Егинбаеваның зерттеулерінде табиғи-қорықтық нысандарға қатысты географиялық атаулар жүйеленіп, олардың кеңістіктік таралу карталары құрастырылған. Геоақпараттық технологияларды пайдалану тарихи топонимиялық деректерді қазіргі табиғи жағдайлармен салыстыруға және болашақта ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың перспективалық желісін қалыптастыруға ғылыми негіз береді.

Тарихи және топонимиялық деректер Дешті Қыпшақ дәуірінде қазіргі Қостанай облысы аумағында орманды және аңшылық ресурстарға бай қорықтық алқаптардың болғанын көрсетеді. Ортағасырлық деректерде бұлан, құлан және басқа да ірі жануарлардың кең таралғаны туралы мәліметтер кездеседі. Бұл жағдайды өңірдегі Бұланды, Құлантау, Құлансу, Құланды, Қасқа-Құлан сияқты көптеген географиялық атаулар да растайды. Мұндай топонимдер тарихи кезеңдердегі табиғи ортаның ерекшеліктері мен жануарлар дүниесінің таралуы жөнінде құнды ақпарат сақтаған табиғи-тарихи дереккөздер болып табылады [7, 8].

Қостанай облысының орман алқаптары, ірі көлдері және Торғай, Қабырға мен Ұлы Жыланшық өзендерінің аңғарлары ежелден жануарлар дүниесінің шоғырланған мекені болған. Сондықтан өңірдегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың қалыптасу тарихын және олармен байланысты топонимдерді зерттеу қазіргі ландшафттардың тарихи эволюциясын түсінуге, табиғи мұраны сақтаудың ғылыми негіздерін жетілдіруге және өңірдің табиғи-мәдени әлеуетін бағалауға мүмкіндік береді [5, 6].

Топонимдерді зерттеу арқылы жергілікті жердің флоралық және фауналық түр құрамын, топонимдердің қалыптасуын, олардың аумақ бойынша таралуын анықтауға болады. Жабайы табиғатпен байланысты топонимдер белгілі бір флора, фауна түрінің географиялық таралуын көрсетеді. Реликті немесе жойылып кеткен жануарлар атаулары қатысқан топонимдер көмегімен табиғи ландшафттардың бұрынғы қалпын келтіруге мүмкіндік береді [4].

Зерттеу нәтижелері Қостанай облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары мен киелі нысандарының кеңістіктік орналасуында белгілі бір географиялық заңдылықтардың бар екенін көрсетті. Табиғи қорғалатын аумақтардың басым бөлігі облыстың орманды-далалық және көлдік жүйелері жақсы сақталған солтүстік және орталық бөліктерінде шоғырланған. Ал киелі нысандардың таралуы тарихи қоныстану аймақтарымен, көне көші-қон бағыттарымен және дәстүрлі шаруашылық жүргізу аумақтарымен тығыз байланысты екендігі анықталды.

Жасалған картографиялық талдау нәтижесінде табиғи және киелі нысандардың бірқатар жағдайларда бір кеңістікте тоғысатыны байқалды. Бұл құбылыс табиғи ландшафттардың халықтың рухани дүниетанымында маңызды орын алғанын және киелі кеңістіктің қалыптасуына табиғи ортаның тікелей ықпал еткенін көрсетеді.

Топонимиялық талдау барысында өңірдегі көптеген атаулардың табиғи орта ерекшеліктерін бейнелейтіні анықталды. Әсіресе орман, өзен-көл және жануарлар дүниесіне қатысты атаулардың басымдығы тарихи кезеңдерде табиғи ландшафттардың қазіргі жағдаймен салыстырғанда әлдеқайда кең таралғанын көрсетеді. Бұл қорытынды бұрынғы зерттеушілердің еңбектерінде келтірілген деректермен сәйкес келеді және

өңірдің тарихи ландшафттарын қайта қалпына келтіруде топонимдердің маңызды дереккөзі екенін дәлелдейді.

Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ішіндегі экологиялық маңызы жоғары нысандардың бірі болып табылады. Қорық Қостанай облысының Наурызым және Әулиекөл аудандары аумағында орналасқан және далалық, орманды-далалық әрі көлдік экожүйелердің табиғи кешендерін сақтауға бағытталған. Қорық аумағында жоғары сатыдағы өсімдіктердің 700-ге жуық түрі тіркелген, олардың құрамында қарағай, қайың, көктерек, тал, мойыл және басқа да жергілікті флора өкілдері кездеседі. Сонымен қатар сүтқоректілердің 40-тан астам, құстардың шамамен 250, балықтардың 10-ға жуық түрі таралған. Сирек кездесетін және қорғауға алынған аққу, дуадақ, безгелдек, ақ сұңқар секілді құстардың мекен етуі қорықтың биоалуантүрлілікті сақтаудағы ерекше рөлін көрсетеді.

Климаттық жағдайлардың қуаң континенттік сипатта болуы мен көлдік жүйелердің қатар орналасуы көптеген жыл құстары үшін маңызды миграциялық және ұялау ортасын қалыптастырады. Осыған байланысты Наурызым қорығы халықаралық маңызы бар орнитологиялық аумақтардың қатарына жатады. Қорықта жүргізілетін ғылыми зерттеулер негізінен реликті қарағай ормандарының сақталу ерекшеліктерін, тұзды көлдердің экожүйелерін және су құстарының экологиясын зерттеуге бағытталған. Бұл зерттеулер өңірдегі табиғи кешендердің ұзақ мерзімді тұрақтылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Наурызым мемлекеттік табиғи қорығына жүргізілген талдау оның Қостанай облысындағы биоалуантүрлілікті сақтаудағы жетекші рөлін көрсетеді. Қорық аумағында орман, көл және дала экожүйелерінің бір мезгілде кездесуі табиғи кешендердің жоғары деңгейде сақталуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар қорықтың халықаралық табиғат қорғау маңызы оның өңірлік қана емес, жаһандық экологиялық жүйедегі орнын айқындайды. Бұл нәтижелер қорықтарды дамыту мен олардың аумағын кеңейту мәселесінің өзектілігін растайды [9].

Қостанай облысындағы Арақарағай, Аманқарағай және Наурызым қарағайлы ормандары Қазақстанның жазық бөлігіндегі реликті орман алқаптарының қатарына жатады. Зерттеу барысында қарағайлы ормандарға қатысты топонимдердің кең таралуы қазіргі табиғи ландшафттардың тарихи кезеңдерде әлдеқайда ауқымды болғанын көрсететіні анықталды [10]. Тарихи деректер бойынша XVIII–XIX ғасырларда Аманқарағай мен Арақарағай ормандарының көлемі қазіргі көрсеткіштерден едәуір үлкен болған [11...13].

Аманқарағай атауының этимологиясы орман массивінің тарихи сақталу ерекшеліктерімен байланыстырылады. Яғни бұрын кең аумақты қамтыған орман алқабының белгілі бір бөлігі ғана сақталып қалуына байланысты халық арасында «аман қалған қарағай» ұғымы қалыптасқан деп пайымдауға болады. Ал Арақарағай атауы түркі тілдеріндегі «ара» терминімен байланысты қарастырылып, «солтүстіктегі қарағайлы орман» мағынасын білдіруі мүмкін [14, 15].

Топонимиялық талдау нәтижелері Қостанай облысындағы көптеген орман атаулары тарихи табиғи ортаның маңызды индикаторы болып табылатынын көрсетті. Белқарағай, Майқарағай, Қотанқарағай, Ойқарағай сияқты атаулар қазіргі кезде орман жамылғысы өзгерген аумақтарда да бұрын орман экожүйелерінің болғанын дәлелдейді. Бұл жағдай топонимдердің палеогеографиялық ақпарат көзі ретіндегі маңызын арттырады. [16...18].

Арақарағай орманының рекреациялық әлеуеті. Арақарағай орманы Қостанай облысының Алтынсарин ауданында орналасқан маңызды табиғи кешендердің бірі болып табылады. Орманның жалпы ауданы 616 км² құрайды, оның 271 км² бөлігін ағаш жамылғысы алып жатыр. Орман құрылымында қарағай, қайың және көктерек түрлері басым кездеседі, ал бұталы өсімдіктерден итмұрын, қарақат және тобылғы кең таралған.

Зерттеу нәтижелері Арақарағай орманының табиғат қорғау қызметімен қатар рекреациялық маңызға ие екенін көрсетті. Орман аумағында орналасқан «Сосновый бор» шипажайы өңірдің туристік-рекреациялық инфрақұрылымының маңызды элементі болып табылады. Қолайлы табиғи жағдайлар, минералды су көздерінің болуы және орманды ландшафттардың тартымдылығы өңірлік туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар орманның агрометеорологиялық қызметі ерекше назар аудартады. Орман белдеулері жел эрозиясын төмендетуге, жергілікті микроклиматты тұрақтандыруға және топырақтың ылғал сақтау қабілетін арттыруға ықпал етеді. Сондықтан Арақарағай орманын сақтау мәселесі табиғатты қорғау ғана емес, өңірдің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұрғысынан да маңызды болып табылады [9].

Аманқарағай қарағайлы орманы Қостанай облысының Жітіқара және Әулиекөл аудандары аумағында орналасқан Қазақстандағы бірегей реликті орман экожүйелерінің қатарына жатады. Орман негізінен табиғи қарағай (Pinus sylvestris) қауымдастықтарынан құралған және олардың басым бөлігінің жасы 80...100 жыл аралығында. Құмды және құмдақ жыныстарда қалыптасқан бұл орман өңірдің қатаң континенттік климат жағдайында табиғи тұрақтылықтың маңызды элементі болып табылады [9].

Жүргізілген талдау нәтижесінде Аманқарағай орманының экожүйелік қызметтері айқындалды. Атап айтқанда, орман алқабы жел эрозиясын әлсіретеді, жергілікті климаттық жағдайларды реттейді және топырақтағы ылғал қорын сақтауға ықпал етеді. Сонымен қатар орман жануарлар дүниесінің көптеген өкілдері үшін тіршілік ету ортасы болып табылады. Сондықтан аталған аумақтың табиғат қорғау маңызы тек өңірлік деңгейде ғана емес, жалпы Солтүстік Қазақстанның экологиялық тұрақтылығы тұрғысынан да жоғары бағаланады [2].

Соңғы жылдары табиғи және антропогендік факторлардың әсерінен орман экожүйесіне түсетін жүктеме артып келеді. Әсіресе орман өрттері, рекреациялық қысым және заңсыз ағаш кесу жағдайлары табиғи кешендердің тұрақтылығына қауіп төндіруде. Осыған байланысты Аманқарағай ормандарын қорғау шараларын күшейту өңірдің табиғи мұрасын сақтаудың маңызды бағыты болып табылады.

Торғай өңірінің табиғи ландшафттары және тарихи-географиялық ерекшеліктері. Торғай өңірі Қазақстандағы антропогендік әсер салыстырмалы түрде аз сақталған табиғи аумақтардың бірі ретінде ерекшеленеді. Мұнда ерекше геологиялық құрылымдар, сирек кездесетін ландшафттық кешендер және табиғи экожүйелер кең таралған. Жүргізілген зерттеулер Торғай даласының табиғи жағдайлары тарихи кезеңдердегі қоныстану үдерістеріне және өңірдің топонимиялық жүйесінің қалыптасуына тікелей ықпал еткенін көрсетті.

Қазақстанның солтүстік-батыс бөлігіндегі орман атауларының таралуын қазіргі орман ареалдарымен салыстыру нәтижесінде топонимиялық ареалдардың қазіргі табиғи шекаралардан әлдеқайда кең болғаны анықталды. Бұл жағдай тарихи кезеңдерде орман ландшафттарының қазіргімен салыстырғанда анағұрлым кең таралғанын көрсетеді. Мұндай қорытынды тарихи картографиялық деректермен және палеогеографиялық зерттеулердің нәтижелерімен де расталады.

Зерттеу барысында XVIII–XIX ғасырлардағы орман ресурстарының қарқынды игерілуі табиғи ландшафттардың құрылымдық өзгерістеріне алып келгені анықталды. Әсіресе бекіністер салу және шаруашылық қажеттіліктер үшін ағаш дайындау жұмыстары қарағайлы ормандардың ауданының қысқаруына әсер еткен. Сондықтан қазіргі кезде сақталған реликті орман алқаптары табиғи мұраның ерекше құнды нысандары ретінде қарастырылуы тиіс [2].

Зерттеу нәтижелері Қостанай облысы аумағында республикалық маңызы бар 5 ерекше қорғалатын табиғи аумақ орналасқанын көрсетті. Олардың құрамына Наурызым мемлекеттік табиғи қорығы, «Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерваты, сондай-ақ Михайлов, Тауынсор және Жарсор-Орқаш мемлекеттік табиғи қорықшалары кіреді.

Жалпы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың ауданы 818 976,6 гектарды құрайды, оның ішінде 39 106 гектары орман алқаптарына тиесілі.

Бұл көрсеткіштер Қостанай облысының табиғи мұраны сақтау жүйесінде маңызды орын алатынын дәлелдейді. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың басым бөлігі көлдік және далалық экожүйелердің биологиялық әртүрлілігін сақтауға бағытталған. Сонымен қатар аталған аумақтар халықаралық маңызы бар құстардың миграциялық жолдарын қорғауда маңызды қызмет атқарады.

Картографиялық талдау ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың облыс аумағында біркелкі таралмағанын көрсетті. Олардың негізгі бөлігі табиғи ландшафттары жақсы сақталған солтүстік және орталық аудандарда орналасқан. Бұл жағдай табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қорғау шараларын аумақтық ерекшеліктерді ескере отырып жоспарлау қажеттігін көрсетеді (кесте 1, сурет 1).

Кесте 1

Қостанай облысының облыстық маңызы бар киелі нысандары

Р/с	Киелі орын	Нысанның сипаты	Орналасқан аудан
1	Қазыбай әулие Ақпанұлы жерленген жер	кесене	Жанкелді ауданы
2	Күтан әулие Аталдықұлының кесенесі	кесене	Амангелді ауданы
3	Баймырза әулие Мергенұлының кесенесі	кесене	Жанкелді ауданы
4	Қоянақ әулие Жолшарақызының кесенесі	кесене	Наурызым ауданы
5	Түркібай әулие Ақанұлы жерленген жер	кесене	Наурызым ауданы
6	Сатыбалды ишанның кесенесі (F нұсқасы)	кесене	Амангелді ауданы
7	Ақмешіт мешіті	мешіт	Қостанай қаласы
8	Батыр Мандай Байдәулетұлының жерленген жері	кесене	Меңдіқара ауданы
9	Батыр Жабағы Ипанұлының жерленген жері	кесене	Бейімбет Майлин ауданы
10	Жазы би Жанұлының кесенесі	кесене	Алтынсарин ауданы
11	Шоқай би Балқанұлының жерленген жері	кесене	Алтынсарин ауданы
12	Қобызшы Тілеп Аспантайұлының жерленген жері	кесене	Жангелді ауданы
13	Күнтимес – Шоқан Уәлихановтың туған жері	елді мекен	Сарыкөл ауданы
14	Омар құдығы – Ыбырай Алтынсариннің туған жері	құдық	Алтынсарин ауданы
15	Сарытүбек ауылы – Ахмет Байтұрсынұлының туған жері	елді мекен	Жангелді ауданы
16	Мұхамеджан Сералиннің жерленген жері	кесене	Қарабалық ауданы
17	Албарбөгет (Айса бөгеті) – тарихи маңызы бар орын	елді мекен	Жангелді ауданы
18	Татыр шайқасы болған жер – тарихи оқиға орны	тарихи орын	Жангелді ауданы

Кесте 1 мәліметтерін талдау Қостанай облысының киелі нысандарының басым бөлігінің тарихи тұлғаларға, діни мұраларға және ұлттық тарихтағы маңызды оқиғаларға байланысты екенін көрсетті. Киелі орындардың ішінде кесене типіндегі нысандар басым үлеске ие. Бұл өңір халқының тарихи жады мен рухани құндылықтарының қалыптасуында діни-мәдени мұраның маңызды орын алатынын көрсетеді.

Аумақтық тұрғыдан алғанда киелі нысандардың едәуір бөлігі Жангелді, Амангелді және Наурызым аудандарында шоғырланған. Бұл аудандардың қазақ халқының тарихи-мәдени дамуындағы орны ерекше болғанын көрсетеді. Сонымен қатар Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин және Ахмет Байтұрсынұлы сияқты көрнекті тарихи тұлғаларға қатысты нысандардың болуы өңірдің мәдени-тарихи әлеуетін арттыра түседі.

Жалпы алғанда, киелі нысандардың кеңістіктік таралуы тарихи қоныстану жүйесімен, көне көші-қон бағыттарымен және дәстүрлі мәдени ландшафттардың қалыптасу ерекшеліктерімен тығыз байланысты екендігі анықталды.

«Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерваты Қостанай облысындағы ең ірі ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың бірі болып табылады. Резерват 2012 жылы құрылған және Жангелді, Амангелді мен Наурызым аудандары аумағында орналасқан. Жалпы ауданы 489,8 мың гектарды құрайды. Оның құрамына Сарықопа көлдер жүйесі, Тосынқұм құмды алқабы және Ұлы-Жыланшық өзені аңғары сияқты табиғи кешендер енеді.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, резерват аумағы Торғай өңірінің табиғи ландшафттық әртүрлілігін сақтауда маңызды рөл атқарады. Әсіресе далалық экожүйелердің табиғи күйін сақтау, сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлардың мекен ету ортасын қорғау және экологиялық мониторинг жүргізу тұрғысынан ерекше маңызға ие.

Табиғи кешендердің кең аумақты қамтуы резерваттың экологиялық тұрақтылығын арттырады және өңірдегі табиғи байланыстардың сақталуына мүмкіндік береді. Сондықтан «Алтын Дала» резерватын Қазақстанның далалық экожүйелерін қорғаудағы стратегиялық маңызы бар табиғат қорғау нысандарының бірі ретінде қарастыруға болады.

Зерттеу барысында Қостанай облысының табиғи мұра нысандары мен киелі орындарының кеңістіктік орналасуында белгілі бір байланыстардың бар екендігі анықталды. Киелі нысандардың басым бөлігі тарихи қоныстану аймақтарында, табиғи ресурстарға бай және қолайлы ландшафттық жағдайлар қалыптасқан аумақтарда орналасқан.

Бұл құбылыс табиғи ортаның халықтың дүниетанымына және сакралды кеңістіктің қалыптасуына тікелей ықпал еткенін көрсетеді. Табиғи нысандар мен мәдени мұра нысандарының бір аумақта шоғырлануы өңірдің туристік-рекреациялық әлеуетін арттырып, кешенді мәдени-танымдық маршруттар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Алынған нәтижелер табиғи және мәдени мұраны біртұтас географиялық жүйе ретінде қарастырудың ғылыми негізді екенін дәлелдейді. Мұндай тәсіл соңғы жылдары сакралды география және мәдени ландшафттарды зерттеуге арналған халықаралық еңбектердің негізгі бағыттарымен сәйкес келеді.



Сурет 1. *Қостанай облысының ерекше қорғауға алынған табиғи және киелі нысандары*

Қостанай облысының тарихи-мәдени мұра нысандарының ішінде **Торғай геоглифтері** ерекше орын алады. Зерттеу барысында геоглифтердің өңірдің археологиялық және мәдени кеңістігіндегі маңызы анықталды. Геоглифтер жер бедерінде геометриялық пішіндер түрінде қалыптасқан алып құрылымдар болып табылады және олар ежелгі қоғамдардың дүниетанымы мен мәдени тәжірибесі туралы маңызды ақпарат береді.

Торғай геоглифтері алғаш рет ғарыштық түсірілімдерді талдау нәтижесінде анықталып, кейінгі жылдары ғылыми қауымдастықтың назарын аударды. Қазіргі уақытта өңір аумағында төрттағандар, крест тәрізді құрылымдар және Торғай свастикасы сияқты бірнеше геоглиф түрлері белгілі.

Ғылыми әдебиеттерде бұл нысандардың нақты атқарған қызметі жөнінде ортақ пікір қалыптаспағанымен, олардың ежелгі қоғамдардың діни-ғұрыптық немесе астрономиялық қызметімен байланысты болуы мүмкін деген болжамдар басым. Осыған байланысты Торғай геоглифтері Қазақстан аумағындағы археологиялық зерттеулердің маңызды нысандарының бірі болып табылады.

Зерттеу нәтижелері геоглифтердің ғылыми құндылығымен қатар мәдени туризмді дамытудағы әлеуетінің жоғары екенін көрсетті. Алайда мұндай ескерткіштердің сақталуын қамтамасыз ету және оларды халықаралық деңгейде насихаттау бағытындағы жұмыстарды одан әрі жетілдіру қажет [19].

Геоглифтердің кеңістіктік орналасуын талдау олардың Торғай өңірінің тарихи-мәдени ландшафттарының құрамдас бөлігі екенін көрсетті. Әлемдік тәжірибеде Наска шөліндегі геоглифтер сияқты нысандар ғылыми және туристік қызығушылықтың маңызды орталықтарына айналған. Осы тұрғыдан алғанда Торғай геоглифтері де халықаралық деңгейдегі мәдени мұра нысаны ретінде қарастырылуы мүмкін.

Қостанай облысының тарихи-мәдени ресурстарын бағалау нәтижелері Торғай геоглифтерінің өңірлік туризмді дамытуда маңызды рөл атқара алатынын көрсетті. Сонымен бірге олар Қазақстанның көне өркениеттері мен тарихи-мәдени дамуын зерттеуге мүмкіндік беретін құнды археологиялық дереккөз болып табылады (сурет 2) [19].

Сурет 2. *Торғай геоглифтері*

Арқайым және Торғай өңірінің тарихи-мәдени кеңістігі. Торғай өңірінің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу барысында ежелгі қоныстар, қорғандар, ғұрыптық құрылыстар мен археологиялық кешендердің кең таралғаны анықталды. Бұл аумақ ежелгі дәуірлерден бастап Еуразия көшпелілерінің мәдени кеңістігінің маңызды бөлігі болған.

Археологиялық және тарихи деректерге сүйенген талдау нәтижелері Торғай өңірі мен оған іргелес аумақтардағы мәдени үдерістердің өзара байланыста дамығанын көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда өңір аумағындағы археологиялық нысандарды жеке-жеке қарастырудан гөрі оларды біртұтас тарихи-географиялық жүйе ретінде зерттеу ғылыми тұрғыдан анағұрлым тиімді болып табылады [1].

Зерттеу барысында анықталған мәдени мұра нысандары өңірдің тарихи қоныстану ерекшеліктерін, көші-қон бағыттарын және этномәдени байланыстарын зерделеуде маңызды дереккөз ретінде бағаланды [19].

Екідің ескерткіштерінің тарихи-географиялық маңызы. Қостанай облысының тарихи-мәдени мұра нысандарының ішінде Екідің ескерткіштері ерекше орын алады. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде бұл нысандардың қола дәуірінің соңғы кезеңі мен ерте темір дәуіріне жататыны анықталған. Ескерткіштердің кеңістіктік орналасуы мен сәулеттік құрылымы олардың кездейсоқ тұрғызылмағанын және белгілі бір тарихи-мәдени қызмет атқарғанын көрсетеді.

Екідің кешенінің құрамындағы екі нысан бір-бірінен едәуір қашықтықта орналасқанымен, құрылымдық ұқсастықтары олардың ортақ мәдени дәстүр аясында қалыптасқанын аңғартады. Бірінші нысан Қараторғай өзеніне жақын орналасса, екіншісі айналадағы ландшафтта айқын ерекшеленетін биік жерде орналасқан. Мұндай кеңістіктік ұйымдасу ежелгі қоғамдардың табиғи орта ерекшеліктерін ескере отырып құрылыс жүргізгенін көрсетеді [8].

Археологиялық әдебиеттерде Екідің ескерткіштерінің қызметі жөнінде әртүрлі пікірлер кездеседі. Дегенмен зерттеушілердің басым бөлігі оларды ғұрыптық немесе мемориалдық сипаттағы нысандар қатарына жатқызады. Бұл пікір олардың құрылыс ерекшеліктері мен орналасу заңдылықтарына негізделген.

1959 жылы академик Әлкей Марғұлан жетекшілік еткен археологиялық зерттеулер нәтижесінде Екідің ескерткіштерінің тарихи құндылығы ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, мемлекеттік қорғауға алынған. Кейіннен жақын маңдағы елді мекеннің атауы да осы ескерткіштермен байланысты қалыптасқан [20].

Жүргізілген талдау Екідің кешенінің Қостанай облысының ғана емес, жалпы Қазақстанның археологиялық мұра жүйесіндегі маңызды нысандардың бірі екенін көрсетті. Оның ғылыми құндылығы ежелгі көшпелі қоғамдардың мәдени кеңістігін зерттеуге мүмкіндік беруімен айқындалады.

4. ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу нәтижелері Қостанай облысының ерекше қорғалатын табиғи аумақтары мен киелі нысандары өңірдің табиғи және тарихи-мәдени мұрасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатынын көрсетті. Жүргізілген талдау барысында облыс аумағындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық тұрақтылықты сақтауда және биоалуантүрлілікті қорғауда шешуші рөл атқаратыны анықталды.

Картографиялық зерттеу нәтижелері табиғи қорғалатын аумақтар мен киелі нысандардың таралуында белгілі бір кеңістіктік заңдылықтардың қалыптасқанын көрсетті. Олардың басым бөлігі табиғи ландшафттары жақсы сақталған және тарихи тұрғыдан игерілген аудандарда орналасқан.

Топонимикалық талдау нәтижесінде Қостанай облысының жер-су атаулары өңірдің табиғи ерекшеліктері, тарихи оқиғалары және этномәдени құндылықтары туралы маңызды ақпарат сақтайтыны анықталды. Әсіресе жануарлар дүниесіне, өсімдік жамылғысына және табиғи нысандарға қатысты атаулар тарихи ландшафттардың өзгерістерін реконструкциялауда құнды дереккөзі болып табылады.

Зерттеу барысында Наурызым қорығы, Аманқарағай және Арақарағай ормандары, «Алтын Дала» мемлекеттік табиғи резерваты сияқты ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың экологиялық маңызы айқындалды. Бұл нысандар биоалуантүрлілікті сақтау мен табиғи экожүйелердің тұрақтылығын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады.

Сонымен қатар өңірдегі киелі нысандар мен археологиялық ескерткіштердің кеңістіктік ұйымдасу ерекшеліктері анықталды. Торғай геоглифтері, Екідің ескерткіштері және басқа да тарихи-мәдени нысандар Қостанай облысының мәдени ландшафттарының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Алынған нәтижелер Қазақстанның киелі географиясын зерттеу бағытындағы бұрынғы ғылыми еңбектердің қорытындыларын толықтыра отырып, Қостанай

облысының табиғи және мәдени мұрасын кешенді қарастырудың маңыздылығын көрсетеді. Зерттеу нәтижелері ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды сақтау, тарихи-мәдени мұраны қорғау, өңірлік туристік маршруттарды әзірлеу және топонимиялық мұраны жүйелеу жұмыстарында пайдаланылуы мүмкін.

Практикалық тұрғыдан зерттеу нәтижелері Қостанай облысының табиғи және киелі нысандарының бірыңғай геоақпараттық дерекқорын қалыптастыруға, туристік-рекреациялық инфрақұрылымды жетілдіруге және өңірдің мәдени-танымдық әлеуетін арттыруға ғылыми негіз бола алады [21...23].

ДЕРЕКТЕРДІҢ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІГІ

Бұл зерттеуде ұсынылған деректерді жауапты автормен байланысу арқылы сұрату негізінде алуға болады.

АВТОРЛАРДЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Тұжырымдамалау – КС, АН; деректерді басқару – КС, АЕ; ресми талдау – КС, АЕ; әдістеме - КС, АЕ; бағдарламалық қамтамасыз ету – КС, АН; қадағалау – КС, АЕ; Визуализация - АС; бастапқы жобаны жазу – КС, АС; шолуды жазу және өңдеу – КС, АН, АЕ, АС.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1.Сапаров К.Т. Павлодар облысының топонимикасы (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). Монография. – Алматы: Эверо, 2018. – 352 б.
2. Чигаркин А.В. Геоэкология и охрана природы Казахстана. Учебное пособие. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 338 с.
3. Dmitriyev, P. S., Fomin, I. A., Sabieva, Y. V., Kakimova, M. E., & Sannikova, M. V. (2024). Assessment of the possibilities of using sacred sites and the natural and recreational potential of the North Kazakhstan region for the formation of tourist routes. Geojournal of Tourism and Geosites, 54(2), 821-830. https://doi.org/10.30892/gtg.542spl06-1257
4. Егинбаева А.Е. Сарыарка топонимикасы. Монография. – Алматы: ССК, 2019. – 224 б.
5. Сатимбеков Р.С. Топонимические свидетельства изменения ареалов некоторых млекопитающих Казахстана // Известия АН СССР, Серия географическая. – Алматы, 1982. – № 3. – С. 79-85.
6. Sultangazina, G., & Kuprijanov, A. (2023). Floral composition of the botanical natural monument “Kamenny lake tract” (Kostanay region). Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Bioscience Series, 145(4), 63-70. https://bulbio.enu.kz/index.php/main/article/view/324
7. Рашид ад-Дин. Сборник летописей. – М.; –Л., 1952. – Т. 1. – 315 с.
8. Saule, I., Bibaisha, N., Koshimova, B., et al. (2025). Lexico-semantic aspect of ancient Turkic toponyms of Kazakhstan. Forum for Linguistic Studies, 7(8), 1222-1239. https://doi.org/10.30564/fls.v7i8.9760
9. Dmitriyev, P. S., Fomin, I. A., & Wendt, J. A. (2021). Assessment and zoning of recreational facilities in the North Kazakhstan region for the development of the tourism industry. GeoJournal of Tourism and Geosites, 38(4), 1069-1075. https://doi.org/10.30892/gtg.38411-745
10. Лайсханов Ш.У., Алиаскаров Д.Т., Тобаджанов Р.Т., Исаков Е.Д. Қазақстанның физикалық-географиялық ерекшеліктері мен өзгерістерінің түркі топонимдерінде көрініс табуы // География және су ресурстары. – № 2, 2025. https://doi.org/10.55764/2957-9856/2025-2-121-134.26
11. Левшин А. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких Орд и степей. ч. I: Известия географические. – Спб., 1832. – 264 с.
12. Sadirova, K. K., Zhazykova, R. B., Yessenova, K. U., Sapina, S. M., & Mirov, M. O., Abdirova, Sh. G. (2024). The manifestation of mythical cognition in toponyms: On the material of the Turkic languages. Eurasian Journal of Applied Linguistics, 10(1), 92-103. http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10109
13. Семенов П.П. Географическо-статистический словарь Российской империи. – Т. I. – СПб., 1863. – 716 с.
14. Мурзаев Э.М. Словарь народных географических терминов. – Москва: Мысль, 1984. – 653 с.
15. Smatova, A., Tleuberdiev, B., & Omarov, N. (2025). Linguocultural and cognitive features of Kazakh and English toponyms. Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 152(3), 114-132. https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-114-132
16. Макшеев А. Географические сведения Книги Большого Чертежа о киргизских степях и Туркестанском крае // Записки ИРГО по отд. Этнографии. – т. 6., отдел II. – Спб., 1880. – С. 1-41.
17. Tsyrempilov, N., & Bigozhin, U. (2022). A nation’s holy land: Kazakhstan’s large-scale national project to map its sacred geography. Nationalities Papers, 50(4), 704-721. https://doi.org/10.1017/nps.2021.22
18. Семенов П.П. Географическо-статический словарь Российской империи. – Т. III. – СПб., 1867. – 743 с.
19. Meirbekov, A. K., & Meiirbekov, A. K. (2021). National identity of Kazakh toponyms in the context of multilingualism. In I. Savchenko (Ed.), National interest, national identity and national security (Vol. 102, pp. 613-619). European Publisher. https://doi.org/10.15405/epsbs.2021.02.02.77
20. Караман А., & Сапашев О. (2025). Система номинаций в региональной сакральной топонимии как национальный код // Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University Philological Series, (2), 159-171. https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp159-171
21. Yeginbayeva, A. Ye., Saparov, K. T., Abdullina, A. G., Zhensikbayeva, N. Zh., Atasoy, E., & Keikin, Ye. K. (2024). Hydrographic names and terms of Saryarka. Bulletin of L.N. Gumilyov ENU. Chemistry. Geography. Ecology Series, (3), 93-110.
22. Yeginbayeva, A. Ye., Atasoy, E., & Keikin, E. K. (2023). Geographical bases of the formation of toponyms of Saryarka. Bulletin of L.N. Gumilyov ENU. Chemistry. Geography. Ecology Series, (144), 63-76. https://doi.org/10.32523/2616-6771-2023-144-3-63-76
23. Yeginbayeva, A. Ye., Saparov, K. T., Zhensikbayeva, N. Zh., & Baubekova, G. K. (2025). Geographical names of objects of the Saryarka nature reserve fund. Geography and Water Resources, (1), 153-162.

REFERENCES

1. Saparov, K. T. (2018). Pavlodar oblysynyn toponimikasy (kazaktardyn kenistikti igepy tazhiribesinin zher-su ataularyndagy korinisi) [Toponymy of Pavlodar region (reflection of Kazakh spatial development experience in place names)]. Almaty: Evero, 352 p. [in Kazakh].
2. Chigarkin, A. V. (2003). Geoekologiya i okhrana prirody Kazakhstana [Geoecology and nature protection of Kazakhstan]. Almaty: Kazakh University, 338 p. [in Russian].
3. Dmitriyev, P. S., Fomin, I. A., Sabieva, Y. V., Kakimova, M. E., & Sannikova, M. V. (2024). Assessment of the possibilities of using sacred sites and the natural and recreational potential of the North Kazakhstan region for the formation of tourist routes. *Geojournal of Tourism and Geosites*, *54*(2), 821-830. https://doi.org/10.30892/gtg.542spl06-1257
4. Yeginbayeva, A. Ye. (2019). Saryarka toponimikasy [Toponymy of Saryarka]. Almaty: SSK, 224 p. [in Kazakh].
5. Satimbekov, R. S. (1982). Toponimicheskie svidetelstva izmeneniya arealov nekotorykh mlekopitayushchikh Kazakhstana [Toponymic evidence of changes in the habitats of some mammals of Kazakhstan]. *Izvestiya AN SSSR. Seriya geograficheskaya*, (3), 79-85. [in Russian].
6. Sultangazina, G., & Kuprijanov, A. (2023). Floral composition of the botanical natural monument "Kamenny lake tract" (Kostanay region). *Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Bioscience Series*, *145*(4), 63-70. https://bulbio.enu.kz/index.php/main/article/view/324
7. Rashid al-Din. (1952). *Sbornik letopisei* [Collection of chronicles]. Moscow-Leningrad, Vol. 1, 315 p. [in Russian].
8. Saule, I., Bibaisha, N., Koshimova, B., et al. (2025). Lexico-semantic aspect of ancient Turkic toponyms of Kazakhstan. *Forum for Linguistic Studies*, *7*(8), 1222-1239. https://doi.org/10.30564/fls.v7i8.9760
9. Dmitriyev, P. S., Fomin, I. A., & Wendt, J. A. (2021). Assessment and zoning of recreational facilities in the North Kazakhstan region for the development of the tourism industry. *GeoJournal of Tourism and Geosites*, *38*(4), 1069-1075. https://doi.org/10.30892/gtg.38411-745
10. Laiskhanov, Sh. U., Aliaskarov, D. T., Tobajanov, R. T., & Isakov, E. D. (2025). Qazaqstannyn fizikalyk-geografiyalyk erekshelikteri men ozgeristerinin turki toponimderinde korinis tabuy [Reflection of physical-geographical features and changes of Kazakhstan in Turkic toponyms]. *Geography and Water Resources*, (2), 121-134. https://doi.org/10.55764/2957-9856/2025-2-121-134.26 [in Kazakh].
11. Levshin, A. (1832). *Opisanie kirgiz-kazachikh ili kirgiz-kaysatskikh ord i stepei. Chast I: Izvestiya geograficheskie* [Description of the Kyrgyz-Kazakh or Kyrgyz-Kaisak hordes and steppes]. St. Petersburg, 264 p. [in Russian].
12. Sadirova, K. K., Zhazykova, R. B., Yessenova, K. U., Sapina, S. M., & Mirov, M. O., Abdirova, Sh. G. (2024). The manifestation of mythical cognition in toponyms: On the material of the Turkic languages. *Eurasian Journal of Applied Linguistics*, *10*(1), 92-103. http://dx.doi.org/10.32601/ejal.10109
13. Semenov, P. P. (1863). *Geograficheskо-statisticheskiy slovar Rossiyskoy imperii* [Geographical-statistical dictionary of the Russian Empire]. Vol. I. St. Petersburg, 716 p. [in Russian].
14. Murzaev, E. M. (1984). *Slovar narodnykh geograficheskikh terminov* [Dictionary of folk geographical terms]. Moscow: Mysl, 653 p. [in Russian].
15. Smatova, A., Tleuberdiev, B., & Omarov, N. (2025). Linguocultural and cognitive features of Kazakh and English toponyms. *Bulletin of the L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, *152*(3), 114-132. https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-152-3-114-132
16. Maksheev, A. (1880). Geograficheskie svedeniya Knigi Bolshogo Chertezha o kirgizskikh stepyakh i Turkestanskom krae [Geographical information of the Book of the Great Drawing about the Kyrgyz steppes and Turkestan region]. *Zapiski IRGO po otdeleniyu etnografii*, 6(II), 1-41. [in Russian].
17. Tsyrempilov, N., & Bigozhin, U. (2022). A nation's holy land: Kazakhstan's large-scale national project to map its sacred geography. *Nationalities Papers*, *50*(4), 704-721. https://doi.org/10.1017/nps.2021.22
18. Semenov, P. P. (1867). *Geograficheskо-statisticheskiy slovar Rossiyskoy imperii* [Geographical-statistical dictionary of the Russian Empire]. Vol. III. St. Petersburg, 743 p. [in Russian].
19. Meirbekov, A. K., & Meiirbekov, A. K. (2021). National identity of Kazakh toponyms in the context of multilingualism. In I. Savchenko (Ed.), *National interest, national identity and national security* (Vol. 102, pp. 613-619). European Publisher. https://doi.org/10.15405/epsbs.2021.02.02.77
20. Karman, A., & Sapashev, O. (2025). Sistema nominatsii v regionalnoy sakralnoy toponimii kak natsionalny kod [The system of nominations in regional sacred toponymy as a national code]. *Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series*, (2), 159-171. https://doi.org/10.59102/kufil/2025/iss2pp159-171 [in Russian].
21. Yeginbayeva, A. Ye., Saparov, K. T., Abdullina, A. G., Zhensikbayeva, N. Zh., Atasoy, E., & Keikin, Ye. K. (2024). Hydrographic names and terms of Saryarka. *Bulletin of L.N. Gumilyov ENU. Chemistry. Geography. Ecology Series*, (3), 93-110.
22. Yeginbayeva, A. Ye., Atasoy, E., & Keikin, E. K. (2023). Geographical bases of the formation of toponyms of Saryarka. *Bulletin of L.N. Gumilyov ENU. Chemistry. Geography. Ecology Series*, *(144)*, 63-76. https://doi.org/10.32523/2616-6771-2023-144-3-63-76
23. Yeginbayeva, A. Ye., Saparov, K. T., Zhensikbayeva, N. Zh., & Baubekova, G. K. (2025). Geographical names of objects of the Saryarka nature reserve fund. *Geography and Water Resources*, (1), 153-162.

ТОПОНИМЫ ОСОБО ОХРАНЯЕМЫХ ПРИРОДНЫХ И САКРАЛЬНЫХ ОБЪЕКТОВ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Куат Т. Сапаров доктор географических наук, профессор, Акерке М. Нурпеисова, Айгуль Е. Егинбаева* PhD., ассоциированный профессор, Айгуль М. Сергеева кандидат географических наук, профессор

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан; saparov_kt@enu.kz, akerke_140285@mail.ru, yeginbayeva_aye@enu.kz, sergeyeva_am@enu.kz
*Автор корреспондент: Айгуль Е. Егинбаева, yeginbayeva_aye@enu.kz

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА

Костанайская область, особо охраняемые природные территории, сакральные объекты, топонимия, сакральная география, культурное наследие, Наурзумский заповедник, резерват Алтын Дала, Торгайские геоглифы, региональный туризм.

По статье:
Получено: 03.03.2026
Пересмотрено: 10.06.2026
Принято: 23.07.2026
Опубликовано: 30.09.2026

АБСТРАКТ

В статье рассматриваются особенности размещения особо охраняемых природных территорий и сакральных объектов Костанайской области в контексте сохранения природного и историко-культурного наследия региона. Цель исследования заключается в комплексном анализе особо охраняемых природных территорий, сакральных объектов и связанных с ними топонимов, а также в определении их роли в формировании регионального культурно-географического пространства. Информационную основу исследования составили научные публикации, архивные материалы, картографические источники, данные полевых наблюдений и официальные сведения об особо охраняемых природных территориях. В работе использованы географический, картографический, сравнительно-географический, топонимический и историко-культурный методы исследования.

В результате исследования выявлены особенности пространственного размещения особо охраняемых природных территорий и сакральных объектов Костанайской области. Установлено, что их распространение характеризуется определёнными территориальными закономерностями и тесно связано с историческими процессами освоения территории, природными условиями и культурными традициями населения. Проведённый топонимический анализ показал, что географические названия региона содержат важную информацию о природной среде, исторических событиях и этнокультурных особенностях территории. Определены природоохранное значение Наурзумского государственного природного заповедника, государственного природного резервата «Алтын Дала», реликтовых лесных массивов Аманкарагай и Аракарагай, а также научная и культурная ценность сакральных объектов, включая Торгайские геоглифы и памятники Екідің. Полученные результаты могут быть использованы при разработке программ охраны природного и культурного наследия, совершенствовании региональной туристско-рекреационной политики и развитии исследований сакральной географии Казахстана.

TOPONYMS OF SPECIALLY PROTECTED NATURAL AND SACRED SITES OF THE KOSTANAY REGION

Kuat Saparov Doctor of Geographical Sciences, Professor, Akerke M. Nurpeisova, Aigul Yeginbayeva* PhD., associate professor, Aigul Sergeyeva Candidate of Geographical Sciences, Professor

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; saparov_kt@enu.kz, akerke_140285@mail.ru, yeginbayeva_aye@enu.kz, sergeyeva_am@enu.kz

*Corresponding author: Aigul Ye. Yeginbayeva, yeginbayeva_aye@enu.kz

KEY WORDS

Kostanay Region, protected natural areas, sacred sites, toponymy, sacred geography, cultural heritage, Naurzum State Nature Reserve, Altyn Dala State Nature Reserve, Torgai geoglyphs, regional tourism

About article:
Received: 03.03.2026
Revised: 10.06.2026
Accepted: 23.07.2026
Published: 30.09.2026

ABSTRACT

This article examines the natural, historical, cultural, and toponymic characteristics of protected areas and sacred sites in the Kostanay Region of Kazakhstan. The purpose of the study is to identify the spatial distribution patterns of protected natural areas and sacred heritage sites, assess their role in preserving natural and cultural heritage, and analyze their representation in the regional toponymic system. The research is based on scientific literature, archival sources, cartographic materials, field observations, and official data on protected areas. Cartographic, comparative-geographical, toponymic, historical-cultural, and geoinformation methods were employed to achieve the research objectives.

The findings reveal distinct spatial patterns in the distribution of protected areas and sacred sites across the region. Their location is closely associated with the preservation of natural landscapes, historical settlement processes, and the cultural and spiritual traditions of local communities. The study highlights the environmental significance of the Naurzum State Nature Reserve, the Altyn Dala State Nature Reserve, and the relic forest ecosystems of Amankaragay and Arakaragay. In addition, the historical and cultural value of the Torgai geoglyphs and the Ekiidin archaeological monuments is assessed. The toponymic analysis demonstrates that geographical names preserve valuable information about the natural environment, historical events, and ethnocultural development of the region. The results can be applied in the conservation of natural and cultural heritage, the development of regional tourism strategies, and further research in the field of sacred geography.

Баспагердің ескертпесі: барлық жарияланымдардағы мәлімдемелер, пікірлер мен деректер «Гидрометеорология и экология» журналына және/немесе редакторға(ларға) емес, тек авторға(ларға) тиесілі.

Гидрометеорология и экология

Научная статья

ОЦЕНКА ВЛИЯНИЯ ЛЕСНЫХ ПОЖАРОВ НА НАПОЧВЕННЫЙ ПОКРОВ ЛЕСОВ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ

Алтын А. Жангужина PhD

Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, Астана, Қазақстан; altyn8828@mail.ru (А.А.Ж.)
* Автор корреспондент: Алтын А. Жангужина, altyn8828@mail.ru

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА

лесные пожары, напочвенный покров, лесная подстилка, угольные остатки, пепел, постпирогенная сукцессия, индекс регенерации, NDVI

АБСТРАКТ

В статье рассматриваются особенности постпирогенной динамики напочвенного покрова лесных экосистем Костанайской области. Цель исследования – оценка закономерностей восстановления лесной подстилки, листового, травяного и древесного опада, а также динамики угольных остатков и пепла на гаревых участках различной давности с учетом типа условий местопроизрастания. Методологической основой послужили полевые исследования на пробных площадях, включающие учет запасов опада (т/га), измерение мощности лесной подстилки, анализ пирогенных остатков и расчет индекса регенерации на основе данных дистанционного зондирования (NDVI, Sentinel-2, Landsat 8).

Установлено, что на гарях 2022 года мощность подстилки минимальна (1,2...1,3 см), запасы листового и древесного опада снижены (0,2...0,6 и 0,5...0,6 т/га соответственно), а содержание угольных остатков достигает 0,6...1,0 т/га. На участках 2004...2010 гг. наблюдается увеличение толщины подстилки до 4,0...4,5 см, снижение пирогенного углерода до 0,2...0,5 т/га и рост индекса регенерации до 0,60...0,80. Фоновые территории характеризуются стабилизированными значениями (подстилка 5,2...6,2 см; индекс 0,72...0,86). Выявлено, что в ксерофильных условиях восстановление замедлено, тогда как в мезофильных и гигрофильных местообитаниях процессы гумификации и регенерации протекают значительно быстрее.

Полученные результаты подтверждают, что скорость постпирогенной сукцессии определяется годом пожара, интенсивностью огневого воздействия и почвенно-гидрологическими условиями. Напочвенный покров может рассматриваться как интегральный индикатор восстановления лесных экосистем и использоваться при разработке мероприятий по их устойчивому восстановлению.

1. ВВЕДЕНИЕ

7. Fang, J., Chen, A., & Yu, G. (2014). Vegetation index dynamics and climate variability in arid regions. Environmental Monitoring and Assessment. 186, 8351–8366 https://doi.org/10.1007/s10661-014-3928-2

8. Bao, W., Li, X., & Liu, Y. (2014) Remote sensing of arid and semi-arid vegetation: Methods and applications. Journal of Arid Environments. 103, 37–45. https://doi.org/10.1016/j.jaridenv.2014.01.004
9. Bao, W., Li, X., & Liu, Y. (2015). NDVI time series for monitoring ecosystem changes in Central Asia. Remote Sensing of Environment. 162, 123–134 https://doi.org/10.1016/j.rse.2014.12.001
10. Atasoy, B., Demir, B., & Kaya, C. (2022). Landscape-ecological approaches for sustainable land use planning. Ecological Indicators. 140, 109028 https://doi.org/10.1016/j.ecolind.2022.109028
11. Korunchikova, E., Petrova, A., & Ivanov, V. (2018). Forest ecosystems and landscape stability: Insights from relict ash groves. Ecology and Evolution. 8(14), 7156–7168 https://doi.org/10.1002/ece3.4167
12. Ozgeldinova, A., Ismagulova, D., & Bekzhanova, L. (2024). Relict forest ecosystems as indicators of landscape sustainability. Environmental Monitoring and Assessment. 196, 45 https://doi.org/10.1007/s10661-024-11234-7
13. Hannah, L., Roehrdanz, P. R., & Marquet, P. (2014). Climate change, refugia, and the conservation of biodiversity. Nature Climate Change. 4, 121–128 https://doi.org/10.1038/nclimate2095
14. Moreira, F., Viedma, O., & Arianoutsou, M. (2020). Natural refugia and forest resilience in Mediterranean ecosystems. Forest Ecology and Management. 473, 118291 https://doi.org/10.1016/j.foreco.2020.118291
15. Watson, J. E. M., Dudley, N., & Segan, D. B. (2014). The performance and potential of protected areas. Nature. 515, 67–73. https://doi.org/10.1038/nature13947
16. Ogar, G., Babayeva, N., & Isabayeva, D. (1997). Protected areas and natural heritage conservation in Kazakhstan. Environmental Geography Studies 3(1), 12–25.
17. План управления на 2015-2019 годы (2015). РГУ «Чарынский государственный национальный природный парк». – Шонжы: Программа Научного отдела ЧГНПП, 2015. – 198 с.
18. Aldibekova, A., Sultanova, B., Aksoy, A., Kurmanbayeva, M., & Nurmukhametov, Z. (2021) Comparative study of root, stem, and leaf anatomy of young Sogdian ash trees (Fraxinus sogdiana Bunge) growing in river valleys of the Sharyn State National Park. International Journal of Biology and Chemistry. 14(1), 80–89 DOI: https://doi.org/10.26577/ijbch.2021.v14.i1.08
19. Kerimbay, B.S., Kerimbay, N.N., Mazbaev, O.B., Dunets, A.N. (2020). Sharyn state national natural park. Evero, Almaty. -116 p.
20. Kerimbay, B.S., Baimyrzaev, K.M., Kerimbay, N.N., & Kaliaskarova, Z.K. (2024). Possibilities of creating tourist and recreational complexes based on the landscape conditions of the mountainous districts of the Almaty region, Kazakhstan. Geojournal of Tourism and Geosites. 55(3), 1392–1401 https://doi.org/10.30892/gtg.55339-1311
21. Ekebaev, R., Yessimbekov, B., & Iskakova, M. (2020). Relict ash forests as indicators of landscape resilience in Central Asia. Central Asian Environmental Studies. 18(2), 87–101.
22. Vintergoller, M. (1984). Flora of Central Asia: Relict species in river valleys. Botanical Journal of the USSR. 69(6), 923–934
23. Krause, F., & Haaland, H. (2017). Integrating natural refugia into sustainable landscape management. Journal of Environmental Planning and Management. 60(8), 1351–1365 https://doi.org/10.1080/09640568.2016.1251876
24. Eagles, P. F. J., McCool, S. F., & Haynes, C. D. (2002). Sustainable tourism in protected areas: Guidelines for planning and management. IUCN. https://portals.iucn.org/library/sites/library/files/documents/PAG-008.pdf?utm_source=copilot.com
25. Worboys, G. L., Lockwood, M., & Kothari, A. (2015). Protected area governance and management. ANU Press.

REFERENCES

1. Nepal, S. K. (2003). Tourism and sustainable development in mountain areas. Annals of Tourism Research. 30(1), 1–21 https://doi.org/10.1016/S0160-7383(02)00039-0
2. Price, M., Byers, A., & Sukhdev, P. (2013). Conservation and sustainable use of mountain biodiversity. Mountain Research and Development. 33(3), 234–245 https://doi.org/10.1659/MRD-JOURNAL-D-13-00028.1
3. Panizza, M. (2001). Remote sensing for geomorphology and landscape ecology. Progress in Physical Geography. 25(3), 381–391 https://doi.org/10.1177/030913330102500307
4. Reynard, E. (2009). Geomorphology and ecosystem functioning. Geomorphology. 107(1–2), 1–11 https://doi.org/10.1016/j.geomorph.2008.09.010
5. Sari, D., Alimov, A., & Beketayev, N. (2023). Sentinel-2 NDVI monitoring of riparian vegetation in Central Asia. Remote Sensing Applications: Society and Environment. 31, 101992 https://doi.org/10.1016/j.rsase.2023.101992
6. Cui, H., Zhang, J., & Wang, Y. (2022). Spatio-temporal vegetation analysis using Sentinel-2 data. Remote Sensing, 14(4), 876 https://doi.org/10.3390/rs14040876
7. Fang, J., Chen, A., & Yu, G. (2014). Vegetation index dynamics and climate variability in arid regions. Environmental Monitoring and Assessment. 186, 8351–8366 https://doi.org/10.1007/s10661-014-3928-2
8. Bao, W., Li, X., & Liu, Y. (2014) Remote sensing of arid and semi-arid vegetation: Methods and applications. Journal of Arid Environments. 103, 37–45. https://doi.org/10.1016/j.jaridenv.2014.01.004
9. Bao, W., Li, X., & Liu, Y. (2015). NDVI time series for monitoring ecosystem changes in Central Asia. Remote Sensing of Environment. 162, 123–134 https://doi.org/10.1016/j.rse.2014.12.001
10. Atasoy, B., Demir, B., & Kaya, C. (2022). Landscape-ecological approaches for sustainable land use planning. Ecological Indicators. 140, 109028 https://doi.org/10.1016/j.ecolind.2022.109028
11. Korunchikova, E., Petrova, A., & Ivanov, V. (2018). Forest ecosystems and landscape stability: Insights from relict ash groves. Ecology and Evolution. 8(14), 7156–7168 https://doi.org/10.1002/ece3.4167
12. Ozgeldinova, A., Ismagulova, D., & Bekzhanova, L. (2024). Relict forest ecosystems as indicators of landscape sustainability. Environmental Monitoring and Assessment. 196, 45 https://doi.org/10.1007/s10661-024-11234-7
13. Hannah, L., Roehrdanz, P. R., & Marquet, P. (2014). Climate change, refugia, and the conservation of biodiversity. Nature Climate Change. 4, 121–128 https://doi.org/10.1038/nclimate2095
14. Moreira, F., Viedma, O., & Arianoutsou, M. (2020). Natural refugia and forest resilience in Mediterranean ecosystems. Forest Ecology and Management. 473, 118291 https://doi.org/10.1016/j.foreco.2020.118291
15. Watson, J. E. M., Dudley, N., & Segan, D. B. (2014). The performance and potential of protected areas. Nature. 515, 67–73. https://doi.org/10.1038/nature13947
16. Ogar, G., Babayeva, N., & Isabayeva, D. (1997). Protected areas and natural heritage conservation in Kazakhstan. Environmental Geography Studies 3(1), 12–25.

17. Plan upravleniya na 2015-2019 gody [2015]. RGU «Charynskii gosudarstvennyi natsionalnyi prirodnyi park» [Management Plan for 2015-2019 / RGU Charyn State National Nature Park] – Shonzhi: The program of the Scientific Department of the CHGNPP, 2015. – 198 p.
18. Aldibekova, A., Sultanova, B., Aksoy, A., Kurmanbayeva, M., & Nurmukhametov, Z. (2021) Comparative study of root, stem, and leaf anatomy of young Sogdian ash trees (Fraxinus sogdiana Bunge) growing in river valleys of the Sharyn State National Park. International Journal of Biology and Chemistry. 14(1), 80–89 DOI: https://doi.org/10.26577/ijbch.2021.v14.i1.08
19. Kerimbay, B.S., Kerimbay, N.N., Mazbaev, O.B., Dunets, A.N. (2020). Sharyn state national natural park. Evero, Almaty. -116 p.
20. Kerimbay, B.S., Baimyrzaev, K.M., Kerimbay, N.N., & Kaliaskarova, Z.K. (2024). Possibilities of creating tourist and recreational complexes based on the landscape conditions of the mountainous districts of the Almaty region, Kazakhstan. Geojournal of Tourism and Geosites. 55(3), 1392–1401 https://doi.org/10.30892/gtg.55339-1311
21. Ekebaev, R., Yessimbekov, B., & Iskakova, M. (2020). Relict ash forests as indicators of landscape resilience in Central Asia. Central Asian Environmental Studies. 18(2), 87–101.
22. Vintergoller, M. (1984). Flora of Central Asia: Relict species in river valleys. Botanical Journal of the USSR. 69(6), 923–934
23. Krause, F., & Haaland, H. (2017). Integrating natural refugia into sustainable landscape management. Journal of Environmental Planning and Management. 60(8), 1351–1365 https://doi.org/10.1080/09640568.2016.1251876
24. Eagles, P. F. J., McCool, S. F., & Haynes, C. D. (2002). Sustainable tourism in protected areas: Guidelines for planning and management. IUCN. https://portals.iucn.org/library/sites/library/files/documents/PAG-008.pdf?utm_source=copilot.com
25. Worboys, G. L., Lockwood, M., & Kothari, A. (2015). Protected area governance and management. ANU Press.

ГЕОЭКОЛОГИЧЕСКИЙ МОНИТОРИНГ ПРОСТРАНСТВЕННО - ВРЕМЕННОЙ ДИНАМИКИ ЛАНДШАФТОВ ПОЛУПУСТЫННОЙ ТЕРРИТОРИИ

Баян С. Керімбай* PhD., Нұржан Н. Керімбай к.г.н. ассоциированный профессор, Қуат М. Баймырзаев д.г.н., Лаура С. Байбатырова

«Жетысуский университет имени И.Жансүгірова», г. Талдыкорган, Қазахстан; kbs.zhetysu@gmail.com (Б.С.К.), n.kerimbay1964@gmail.com (Н.Н.К.), niibiotech.research@zu.edu.kz (Қ.М.Б.), baybatyrova1989@gmail.com (Л.С.Б.)
*Автор корреспондент: Баян С. Керімбай, e-mai l kbs.zhetysu@gmail.com

КЛЮЧЕВЫЕ СЛОВА

динамика ландшафтов, урочище Сарытугай, реликтовая Согдийская Ясеневая роща, геопространственный анализ, устойчивое управление ландшафтами

По статье:
Получено: 08.05.2026
Пересмотрено: 25.05.2026
Принято: 24.08.2026
Опубликовано: 30.09.2026

АБСТРАКТ

Данное исследование рассматривает пространственно-временную динамику ландшафтов реликтовой рощи Согдийского ясеня (Fraxinus sogdiana), расположенного на территории Чарынского государственного национального природного парка в Алматинской области, и оценивает их значение для устойчивого управления и сохранения геосистем. Изменения в период 2016...2024 гг. были изучены на основе растительного покрова с использованием спутниковых данных Sentinel-2 и методов геоинформационного анализа. Методология включала анализ временных рядов NDVI, картографическую визуализацию, корреляцию склонов и экспозиций, выявление пространственных моделей биоразнообразия и экологического риска. Эти подходы позволили определить приоритетные зоны для восстановления и охраны ландшафтов. Результаты показали выраженные колебания растительного покрова, связанные с антропогенными нагрузками (выпас скота, рекреационная деятельность), климатической изменчивостью и сокращением зеленых территорий в речных долинах. Исследование подтверждает важность непрерывного геопространственного мониторинга для выявления ранних признаков экологической деградации и формулирует научно обоснованные рекомендации по сохранению целостности реликтовых лесных геосистем. Эти выводы имеют широкое значение для сохранения биоразнообразия и устойчивого ландшафтного управления в условиях полупустынных территорий.

GEOECOLOGICAL MONITORING OF THE SPATIO-TEMPORAL DYNAMICS OF SEMI-ARID TERRITORY LANDSCAPES

Bayan S. Kerimbay* PhD, Nurzhan N. Kerimbay Candidate of Geographical Sciences, Associate Professor, Kuat M. Baimyrzayev Doctor of Geographical Sciences, Laura S. Baibatyrova

"Zhetysu University named after I. Zhansugurov", Taldykorgan, Kazakhstan; kbs.zhetysu@gmail.com (B.S.K.), n.kerimbay1964@gmail.com (N.N.K.), niibiotech.research@zu.edu.kz (K.M.B.), baybatyrova1989@gmail.com (L.S.B.)
*Author correspondent: Bayan C. Kerimbay, kbs.zhetysu@gmail.com

KEY WORDS

Landscape dynamics; Sarytugai tract; Relict Sogdian Ash Grove; Geospatial analysis; Sustainable landscape management

About article:
Received: 08.05.2026
Revised: 25.05.2026
Accepted: 24.08.2026
Published: 30.09.2026

ABSTRACT

This study examines the spatio-temporal dynamics of the landscapes of the relict grove of Sogdian ash *(Fraxinus sogdiana)*, located within the Charyn State National Nature Park in Almaty Region, and assesses their significance for sustainable management and geosystem conservation. Changes during the period 2016...2024 were analyzed based on vegetation cover using Sentinel-2 satellite data and geoinformation methods. The methodology included NDVI time-series analysis, cartographic visualization, slope–aspect correlation, and identification of spatial patterns of biodiversity and ecological risk. These approaches made it possible to determine priority areas for landscape restoration and protection.

The results revealed pronounced fluctuations in vegetation cover associated with anthropogenic pressures (livestock grazing, recreational activities), climatic variability, and the reduction of green areas in river valleys. The study confirms the importance of continuous geospatial monitoring for detecting early signs of ecological degradation and formulates scientifically grounded recommendations for preserving the integrity of relict forest geosystems. These findings have broad implications for biodiversity conservation and sustainable landscape management in semi-arid regions.

Баспагердің ескертпесі: барлық жарияланымдардағы мәлімдемелер, пікірлер мен деректер «Гидрометеорология и экология» журналына және/немесе редакторға(ларға) емес, тек авторға(ларға) тиесілі.

Гидрометеорология и экология

Ғылыми мақала

НЕЙРОНДЫҚ ЖЕЛІЛІК МОДЕЛЬДЕРДІ ПАЙДАЛАНА ОТЫРЫП, PLANETSCOPE КЕСКІНДЕРІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН ЖЕРЛЕРДІҢ МҰНАЙМЕН ЛАСТАНУЫН СЕМАНТИКАЛЫҚ СЕГМЕНТТЕУ

Ғалымжан С. Әбдіманап*, Татьяна В. Дедова техника ғылымдарының кандидаты, Лариса А. Балакай техника ғылымдарының кандидаты, Данияр Б. Нурсеитов физика-математика ғылымдарының кандидаты, Серик М. Нуракынов[1] PhD

ЖШС «Ионосфера институты», Алматы қ., Қазақстан; g.s.abdimanap@gmail.com (Ғ.С.Ә.), dedova3007@gmail.com (Т.В.Д.), larissabalakay@gmail.com (Л.А.Б.), nurseitovdb@gmail.com (Д.Б.Н.)
*Автор корреспондент: Ғалымжан С. Әбдіманап, g.s.abdimanap@gmail.com

ТҮЙІН СӨЗДЕР

мұнаймен ластанған аумақтар, қашықтықтан зондтау, PlanetScope, терең оқыту, семантикалық сегментация

АБСТРАКТ

Жерлердің мұнаймен ластануын бақылау Қазақстан үшін өзекті мәселе болып табылады. Кеңестік кезеңде кейбір кен орындарында мұнай өндіру «амбарлық» әдіспен жүргізілді: бұрғылау қалдықтары, технологиялық сұйықтықтар және ілеспе ағынды сулар өндіру орнының жанында арнайы қазылған амбарларға жинақталды, нәтижесінде рекультивация мен бақылауды қажет ететін мұнаймен ластанған аумақтар едәуір жинақталып қалды. Қашықтан зондтау әдістері терең оқыту алгоритмдерімен бірлесіп қолданғанда ластанған аумақтарды дәлірек сегменттеуге және бақылауға мүмкіндік береді. Бұл жұмыста шағын ауданды мұнай ластануларын сегменттеуге арналған, PlanetScope мультиспектрлік түсірілімдері негізінде қалыптастырылған ROSID-HR деректер жиыны ұсынылады. ROSID-HR жасау кезінде бұрын әзірленген ROSID деректер жиынындағы мұнаймен ластанған учаскелер эталондық белгілеу ретінде пайдаланылды, бұл екі деректер жиыны арасындағы аннотация дәйектілігін қамтамасыз етті. Эксперименттер арқылы мұнаймен ластанған аумақтарды көлеңкелер мен техногендік нысандардан тиімдірек ажырату үшін PlanetScope арналарының оңтайлы конфигурациясы Blue-Red-NIR (2-6-8) айқындалды. Деректер жиынының жұмысқа қабілеттілігін тексеру үшін классикалық DeepLabv3+ және трансформерлік Mask2Former модельдері арқылы семантикалық сегментация жүргізілді. Mask2Former архитектурасы тестілік жиында «мұнай» класы үшін IoU мәнін 69,73%-ке жеткізді, бұл DeepLabv3+ моделінің нәтижесінен (21,63%) үш еседен астам жоғары. Нәтижелер шағын ауданды мұнаймен ластанған учаскелерді анықтауда PlanetScope деректері мен Mask2Former архитектурасын бірлесіп қолданудың қарастырылған тәсілдер шеңберіндегі тиімділігі мен артықшылығын растайды.

1. КІРІСПЕ

Мұнай өндіру, сақтау немесе тасымалдау барысында құрлықта мұнайдың төгілуі мен мұнаймен ластанған жерлердің пайда болуы топырақтың табиғи химиялық тепе-теңдігінің бұзылуына әкелетін ауыр экологиялық салдарларға соқтырады. Мұнайдың топырақтың үстіңгі қабатында жинақталуы оның биологиялық белсенділігінің төмендеуіне, су-ауа режимінің нашарлауына, өсімдіктердің қалыпты өсуінің тежелуіне, сондай-ақ биоценоздардағы өзгерістерге, яғни түрлер арасында қалыптасқан байланыстардың бұзылуына әкеледі. Топырақ экожүйесінің тұтастай тұрақтылығы айтарлықтай төмендейді, сонымен қатар топырақтың өздігінен қалпына келу қабілеті де кемиді [1].

Мақала жайында:
Алынды: 10.06.2026
Қайта қаралды: 16.07.2026
Қабылданды: 17.09.2026
Жарияланды: 30.09.2026

Для цитирования:
Әбдіманап Ғ.С., Дедова Т.В., Балакай Л.А., Нурсеитов Д.Б., Нуракынов С.М., Нейрондық желілік модельдерді пайдалана отырып, PlanetScope кескіндеріне негізделген жерлердің мұнаймен ластануын семантикалық сегменттеу // Гидрометеорология және экология, 123 (3), 2026, 289–303.

Қазақстан үшін мұнай төгінділері мәселесі ерекше өткір тұр. Мұнаймен ластанған топырақтардың едәуір бөлігі кеңестік кезеңнен бастап мұнай өндірудің негізгі аймағы болып келе жатқан Каспий өңірінде шоғырланған [2]. Ең көп зардап шеккен аудандарда мұнай өнімдерінің концентрациясы 172 480 мг/кг-ға жетеді, бұл Қазақстанда белгіленген 100 мг/кг рұқсат етілген шекті концентрациядан бірнеше есе асып түседі [3]. Мұндай учаскелердің көп бөлігі кеңестік кезеңнің тарихи ластануларына жатады, ол кезде қалдықтар тиісінше сақталмай, ашық полигондарға үйілген немесе тікелей топыраққа, су айдындарына не арнайы ұйымдастырылған резервуарларға төгілген. Соңғы жылдары Қазақстанның мұнай өндіруші компаниялары мұнаймен ластанған аумақтарды рекультивациялау бойынша жұмыстар жүргізіп жатқанымен, мұндай учаскелерді анықтаудың тиімді әдістерін әзірлеу қажеттілігі сақталуда. Бұл рекультивация процесінің өзін де, оны кейіннен бақылауды жоспарлау үшін қажет.

Жерді қашықтан зондтау (ЖҚЗ) әдістері, оның ішінде спутниктік бақылаулар мен аэрофототүсірілім, топырақтың мұнаймен ластануын картографиялаудың тиімді құралдары болып табылады [4]. Мұнаймен ластанған аумақтарды дешифрлеудің бірнеше әдісі бар. [5] жұмыста топырақ температурасын бағалау үшін интерполяция мен градиенттік талдау әдістері қолданылды, бұл мұнай ластануларымен байланысты термиялық ауытқуларды анықтауға мүмкіндік береді. Бірқатар жұмыстарда топырақтың мұнаймен ластануын анықтау үшін спектрлік индекстер мен машиналық оқыту әдістері пайдаланылды [6]. Кувейттің аудандарындағы мұнай төгінділерін бақылауға арналған [7] зерттеуде мультиспектрлік деректерді жіктеу үшін тірек векторлар әдісі (SVM) мен кездейсоқ ормандар (RF) әдістері қолданылды. Зерттеу нәтижелері анықтау сапасына әдістерді таңдаудан гөрі пайдаланылған спутниктік деректердің спектрлік ажыратымдылығы көбірек әсер ететінін көрсетті.

Конволюциялық нейрондық желілердің (CNN) пайда болуы спутниктік түсірілімдерді дешифрлеу тәсілдерін айтарлықтай өзгертті. CNN мұнайды танып-білуді өзі үйренеді; ол оқыту жинағында жинақталған мысалдардан ақпаратты автоматты түрде бөліп алады [8, 9]. Сондықтан мұндай деректер жинақтарының көлемі мен дәлдігіне қойылатын талап арта түседі. Алайда құрлықтағы мұнай төгінділері саласында сапалы белгіленген деректер әлі де аз [10].

Біздің алдыңғы зерттеуімізде Landsat спутниктік түсірілімдері негізінде ROSID деректер жинағы әзірленіп, жарияланған болатын [11]. ROSID 9 класс бойынша аннотацияларды ұсынып, PSPNet, DeepLabv3, DeepLabv3+, UNet және Mask2Former сияқты архитектуралар үшін базалық дәлдік көрсеткіштерін (benchmarks) белгіледі. Жүргізілген эксперименттердің нәтижелері бойынша конволюциялық нейрондық желілер арасындағы ең жоғары көрсеткіштерді DeepLabv3 + архитектурасы көрсетті, ал Mask2Former трансформаторлық архитектурасы ең жақсы жалпы нәтижені көрсетті. Алайда орташа ажыратымдылықтағы түсірілімдерді пайдалану ауданы шағын мұнаймен ластанған аумақтарды анықтауға белгілі бір шектеулер қояды. Бұл Кеңістіктік ажыратымдылығы жоғары деректерде терең оқыту әдістерін сынақтан өткізуді қажет етеді. Сонымен қатар, орташа ажыратымдылық деректерінен алынған нәтижелер конволюциялық немесе трансформаторлық тәсілдердің артықшылықтары қаншалықты тиімді екенін нақты бағалауға мүмкіндік бермейді. Осыған байланысты, бұл жұмыс зерттеудің келесі кезеңін ұсынады, оның шеңберінде әртүрлі модельдер отбасыларына жататын ең тиімді екі архитектура, конволюциялық (DeepLabv3+) және трансформаторлық (Mask2Former), PlanetScope 3-5 м кеңістіктік ажыратымдылықтағы суреттерінен құрылған жаңа ROSID-HR деректер жиынтығында оқытылады және сыналады. Жоғары кеңістіктік ажыратымдылықтағы қашықтықтан зондтау деректеріндегі осы салыстырмалы талдаудың нәтижелері ластанған аумақтарды тануға арналған жасанды нейрондық желінің мамандандырылған моделін кейіннен әзірлеу үшін ең перспективалы архитектуралық тәсілді анықтау үшін негіз болады.

2. МАТЕРИАЛДАР ЖӘНЕ ӘДІСТЕР

Зерттеу ауданын таңдау авторлардың алдыңғы жұмысының нәтижелерімен негізделеді. Ол жұмыста орташа кеңістіктік ажыратымдылықтағы (30 м) Landsat спутниктік деректері негізінде Маңғыстау облысының мұнай кен орындары аумағындағы мұнаймен ластанған жерлер анықталған еді. Бұл кен орындарында бұрғылаудың «амбарлық» әдісі кеңінен қолданылды; яғни бұрғылау қалдықтары мен ағынды сулар ұңғымалардың жанында арнайы қазылған амбарларға жинақталды.

Осы зерттеу шеңберінде PlanetScope тобының жоғары кеңістіктік ажыратымдылықтағы оптикалық спутниктік түсірілімдері негізінде жаңа оқыту деректер жинағы (ROSID-HR) қалыптастырылды. Алдыңғы зерттеуде анықталған мұнай ластануының учаскелері (ROSID деректер жинағы) аннотацияланған кескіндерді қалыптастыру кезінде эталондық белгілеу ретінде пайдаланылды, бұл ластанған аумақтардың кеңістіктік шекараларын нақтылауға және жоғары ажыратымдылықтағы жаңа оқыту деректерін жасауға мүмкіндік берді.

PlanetScope оптикалық түсірілімдерінің кеңістіктік ажыратымдылығы 3…5 м, бұл бұрын пайдаланылған Landsat деректерінен (30 м) едәуір жоғары. 2022 жылдан бастап PlanetScope спутниктік тобын жаңғырту шеңберінде жетілдірілген SuperDove сенсорлары қолданылады; олар 8 спектрлік арнада мультиспектрлік кескіндер алуды қамтамасыз етеді: coastal blue (жағалаулық көк), blue (көк), green I, green (жасыл), yellow (сары), red (қызыл), red-edge (қызыл шекара) және near-infrared (NIR, жақын инфрақызыл). PlanetScope түсірілімдерінің 3…5 м кеңістіктік ажыратымдылығы шағын нысандар мен бет біркелкісіздіктерін егжей-тегжейлі талдауға жеткілікті. Бұған қоса, SuperDove сенсорларының red-edge және NIR арналарын қамтитын кеңейтілген спектрлік жиынтығы жер беті түрлерін, өсімдік жамылғысының күй-жайын және мұнаймен ластанған учаскелерді дәлірек ажыратуға мүмкіндік береді.

Жоғары ажыратымдылықтағы спутниктік түсірілімдерді өңдеу процесі келесі кезеңдерден тұрды (1-сурет):

- Бастапқы деректерді іріктеу. Зерттеу ауданы үшін PlanetScope спутниктерінің 2017…2024 жж. аралығындағы бұлттылығы ең төмен түсірілімдері жылына үш мозаика жиілігімен іріктелді. Нәтижесінде ауданы шамамен 540 км² кен орнының аумағын қамтитын 24 мозаика және ауданы шамамен 550 км² кен орнының аумағын қамтитын 8 мозаикадан тұратын деректер жиынтығы қалыптастырылды.
- Бастапқы түсірілімдерді алдын ала жіктеу EM Cluster Analysis әдісі арқылы жүргізілді: мұнай, бұлттылық, бұлт көлеңкесі, су, урбандалған аумақ, топырақ, өсімдік жамылғысы, мұнай төгінділеріне спектрлік тұрғыдан ұқсас нысандар класы (егіздер), жол және фон. «Көлеңке» класы «мұнай» класының ықтимал спектрлік антагонисі ретінде осы кезеңде арнайы бөлініп алынды, өйткені екі нысан да кескінде қараңғы тонмен көрінеді және оларды ажырату мұнай ластануын дұрыс анықтау үшін маңызды. Бұл ретте көлеңкелер тек бұлт көлеңкесінен ғана емес, сонымен қатар ғимараттар, өндірістік құрылыстар мен басқа да биік нысандардың түсіруінен де пайда болуы мүмкін, сондықтан класс осындай жағдайлардың барлығын қамту үшін жалпылама сипатта белгіленген. «Бұлттылық» класы, керісінше, ашық реңкімен ерекшеленеді және мұнаймен спектрлік тұрғыдан шатаспайды; ол жеке мозаикаларда кездесетін болмашы фрагменттерді жіктеу схемасының толықтығы үшін дұрыс белгілеу мақсатында сақталды.
- Өсімдік жамылғысы индексін (NDVI) [12] есептеу, өсімдік жамылғысы мен су нысандары класын бөліп алу мақсатында жасалды.
- Векторлық деректерге түрлендіру. Нәтижелерді нақтылау және түзету мақсатында жіктеу растрлары векторлық форматқа түрлендірілді.
- Алдын ала жіктеуді талдау және түзету ArcGIS бағдарламасында жүргізілді. Мұнаймен ластанған аймақтардың векторланған деректерін қолмен нақтылауға ерекше назар аударылды. Олар алдыңғы зерттеулер деректері (ROSID), экологиялық

мониторингтің тарихи деректері және спутниктік кескіндерді сараптамалық дешифрлеу негізінде түзетілді.

- Аннотацияланған кескіндерді қалыптастыру үшін түзетілген векторлық деректерді GeoTIFF форматына түрлендіру.
- PlanetScope түсірілімдері негізінде үшарналы синтезделген кескіндерді қалыптастыру мұнай қабыршақтары мен мұнаймен ластанған топырақтың максималды визуалды және тоналды контрастын қамтамасыз ететін спектрлік арналардың оңтайлы үйлесімі негізінде жүзеге асырылды.
- Оқыту, валидациялау және тестілеу жиындарына бөлу. Кеңістіктік деректердің өтуін болдырмау үшін бастапқы толық мөлшерлі мозаикалар (кескіндер) патчтарға кесілгенге дейін географиялық/кеңістіктік тұрғыдан оқыту, валидациялау және тестілеу жиындарына бөлінді. Бұл бір аумақтың көршілес немесе қабаттасатын фрагменттерінің әртүрлі жиындарға түсу қаупін толығымен жойды.
- Деректер жиынтығын ығыстыру арқылы фрагменттеу. Түзетілген растрлық маскалар мен оларға сәйкес түсірілімдер 512×512 пиксель өлшемді патчтарға 256 пиксель ығысумен фрагменттелді.



Сурет 1. *Жоғары ажыратымдылықтағы спутниктік түсірілімдерді өңдеу тізбегі*

Қалыптастырылған ROSID-HR деректер жинағы семантикалық сегментация модельдерін оқыту және бағалау үшін негіз ретінде пайдаланылды. Құрлықтағы мұнай төгінділерін автоматты картографиялау есебі ластанған учаскелерді дәл идентификациялап, сегменттей алатын кескіндерді өңдеу әдістерін қолдануды талап етеді. Осы зерттеуде семантикалық сегментация жүргізу үшін екі түрлі нейрожелілік архитектура таңдалды; бұл классикалық конволюциялық және трансформерлік тәсілдердің тиімділігіне ортақ оқыту деректерінде салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік берді.

Конволюциялық нейрондық желілер (CNN) кескіндерден қарапайым жиектер мен текстуралардан бастап күрделі нысандық сипаттамаларға дейінгі кеңістіктік белгілерді автоматты түрде үйрену қабілетінің арқасында компьютерлік көру саласында кеңінен қолданылады [13]. Математикалық тұрғыдан $\boldsymbol{I}$ кескінінің $\boldsymbol{K}$ ядросымен дискретті конволюциясы (1) теңдеуімен анықталады:

$$S(i,j) = (I \cdot K)(i,j) = \sum_m \sum_n I(i-m, j-n) K(m,n) \quad (1)$$

мұндағы $S(i,j)$ - шығыс белгілер картасы (feature map), ал m мен n - конволюциялық ядроның кеңістіктік индекстері.

Кескіндерді жіктеуде бүкіл кескін үшін бір класс анықталса, семантикалық сегментацияда әрбір пиксель жеке жіктеледі. Бұл шығыс қабатында кеңістіктік ақпараттың сақталуын талап етеді, сондықтан толық байланысқан қабаттардың орнына 1×1 конволюциясы қолданылады.

DeepLabv3+ архитектурасы [14] параметрлер санын көбейтпестен нейронның қабылдау өрісін кеңейтуге мүмкіндік беретін кеңейтілген (атрозды) конволюцияларға негізделеді. Атрозды конволюцияның шығыс сигналы y, сүзгі w арқылы өңделген кезде әрбір i пикселі үшін (2) теңдеуімен сипатталады:

$$y[i] = \sum_{k=1}^{K} x[i + r \cdot k] w[k] \quad (2)$$

мұндағы x - кіріс сигналы, $w[k]$ - сүзгі коэффициенті, r - сүзгі элементтері арасындағы арақашықтықты анықтайтын дилатация коэффициенті. Көпмасштабты белгілерді бөліп алу үшін модель атрозды кеңістіктік пирамидалық пулинг модулін (Atrous Spatial Pyramid Pooling, ASPP) пайдаланады. ASPP модулінде әртүрлі r мәндерімен бірнеше параллель конволюция орындалады, олардың нәтижелері кейіннен біріктіріліп, ортақ белгілер көрінісін қалыптастырады.

Сегментация шекараларының жоғары дәлдігі энкодер-декодер архитектурасы арқылы қамтамасыз етіледі: энкодер кескіннің семантикалық ерекшеліктерін бөліп алса, декодер жоғалған кеңістіктік ақпаратты қалпына келтіреді. Сонымен қатар, DeepLabv3+ архитектурасында стандартты конволюциялық қабаттардың орнына тереңдік бойынша бөлінетін конволюциялар (depthwise separable convolutions) қолданылады. Бұл тәсіл мұнаймен ластанған учаскелерді анықтау дәлдігін сақтай отырып, модельдің есептеу күрделілігі мен параметрлер санын едәуір азайтуға мүмкіндік береді.

Mask2Former - әмбебап сегментация тапсырмаларын орындауға арналған заманауи мета-архитектура [15]. Әдіс трансформер негізіндегі декодер арқылы маскаларды жіктеу принципіне негізделген. Оның негізгі компоненті - назар аудару аймағын нақты сегменттермен шектейтін бүркемеленген назар механизмі (3):

$$X_l = Softmax\left(M_{l-1} + Q_l K_l^T\right) V_l + X_{l-1} \quad (3)$$

мұндағы X_l – l қабатының кіріс белгілері, l, Ql, Kl, Vl - сәйкесінше сұраулар, кілттер және мәндер матрицалары.

(3) теңдеудегі M_{l-1} маскасы назар аудару матрицасын басқарып, назардың тек болжанған маска ішіндегі белгілерге бағытталуын қамтамасыз етеді (4):

$$M_{l-1}(x,y) = \begin{cases} 0, & \text{if } M_{l-1}(x,y) = 1 \\ -\infty, & \text{otherwise} \end{cases} \quad (4)$$

Мұндағы $m_{l-1} \in \{0,1\}$ декодердің ағымдағы қабатындағы белгілер карталарының масштабына келтірілген мақсатты класстың екілік маскасы.

Эксперименттерді жүргізу шарттары. Жұмыста PyTorch ашық бастапқы бағдарламалық кітапханасы қолданылды [16]. Барлық есептеу эксперименттері NVIDIA Quadro RTX 5000 графикалық процессорларында жүргізілді. Кіріс кескіндер 512×512 пиксель өлшеміне келтірілді, әрі әрбір арна бойынша орташа мәндері [123.675; 116.28; 103.53] және стандартты ауытқулары [58.395; 57.12; 57.375] болатындай нормаланды. Бұл алдын ала өңдеу қадамы оқыту процесінің жинақталуын жеделдетуге және модельдің тұрақты оқытылуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Модельдердің тұрақтылығы мен жалпылау қабілетін арттыру үшін деректерді аугментациялау әдістері қолданылды: кескіндерді 50…200% диапазонында кездейсоқ масштабтау; фондық кластардың басымдығын азайту үшін фрагменттерді ең үлкен коэффициенті 0.75 болатын кездейсоқ кесіп алу (random cropping); әртүрлі

жарықтандыру және сыртқы орта жағдайларына ұқсас кескін алу үшін көлденең шағылыстыру, сондай-ақ жарықтық пен түсті өзгерту.

1-кестеде әр класс үшін пиксельдер саны көрсетілген. «Мұнай» класы элементтердің жалпы санының 2.45%-ын құрайды (фон класын есепке алмағанда). Деректер жинағында кластардың елеулі теңгерімсіздігі байқалады: «мұнай» класында 70 682 248 пиксель бар, ал «топырақ» класында 1 218 895 998 пиксель бар (1-кесте).

Кесте 1

ROSID-HR деректер жинағындағы әрбір класс пиксельдерінің саны

Реті	Класс атауы	Пиксельдер саны
1	Мұнай	70 682 248
2	Бұлттылық	435 260
3	Көлеңке	730 402
4	Су	2 046 640
5	Урбандалған аумақ	22 534 446
6	Топырақ	1 218 895 998
7	Өсімдік жамылғысы	7 525 947
8	Егіздер	412 174
9	Жол	5 188 482
10	Фон	1 554 964 723

Бұл теңгерімсіздік деректердің табиғи біркелкі еместігімен түсіндіріледі, өйткені ластанған учаскелердің ауданы фондық топырақ жамылғысымен салыстырғанда айтарлықтай аз. Деректерді жасанды түрде теңгерімдеуден бас тарту деректердің шынайы таралуын сақтау және модельдің жалпылау қабілетін төмендетпеу мақсатында жүзеге асырылды. Қазіргі теңгерімсіздік өңірдің нақты жағдайын дәл бейнелейді.

Оқыту конфигурациясы. Батч өлшемі 4-ке тең етіп белгіленді. Қайта оқыту әсерлерінің алдын алу үшін InfiniteSampler құралы қолданылды, ол деректердің үздіксіз кездейсоқ араластырылуын қамтамасыз етті. Алдын ала өңдеу процесі тікелей DataLoader деректер жүктеушісіне біріктірілді, бұл есептеу тізбегіндегі кідірістерді барынша азайтуға мүмкіндік берді.

Модельдерді оптимизациялау Adam алгоритмі негізінде, бастапқы оқыту жылдамдығы 0.001 мәнінде жүзеге асырылды. Шығын функциясы ретінде кластар теңгерімсіздігіне төзімді кросс энтропия қолданылды. Модельдердің архитектуралық ерекшеліктеріне байланысты итерациялар саны жекешелендірілді: конволюциялық DeepLabv3+ моделі үшін 40 000 итерация белгіленді, бұл оның индуктивті ауытқуының (inductive bias) жоғары болуына байланысты толық конвергенцияға жетуіне жеткілікті болды. Ал трансформерлік Mask2Former моделі үшін итерация саны 60 000-ға дейін арттырылды, бұл оның назар аудару механизмінің (attention mechanism) күрделілігімен және маскаларды венгерлік сәйкестендіру (bipartite matching) процедурасының баяу тұрақтануымен түсіндіріледі. Осылайша, екі модель де өзінің максималды потенциалды мүмкіндігіне жеткен сәтте өзара салыстырылды.

Валидация және тестілеу конфигурациясы.Объективті бағалауды қамтамасыз ету үшін батч өлшемі 1 мәніне тең етіп белгіленді. Кескіндер геометриялық бұрмаланусыз 512×512 пиксель өлшеміне дейін масштабталды. DefaultSampler араластырусыз қолданылды, бұл нәтижелердің қайталанымдылығын қамтамасыз етті.

Бағалау метрикалары. Кластардың айқын теңгерімсіздігі жағдайында сегментация сапасын сандық талдау үшін компьютерлік көрудің стандартты метрикалар жиынтығы пайдаланылды [17...19]:

- IoU (қиылысудың бірігуге қатынасы) болжанған маска мен эталондық белгілеу арасындағы сәйкестік өлшемі болып табылады және олардың кеңістіктік қабаттасу дәрежесін көрсетеді.
- Accuracy (жалпы дәлдік) кескіндегі пиксельдердің жалпы санынан дұрыс жіктелген пиксельдердің үлесі.
- Precision (нақтылық) модельдің фондық немесе ұқсас нысандарды (мысалы, көлеңкелер немесе ылғалды учаскелер) қате жатқызу жиілігін төмендету қабілетін сипаттайды.
- Recall (толықтық) модельдің барлық нақты ластану учаскелерін өткізіп алмай анықтау қабілетінің сипаттамасы.
- F1-өлшемі Precision және Recall көрсеткіштерінің гармониялық орташа мәні ретінде жалған позитивтер мен жалған негативтер арасындағы теңгерімді бағалайтын метрика.

3. НӘТИЖЕЛЕР ЖӘНЕ ТАЛҚЫЛАУ

Арналардың оңтайлы конфигурациясын таңдау. Зерттеудің негізгі кезеңдерінің бірі – мұнай ластануларын анықтау үшін PlanetScope түсірілімдерінің спектрлік арналарының ең тиімді үйлесімін айқындау болды. Әртүрлі арна композиттері сыналып, мынадай нәтижелер алынды:

Композит 8-4-3 (NIR, Green, Green I). Бұл үйлесім өсімдік жамылғысын мониторингілеу үшін стандартты түрде қолданылғанымен, құрлықтағы мұнайды сегменттеу есебінде өте төмен сезімталдық көрсетті. Метрикалардың мәндері (IoU: 2.09%, Recall: 2.17%) осы арналар жиынтығының мұнай мен топырақ арасында жеткілікті контраст бермейтінін және мақсатты нысандардың жаппай өткізіп алынуына әкелетінін көрсетеді.

Композит 8-7-5 (NIR, Red-Edge, Yellow). Бұл комбинация жоғары нақтылық көрсетті (Precision: 68.1%), алайда төмен толықтыққа ие болды, яғни модель мұнаймен ластанған аумақтардың едәуір бөлігін елемейді.

Композит 6-4-8 (Red, Green, NIR). Бұл арналар үйлесімі негізгі көрсеткіштердің жақсаруына әкелді әрі бастапқыда ең оңтайлы ретінде қарастырылды. Көрінетін диапазон арналары (Red, Green) мен жақын инфрақызыл (NIR) арнасының бірлескен қолданылуы кластарды спектрлік тұрғыдан тиімді ажыратуды қамтамасыз етті. NIR арнасы ылғал ұстайтын құрылымдар мен мұнай өнімдерін бөліп алу үшін маңызды болып шықты, ал Red және Green арналары қоршаған топырақ пен жол желісімен қажетті контраст жасады. Бұл композит дәлдік (62.28%) пен толықтық (34.09%) арасында жақсы тепе-теңдікке қол жеткізуге мүмкіндік берді әрі «мұнай» класы үшін IoU мәнін (28.26%) көрсетті. Осы композит пен алынған бағалаулар қорытынды конфигурацияны іздеудегі маңызды кезең болды.

Композит 2-6-8 (Blue, Red, NIR). Көк арнаны (Blue) қызыл (Red) және жақын инфрақызыл (NIR) арналармен үйлестіру мұнаймен ластанған аумақтарды жер беті мен табиғи көлеңкелерден тиімді ажыратуды қамтамасыз етті. Бұл композит «мұнай» класы үшін ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік берді. Нақтылық (Precision) 63.29% болды, толықтық (Recall) 46.13%-ке дейін өсті, ал қорытынды IoU мәні 36.4%-бен ең жоғары деңгейге жетті. Осылайша, бұл композит модельдерді оқыту және қорытынды валидациялау үшін оңтайлы ретінде таңдалды.

DeepLabv3+ архитектурасының нәтижелері. ASPP механизмін пайдалана отырып көпмасштабты контекстті қамтитын DeepLabv3+ архитектурасының тиімділігі валидация және финалдық тестілеу кезеңдерінде бағаланды. «Мұнай» класы үшін валидациядағы IoU мәні 30.08% болды, бұл ретте дәлдік (Precision: 44.19%) мен толықтық (Recall: 48.5%) арасындағы тепе-теңдік жалған оң дабылдардың орташа үлесін көрсетеді (2-кестені қараңыз).

Кесте 2

DeepLabv3+ архитектурасының валидациялық деректердегі метрикалары

Класс	IoU (%)	F1-өлшемі (%)	Precision (%)	Recall (%)
Мұнай	30.08	46.25	44.19	48.50
Бұлттылық	0.00	nan	nan	0.00
Көлеңке	0.00	nan	nan	0.00
Су	0.00	nan	nan	0.00
Урбандалған аумақ	0.00	nan	nan	0.00
Топырақ	96.61	98.28	96.88	99.72
Өсімдік жамылғысы	0.00	nan	nan	0.00
Егіздер	0.00	nan	nan	0.00
Жол	0.00	nan	nan	0.00
Фон	99.48	99.74	99.71	99.77

«Топырақ» (IoU: 96.61%) және «фон» (IoU: 99.48%) кластары үшін жоғары дәлдік модельдің фондық беттерді жіктеудегі тұрақтылығын растайды. Алайда «урбандалған аумақ», «жол» және «өсімдік жамылғысы» кластары үшін нөлге ұмтылатын тым төмен метрика мәндері архитектураның шағын өлшемді немесе спектрлік тұрғыдан күрделі нысандардың белгілерін дұрыс бөліп ала алмайтынын көрсетеді. Бұл DeepLabv3+ конволюциялық негізінің айқын кластар теңгерімсіздігі жағдайында сирек кездесетін класстарды басым «топырақ» класы есебінен басып тастау (class collapse / dominance) тенденциясына бейім екенін көрсетеді.

Тестілік деректер жиынына көшкен кезде сапа көрсеткіштерінде айқын өзгеріс байқалады. Нәтижелерге сәйкес (3-кестені қараңыз), «мұнай» класы үшін толықтық (Recall) көрсеткіші 58.73%-ке дейін өсті, бұл модельдің ластанудың үлкен ауданын анықтай алу қабілетін көрсетеді.

Кесте 3

DeepLabv3+ архитектурасының тестілік деректердегі метрикалары

Класс	IoU (%)	F1-өлшемі (%)	Precision (%)	Recall (%)
Мұнай	21.63	35.57	25.51	58.73
Бұлттылық	nan	nan	nan	nan
Көлеңке	nan	nan	nan	nan
Су	0.00	nan	nan	0.00
Урбандалған аумақ	0.00	nan	nan	0.00
Топырақ	96.89	98.42	97.16	99.71
Өсімдік жамылғысы	0.00	nan	nan	0.00
Егіздер	0.00	nan	nan	0.00
Жол	0.00	nan	nan	0.00
Фон	99.53	99.76	99.83	99.7

Екінші жағынан, бұл дәлдіктің (Precision) 25.51%-ке дейін күрт төмендеуімен қатар жүріп, IoU көрсеткішінің 21.63%-ға дейін азаюына әкелді. Мұндай алшақтық, жол желісін тану сапасының төмендігімен бірге, модельдің спектрлік шуылдарға жоғары сезімталдығы туралы болжамды растайды. Басқаша айтқанда, жол элементтері мен көлеңкелер қате түрде мұнай дақтары ретінде жіктеледі.

Mask2Former архитектурасының нәтижелері. Әмбебап маска сегментациясы механизмі мен назар (attention) стратегияларын пайдаланатын Mask2Former архитектурасын қолдану нысандарды анықтау дәлдігінің айтарлықтай артуына әкелді.

Валидация кезеңінде (4-кестені қараңыз) Mask2Former моделі DeepLabv3+-пен салыстырғанда жақсы нәтижелер көрсетті. IoU мәні «мұнай» класы үшін 64.6%-ке дейін өсті. Дәлдік (Precision: 73.42%) пен толықтықтың (Recall: 84.33%) жоғары көрсеткіштері мұнай ластануларының белгілерін бөліп алу үшін пайдаланудың тиімділігін растайды.

Кесте 4

Mask2Former архитектурасының валидациялық деректердегі метрикалары

Класс	IoU (%)	F1-өлшемі (%)	Precision (%)	Recall (%)
Мұнай	64.6	78.49	73.42	84.33
Бұлттылық	1.64	3.23	81.96	1.65
Көлеңке	39.69	56.82	48.68	68.25
Су	50.98	67.54	65.25	69.99
Урбандалған аумақ	84.85	91.81	92.03	91.59
Топырақ	98.5	99.24	99.1	99.39
Өсімдік жамылғысы	23.68	38.29	53.97	29.67
Егіздер	4.68	8.94	12.17	7.07
Жол	38.11	55.18	58.76	52.02
Фон	99.91	99.95	99.96	99.95

DeepLabv3+-пен салыстырғанда Mask2Former архитектурасы кластарды сегменттеуде жоғары ажырату қабілетін көрсетті. «Урбандалған аумақ» (IoU: 84.85%) және «су» (IoU: 50.98 %) кластарын сәтті анықтау трансформерлік архитектураның фондық шуылдың әсерін басу қабілетін көрсетеді. «Жол» класы сегментациясының жақсаруы маңызды жетістік болды (IoU: 38.11%), өйткені модель жол төсемі мен мұнаймен ластанған аумақтарды сәтті ажырата бастады, бұл бұрын жалған дабылдардың себебі болатын.

Тестілік деректер жиынындағы нәтижелер (5-кестені қараңыз) архитектураның тұрақтылығын растады: «мұнай» класы үшін IoU көрсеткіші 69.73%-ке дейін өсті, ал толықтық (Recall) 93.78%-ке жетті. Дәлдік (Precision: 73.12%) мәнінің тұрақтылығы модельдің фрагменттелген және төмен контрастты мұнаймен ластанған аумақтарды сенімді түрде анықтай алатынын айғақтайды, бұл жоғары Recall көрсеткішімен қатар байқалады. «Топырақ» (IoU: 98.95%) және «урбандалған аумақ» (IoU: 87.18%) кластары бойынша тұрақты жоғары нәтижелер модельдің әртүрлі ландшафт сценарийлерінде сенімді жұмыс істейтінін көрсетеді.

Кесте 5

Mask2Former архитектурасының тестілік деректердегі метрикалары

Класс	IoU (%)	F1-өлшемі (%)	Precision (%)	Recall (%)
Мұнай	69.73	82.17	73.12	93.78
Бұлттылық	0.00	nan	0.00	nan
Көлеңке	0.00	nan	0.00	nan
Су	41.77	58.92	80.53	46.46
Урбандалған аумақ	87.18	93.15	93.36	92.94
Топырақ	98.95	99.47	99.36	99.58
Өсімдік жамылғысы	12.46	22.16	52.64	14.03
Егіздер	3.09	5.99	11.19	4.09
Жол	38.07	55.14	60.93	50.36
Фон	99.95	99.97	99.97	99.98

Сегментация нәтижелерін визуалды салыстыру. Planet спутниктік деректері бойынша сегментация нәтижелерінің 2020 жылғы маусым мен 2024 жылғы қыркүйек айларындағы визуалды салыстыруы 2 және 3-суреттерде келтірілген.

Бастапқы жазғы мозаикада (2а-сурет) мұнай ластануына сәйкес келетін, «мұнай көлі» деп аталатын ірі қою түсті аймақ ерекшеленеді. Бұдан басқа, 2а-суретте су, инфрақұрылым элементтері және топырақ аймақтары да айқын көрінеді. 2б-суретте эталондық белгілеу ретінде қолданылған және негізгі сегментация кластарын қамтитын аннотацияланған кескін көрсетілген. Конволюциялық DeepLabv3+ моделі мұнай ластануының негізгі аймағын тұтастай дұрыс бөліп көрсетеді (2в-сурет), алайда жекелеген кластарды қате жіктеу жағдайлары байқалады. Нақты айтқанда, жалған мұнай белгілері бар, ал «урбандалған аумақ» және «су» кластарымен сәйкес келетін объектілер анықталмаған. Mask2Former моделі DeepLabv3+-пен салыстырғанда мұнай ластануы шекараларын дәлірек сәйкестендіреді, сондай-ақ урбандалған аймақ, су беттерін және жол желісін дұрысырақ ажыратады.

Дешифрлеудің ұқсас нәтижелері 2024 жылға арналған деректерде де тіркелді (3-сурет). Осы екі суретті визуалды талдау екі модельдің де мұнай ластануының негізгі аймақтарын анықтай алатынын көрсетеді. Алайда DeepLabv3+ моделі бойынша сегментация нәтижелерін егжей-тегжейлі қарастыру (2в-сурет, 3в-сурет) «мұнай» класы контурларының бұлыңғырлығын және мұнай аймағының өз ішіндегі «фон» класы артефактілерінің болуын анықтайды. Ал Mask2Former моделі (2г-сурет, 3г-сурет) кластарды анағұрлым айқын әрі нақты шекаралармен сегментациялайды. Бұған қоса, кескіннің ғаламдық контекстін ескеру қабілетінің арқасында Mask2Former архитектурасы ластану аймақтарын тұтас нысандар ретінде қабылдайды, бұл мұнай ластануын өсімдік жамылғысы, инфрақұрылым элементтері және көлеңкелер сияқты спектрлік тұрғыдан ұқсас кластардан барынша жақсы ажыратуға мүмкіндік береді әрі жалған детекциялар санын барынша азайтады.



Сурет 2. *2020 жылғы маусымдағы сегментация нәтижелерін салыстыру: а) бастапқы кескін, б) аннотацияланған кескін, в) DeepLabv3+ моделі бойынша сегментация, г) Mask2Former моделі бойынша сегментация*



Сурет 3. *2024 жылғы қыркүйектегі сегментация нәтижелерін салыстыру: а) бастапқы кескін, б) аннотацияланған кескін, в) DeepLabv3+ моделі бойынша сегментация, г) Mask2Former моделі бойынша сегментация*

Талқылау. Жүргізілген зерттеуде алынған нәтижелер трансформерлік Mask2Former архитектурасының классикалық конволюциялық DeepLabv3+ желісінен сандық метрикалар бойынша да, нысан шекараларын бөліп алу сапасы бойынша да тұрақты түрде басым екенін растады. «Мұнай» мақсатты класы үшін тестілеуде Mask2Former моделі 69,73%-ке тең IoU көрсетті, ал DeepLabv3+ үшін бұл көрсеткіш небәрі 21,63% болды. Мұндай айырмашылық практикалық тұрғыдан маңызды, өйткені анықтау дәлдігі кейінгі рекультивацияның көлемі мен құнын есептеуге тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, бұл зерттеуде байқалған трансформерлік тәсілдердің мақсатты кластарды сегментациялаудағы жоғары тиімділігі Чэн және әріптестерінің [14] компьютерлік көру есептеріндегі трансформер архитектураларының артықшылықтары туралы тұжырымдарымен сәйкес келеді.

Mask2Former архитектурасының қосымша артықшылығы спектрлік тұрғыдан ұқсас кластарға -жолдарға, көлеңкелерге және урбандалған нысандарға - жоғары төзімділігі болып табылады, бұл DeepLabv3+ моделінде жалған дабылдардың негізгі себебі болып табылды. Асфальт, ылғалды топырақ және ғимараттардың көлеңкелері жекелеген арналарда ұқсас жарықтық мәндеріне ие болуы мүмкін, сондықтан DeepLabv3+ моделі жағдайындағыдай жергілікті спектрлік контрастылыққа сүйенсе, қателік ықтималдығы күрт артады. Mask2Former-дегі ғаламдық контекстті пайдалану нысандардың пішінін, олардың қоршауын кеңістіктік құрылымын ескеруге мүмкіндік береді. Осылайша, Mask2Former моделінің барлық кластар бойынша жиынтық көрсеткіштердегі басымдығы кездейсоқ емес: ол дәл осы ең күрделі және практикалық маңызы зор кіші тапсырманы - «мұнай» класын спектрлік тұрғыдан жақын «топырақ» және «көлеңке» кластарынан ажыратуды - едәуір жақсы шешуінен туындайды.

Спектрлік сипаттамаларды талдау сегментация тиімділігінің PlanetScope арналарының үйлесіміне тікелей тәуелді екенін көрсетті. Атап айтқанда, эксперименттер Blue, Red, NIR (2, 6, 8 арналары) үйлесімінің ең жақсы нәтиже беретінін көрсетті. Бұл, бәлкім, көк арнаның топырақ пен мұнай арасындағы айырмашылыққа сезімталдығымен, сондай-ақ қызыл және жақын инфрақызыл арналардың органикалық заттардың болуына

реакциясымен байланысты түсіндіріледі. Олардың үйлесімі анағұрлым тұрақты және дискриминативті спектрлік белгілерді қалыптастырады.

Жұмыстың практикалық құндылығы мұнай кәсіпшілігі аумақтарын жүйелі бақылау мүмкіндігінде. Бұл әсіресе қол жеткізуі қиын немесе кең байтақ аудандар үшін өзекті.

Сонымен бірге, ұсынылған зерттеудің кейбір шектеулері бар. Біріншіден, модель белгілі бір кен орындарының деректерінде оқытылды, сондықтан оны өзге климаттық және ландшафттық жағдайдағы аумақтарға қолдану қосымша валидацияны талап етеді. Екіншіден, модель сапасы оқыту жинағын қолмен белгілеу дәлдігіне қатты тәуелді, бұл сараптамалық дешифрлеу сатысының маңыздылығын арттырады.

Алдағы уақытта оқыту жиынын әртүрлі мұнай кен орындарының деректері есебінен кеңейту, сондай-ақ төрттен астам спектрлік арнаны тікелей пайдаланатын архитектураларды әзірлеу жоспарланып отыр. Бұл мұнаймен ластанған аумақтардың тозу және кейіннен қалпына келу процестерін егжей-тегжейлі қадағалауға мүмкіндік береді.

4. ҚОРЫТЫНДЫ

Осы зерттеу шеңберінде PlanetScope жоғары ажыратымдылықтағы спутниктік түсірілімдері негізінде мұнаймен ластанған аумақтарды анықтауға арналған терең оқыту архитектураларына салыстырмалы талдау жүргізілді.

